

# ҚАЗАҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАРЫ 4/2015

Журнал 2008 жылдан бастап шығады

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

*ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА. ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ ТАРИХЫ.  
ЭТНОПЕДАГОГИКА*

*ОБЩАЯ ПЕДАГОГИКА. ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАНИЯ.  
ЭТНОПЕДАГОГИКА*

Сарсекеев Б.С.	К проблеме отбора содержания.....	6
Байдрахманов Д.Х.	Шетел тілін оқыту барысындағы танымдық белсенділіктің студенттердің білім деңгейін көтеруіне әсері.....	10
Жусупова Ж.А.	Жеке тұлғаның танымдық қызығушылығын білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында қалыптастыру мәселелері....	15
Исмаилова Г.К. Фоминых К.И.	Современные лексикографические источники неологизмов английского языка.....	20
Аллагулов А.М. Аллагулова И.Н.	Семья и образовательные организации: региональный опыт взаимодействия.....	26
Саипов А. Пошаев Д.Қ. Абуов Ә.Е.	Адами капитал - интеллектуалдық секіріс кепілі.....	31
Тлегенова К.А. Айкенова Р.А. Досанова А.Ж.	«Жобалау тәсілі», «жобалау оқу әрекеті», «жобалау технологиясы» түсініктерінің арақатынасы.....	36
Болотова М.И. Кузьменко Р.В.	Культуротворческая компетентность обучающегося: актуальность и пути решения.....	42
Досанова А.Ж. Тлегенова К.А.	«Көпмағыналы сөздер» тақырыбын өзге ұлттарға жобалау әдісі арқылы оқыту.....	48
Pyassova A.U.	Units of phraseology and classification principles of phraseological units.....	53
Бурганова Р.И. Ярышева Я.А.	Повышение жизнестойкости подростков как профилактика суицида.....	59
Мурзина С.А. Нәби Л.	Бастауыш сынып оқушыларының дарындылығын дамыту мәселелері.....	63

Ещанова Ә.Қ.		
Кабдушева А.Б. Исыпова Н.В.	Критерии оценивания продуктивной творческой речи студентов при обучении иностранному языку как основному курсу специальности.....	66
Берлібай А.Б.	Использование интерактивных технологий при формировании устойчивой мотивации к изучению английского языка и интереса к профессии учителя у студентов языковых специальностей.....	71
Михалева Е.С.	Развитие потенциала одаренных детей в контексте персонифицированного подхода.....	77
Кусаинова Ж.Д. Аязбаева А.Т.	Теоретико – методологические основы формирования профессиональной компетентности у будущих студентов педагогических специальностей.....	81
Джексембаева Г.С.	Компетентностный подход как совокупность общих принципов отбора содержания образования.....	86

---

**ТАРИХ**  
**ИСТОРИЯ**

Кенжебаев Н.Т. Бектемисова В.А.	Роль национальной интеллигенции в политической жизни казахского общества в начале XX века.....	93
------------------------------------	--	----

---

**ПСИХОЛОГИЯ**

Шерьязданова Х.Т. Аралбаева Р.К.	Реалии и перспективы подготовки специалистов для социальной сферы в Республике Казахстан.....	100
-------------------------------------	---	-----

---

**ФИЛОЛОГИЯ**

Боранбаев С.Р.	Ортағасырлық түркі дүниесіне қатысты кавказсырты жеріндегі жазбалар.....	107
Машкова С.Н.	Тема дома в романе М.А. Булгакова «Белая гвардия» как основополагающий архетип человеческой культуры.....	112
Әбдіғалиева Т.Ә. Шаяндина А.О.	Жер бедері атауларындағы танымдық метафоралардың көрінісі .....	118
Мәмбетов Ж.О. Райнбекова Г.С.	Ақын Светқали Нұржан лирикасының көркемдік ерекшелігі.....	122

Шормақова А.Б. Абденова К.К. Шадқам З. Сәлімхан А.	Бастауыш сыныпта халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытудың әдіс-тәсілдері.....	129
	Қазақ және түрік тілдеріндегі салмақ пен көлем өлшем атауларының қолданылу ерекшеліктері.....	132
Шақаман Ы. Б.	Тілдік гештальт.....	136
Абылова Г. Е.	Қазақ тілінде фразеологизмдердің сөйлемді мазмұндық жағынан кеңейту ерекшеліктері.....	142
Жұмағұлов С.Б. Жұмағұлов А.Б. Алимбаев А.Е.	Рахманқұл Бердібай - әдебиетші ғалым.....	146
Кеменгер Қ.	Қазақ түркітану ғылымының тарихындағы алаш кезеңі.....	152
Шаймарданова С. К. Машрапова Г. К.	Молодежный сленг и проблема чистоты языка.....	158

### **ЭКОНОМИКА**

Тажигулова А.Ж. Исаева Б.К.	Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді талдау және бағалау.....	163
--------------------------------	--	-----

### **ҚҰҚЫҚТАНУ**

#### **ЮРИСПРУДЕНЦИЯ**

Возняк О.А. Умаров А.С.	Посягательства на половую свободу и половую неприкосновенность несовершеннолетних, сексуальные девиации.....	168
Сактаганова И.С. Аябекова М.Н.	ҚР әлеуметтік қамсыздандырудың құқықтық реттелуінің кейбір мәселелері.....	176
Сұлейменова А.Ы.	Отдельные вопросы предмета уголовного правонарушения.....	182

### **ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС**

#### **СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА**

Абзалова Р.А. Турсынбекова Ж. Д.	Внедрение клиенториентированной модели профессиональных компетенций социального работника при оказании социальных услуг в сфере здравоохранения на примере социальной службы центра семейного здоровья «Демеу» г. Астаны.....	188
-------------------------------------	---	-----

### **ҒАЛЫМ СӨЗІ**

#### **СЛОВО УЧЕНОГО**

Мазилев В.А.	Фундаментальная наука о психике: 500 лет под именем психология.....	194
--------------	---	-----

УДК 371.671.1

## **К ПРОБЛЕМЕ ОТБОРА СОДЕРЖАНИЯ**

**Б.С. САРСЕКЕЕВ**

доктор педагогических наук,  
заведующий кафедрой педагогики,  
Евразийский гуманитарный институт

### **Аннотация**

В статье рассматриваются проблемы отбора содержания в школьный учебник истории.

*Ключевые слова:* учебник истории, программа обучения, знания, умения, отбор содержания, знаниецентрический подход, компетентностный подход.

История как предмет имеет стратегическое значение, так как формирует мировоззрение подрастающего поколения. В этом смысле школьный учебник истории играет важную роль в формировании исторического сознания будущих граждан страны.

Создание учебника – дело творческое и никакие теории не в состоянии решить конкретные вопросы, возникающие при его написании. В подготовке учебника в зависимости от задач существуют два подхода, которые на выходе дадут два разных учебника. Одна задача – *учить последовательно представлять исторические события*, другая – *учить понимать современные события через призму прошедших исторических событий*. При первом, назовем его знаниецентрическим, подходе акцент ставится на раскрытие содержания учебного материала, реализуется функция передачи знаний. Второй подход – *учить понимать современные события через призму прошедших исторических событий*. Это компетентностный подход.

Однако на содержание учебников влияют ГОСО, базисный учебный план и программы. Например, в программе 5 класса зафиксировано следующее: «каменный век на территории Казахстана, палеолит - древнекаменный век, древнейшие орудия труда, человеческое стадо, природа, климат, оледенение, мезолит - среднекаменный век, потепление, отступление ледника, изобретение лука и стрел, бумеранга для охоты на мелких быстроногих животных, индивидуальная охота, появление новых орудий труда, неолит - новокаменный век, микролитическая культура, становление скотоводства и земледелия» и т.д. [1]. Такое обозначение базового содержания учебного материала обусловило подробное изложение в учебнике темы каменного века, делением его на верхний и нижний палеолит, мезолит, неолит, энеолит [2]. Слишком подробно для пропедевтического курса изучается и бронзовый век, так, деления эпохи бронзы на ранний, средний, поздний периоды [2, с. 21] нет даже в учебнике 6 класса, где подробно изучается этот период.

Следует подчеркнуть, что данный материал предлагается в курсе пропедевтики, смысл которого состоит в том, чтобы на раннем этапе перед систематическим изучением истории закрепить в ребенке не критическое восприятие представления о том, что Родина является высшим идеалом человека. Акцент на информацию проявляется в перечислении дат, географических наименований, названий городов, имен исторических личностей, статистических и других формализованных знаний. Предметно-научное описание идет в ущерб воспитательным, этическим аспектам истории. Например, в §8 «Древние тюрки на территории Казахстана» для запоминания выделено 15 новых терминов; в §10 перечислено 14 городов; в §24 «Установление Советской власти в Казахстане» 13 новых слов и понятий, некоторые из которых даны без объяснения, например, «революция». Только в §12 и §18 мы насчитали **131 слово**, выделенное курсивом для запоминания [2]. Уместно отметить, что исследователи рекомендуют рассматривать на одном уроке не более 3-4 новых понятий.

Низкое качество информации, ее перегруженность может привести к потере ценностных ориентаций и подмене предмета изучения, как это произошло с учебником «Истории древнего Казахстана», где в первом же параграфе выделено 13 новых терминов: *палеолит, мезолит, неолит, древнекаменный век, олдувай, ашель, мустье, австралопитек, «человек умелый», питекантроп, синантроп, неандерталец, Тешикташ* и 20 дат, которые надо запомнить [3]. Учебник представляет собой собрание многочисленных археологических сведений о прошлом, иногда противоречивых данных. Приведем несколько примеров. В начале учебника говорится: «Человекоподобные существа обитали 2,5 миллионов назад» (повидимому пропущено слово «лет») с указанием места Олдувай, а в конце учебника приводится информация по Олдувай: «найлены останки скелета «человека умелого», жившего 1 млн. 750 тысяч лет до н.э.» [3, с.9, 204].

На стр. 18 открытие огня относится к мустьерскому периоду (а это 140-40 тысяч лет до н.э. как указано на стр. 9), а на стр. 205 указано, что «в период раннего и среднего палеолита древние люди научились разжигать огонь», что возраст стоянки, где разжигали огонь 1 млн. 500 тысяч лет [3, с.18, 205].

В путанице с датами трудно будет разобраться без дополнительных источников: на стр.45 бронза появилась «в 3000-1800-х годах до н.э.», на стр. 59 выделено цветом в рамке «Эпоха бронзы на территории Казахстана охватывает 2-1 тысячелетие до н.э.», на следующей странице «в середине 2-го тысячелетия до н.э. древние племена Казахстана освоили производство бронзовых изделий», а на стр. 61 даны 3 периода эпохи бронзы с ХУШ по УШ век до н.э. [3].

На стр. 125 говорится: «На территории Казахстана в III веке до н.э. – V веке н.э. сформировались государственные объединения сарматов, гуннов, уйсун, кангюев». Здесь же на полях в рамке выделено: «Эпоха сарматов охватывает период с УШ в. до н.э. – V в. н.э.», а через страницу читаем: «Могущество сарматов в Причерноморье было сокрушено в IV в. н.э. пришедшими с востока гуннами» [3, с.125, 127].

Авторы сами запутались в датах: на стр. 125 говорится: «Памятники уйсунской культуры в основном сосредоточены в Жетысу (Семиречье). Хронологически они относятся к периоду 3 века до н.э. – 4 века н.э., т.е. просуществовали около 800 лет», а на стр. 149 отмечается, что «Название усунь (уйсун) встречается в китайских исторических летописях, начиная со II в. до н.э.», здесь же в цветной рамке дается другая информация: «История уйсун охватывает период с III в. до н.э. по V в. н.э.» [3].

Из-за обилия данных авторы сбились со счета: на стр. 133 написано «Сарматский вождь считается вторым «Золотым человеком», найденным на территории Казахстана», но перед ним уже описаны два золотых человека: чуть ранее на стр. 121: «Этот замечательный памятник известен в науке как «Шиликтинский золотой человек» и на стр.105 «Золотой человек» из Иссыкского кургана [3].

Знаниецентрический подход с перечислением десятков дат, событий, фактов, названий разных вещей и предметов ничего не дает для души, перегружая память ребенка в основном цифровыми данными и археологическими терминами. Основная проблема рассматриваемого учебника – отсутствие людей. Так в описаниях сарматов, уйсунгов, кангюев нет ни одного имени. Получается история без человека, без того, кто собственно и делает историю. Так вымывается духовная сущность истории, ее воспитательный потенциал. Отсутствие людей компенсируется интерпретациями авторов: «Древо жизни, по представлениям уйсунгов, растет на вершине высокой горы и соединяет четыре стороны мира и три части света: место обитания богов и птиц – небесный мир, средний мир – землю – место обитания людей и подземный мир – загробный мир» [3, с. 159]; «мир состоял из трех элементов – небесный мир, подземный мир и земной мир» [3, с. 185].

Следует подчеркнуть, что обучение истории нельзя рассматривать только как передачу информации вне контекста обучения анализу, сравнению, обобщению, умению делать самостоятельные выводы, воспитанию толерантности, формированию и развитию исторического мышления. В основе достижения содержательной адекватности исторического образования мы ставим понятие **«историческая компетентность»**. Под данным понятием представляется индивидуально-личностный результат образования ученика, заключающийся в сформированности опыта решения проблем на основе собственных результатов образования.

Компетентностный подход предполагает наряду с общей исторической грамотностью выпускника развитие способностей решать нестандартные задачи и проблемы, используя приобретенные знания. *Знания* служат фундаментом для усвоения содержания, способствуя формированию *умений*, в которых воплощается деятельность ученика по воспроизведению культуры. На первый план выходят такие качества ученика, как способность разрабатывать гипотезы, проверять их, умение работать над проектами, проявлять инициативу и т.д.

Авторам школьных учебников необходимо переориентироваться с изложения информации на формирования ключевых компетенций, определить основные знания в каждой теме и определить ту часть, которую учащиеся могут усвоить сами. Важную роль здесь играет способ изложения, вопросы и задания. Организация процесса общения, составление разного типа вопросов и заданий важно, так как учащиеся усваивают в первую очередь не объект обучения, а применяемый к нему *способ деятельности*. Для *творческой* деятельности характерно видение проблемы, перенос знаний в новую ситуацию, анализ, построение оригинального решения проблем.

Знания, умения, опыт творческой деятельности тесно связаны с *ценностными ориентациями*, которые необходимо сформировать у школьников. Поэтому содержание текста должно затрагивать не только научную, но и эмоциональную сферу ребенка. Факты без эмоции, без эмоционального сопереживания, отношения к героям, мотивам их поступков снижают воспитательный потенциал истории.

Учебник истории не может быть абсолютно объективным, потому что каждый автор имеет какие-то политические, идеологические, религиозные, национальные и др. взгляды. Поэтому основной целью изучения истории должно быть *овладение*

учащимися инструментариями анализа и интерпретации прошлого. Перед авторами стоит задача не только передать информацию, но, главным образом, указывать подходы к овладению материалом, наметить пути работы учащихся, чтобы дать возможность для организации учебного процесса. Важно представлять разные позиции ученых, политиков, деятелей культуры на изучаемые события, включать исторические, культурные коллизии. Это дает возможность самостоятельно выстраивать аргументацию в поддержку той или иной позиции.

Таким образом, в современных условиях в результате открытости и доступности знаний благодаря инновационным технологиям и Интернету роль учебника будет меняться. Основная ее функцией станет не передача знаний, а формирование компетенции учащихся направленные на обучения критически осмысливать информацию. Отсюда вытекает требование рассмотрения содержания образования в единстве с *системно-деятельностным способом его рассмотрения*.

Системное структурирование историко-педагогического содержания может быть реализовано за счет выделения *ведущих содержательных линий*, способствующих формированию методологических знаний и умений, необходимых для овладения учебными навыками. Такой ведущей линией может быть линия *проблемных текстов*, способная влиять на развитие учебно-познавательной компетенции.

Включения в учебник разных подходов, точек зрения на одни и те же события, явления, факты способствуют пониманию важности существования разных подходов. Включения «инструментальных текстов» формирующих специальные умения, разработка четкой системы разнотипных заданий для усвоения содержания образования позволит обеспечить цели общего образования.

#### Список литературы

1 Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 3 апреля 2013 года № 115. Приложение 40 к приказу Министра образования и науки Республики Казахстан «Типовая учебная программа по предмету «История Казахстана» для 5-9 классов уровня основного среднего образования».

2 Абдыгулова Б.К. и др. Рассказы по истории Казахстана: Учебник для учащихся 5 класса 11-летней общеобразовательной школы / Б.К. Абдыгулова, А.Т. Капаева, Г.К. Кенжебаев. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2015. - 156 с.

3 Толеубаев А.Т. и др. История древнего Казахстана: Учебник для 6 кл. общеобразоват. шк./ А.Т. Толеубаев, Г.Д. Иргебаев. 3-е изд., перераб. – Алматы: Атамұра, 2015. – 224 с.

#### Түйін

Мақалада тарихтан мектеп оқулығының мазмұнын таңдап алу мәселесі қарастырылады.

#### Resume

The author of the article considers the problem of selection of the content in the school history textbook.

## ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚИТУ БАРЫСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУІНЕ ӘСЕРІ

*Д.Х. БАЙДРАХМАНОВ*

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының меңгерушісі,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

### **Аннотация**

Мақалада ағылшын тілін оқыту барысында кездесетін қиындықтар және оларды шешу жолдары қарастырылған. Ағылшын тілін оқыту барысындағы кейбір ерекшеліктер сараланған. Танымдық белсенділікті қалыптасыру арқылы білім жетістігіне жетуге болады деген тұжырым жасалған.

*Түйін сөздер:* жеке тұлға, педагогикалық технология, таным, белсенділік, білім жетістігі, педагогикалық шарттар

Студенттердің артта қалуының алдын алу, қиыншылықтарға тап болғандардың бәріне көрсетілетін әртүрлі көмек-оқу үдерісінің нәтижелілігін қалыптастырудың айқын бағыты. Қазіргі нашар оқитын студенттерге көмектесуде жеке-жеке шараларды қолданудан гөрі барлық студенттердің оқудағы танымдық белсенділігінің шарты ретіндегі жетістіктерін қамтамасыз ететін тұтастай бір жүйе қалыптастыру керек. Сондықтан студенттердің білім деңгейін көтеру мақсатында бірнеше нұсқаны қарастырамыз.

«Жасырын үлгермеушілікті» жеңу. Танымдық белсенділік тек сабақта артта қалған студенттерде ғана төмендемейді. Ол дарынды студенттерде де төмендеуі мүмкін, егер оқытушының сабақ беру деңгейі олардың қабілеттілігі мен қажеттіліктерінен төмен болса. Мұндай жағдайда «жасырын үлгермеушілік» феномені, яғни қабілетті студенттің оқу нәтижелерінің оның мүмкіндіктерімен сәйкес келмеуі пайда болады. Көптеген зерттеулер дарындылық ұғымын кеңейтеді, оның «ақыл-ой күші», «ой өрісінің жоғары көрсеткіші» сияқты бірбеткей түсіндірмесінен әлдеқайда алшақтатып жібереді. Дарындылық ынта-ықыластың тұрақтылығы, мақсаттылық, өз күшіне деген сенім сияқты даралықтың, жеке тұлғалықтың көптеген сипаттамаларынан тұрады. Соңғы жылдары әртүрлі әдістердің көмегімен дарынды студенттерді іздеу өрісі едәуір кеңейді. Жекеменшік және мемлекеттік жоғары оқу орындарында дарынды студенттерді табу мен оқытудың жүйесі қарқынды қалыптасып келе жатыр [1, 19 б.].

Білім берудің қазіргі заманға сай әдістемесін талдайтын болсақ, олардың бәрін, қазіргі қоғамның аса маңызды қажеттіліктеріне жауап беретін, өсіп келе жатқан адамның дамуы мен тәрбие идеясы біріктіріп тұрғанын анықтау қиын емес. Олардың бәрі студентті танымдық іс-әрекеттің және өзіндік дамуының субъектісі ретінде қалыптастыра алады. Өзінің себеп-сылтауларымен, ынтасымен, қажеттіліктерімен, мақсат-мүдделерімен, жан-жақты негізді білімдарлыққа деген талпынысы мен мүмкіндіктерімен қалыптасып келе жатқан жеке тұлға қазіргі дидактиканың орталығына айналады. Оқу мақсаты – адамның білім қазынасын көбейту ғана емес, тіпті адам өзінің аман-есен өмір сүруі үшін сол білімдерді пайдалана алуы да емес. Студентті өз заманына сай, айтарлықтай шығармашылық әлеуеті бар жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқыту керек, ондай жеке тұлға үшін ғылым, білім, эрудиция



қоғамдық құндылықтарды жасау арқылы қоршаған болмысты түрлендіріп, өмір мен басқа органы жақсартудың құралы болып табылады. Ақиқат пен жақсылыққа деген ынтасын ояту, студентті – біздің шәкірттерімізді ақиқатқа жету тәсілдерімен, құнды біліктермен қаруландыру, іс-әрекеті мен көзқарастары арқылы дүние мен адамдарға деген өзінің өнегелік қатынасын білдіре алу – студентке білім беру, дамыту және тәрбиелеу бір арнаға бағыттталып жатқан қазіргі заманғы оқыту үдерісінің мәні, міне, осында. Ең бастысы, қазіргі заманға өз пікіріне берік, жаңа қоғамдық қатынасты дамытушы керек. Идеялық-өнегелілік қоғамдық бағыттылық оның ниетін, ынтасын, өмірлік жоспарын белгілеуі керек. Оқытудың әлеуметтік мақсаттары ағартушылық, дамытушылық және тәрбие іс-әрекеті арқылы жүзеге асады [2, 114 б.].

Жоғарыда аталып өткендердің бәрі ТМД-ның жаңашыл педагогтерінің, шебер оқытушылардың тәжірибесінде көрініс тапқан (Ш.А. Амонашвили, С.Н. Лысенкова, И.П. Волков, В.Ф. Шаталов, К. Нургалиев, Р.Б. Нуртазина, А. Искаков). Олардың жаңашыл ізденістері Кеңес үкіметі кезінде-ақ басталған. Әрбір жаңашыл педагогтің тәжірибесі бірегей болса да, олардың ортақ идеялары да бар, олар:

- студенттерге деген адамгершілік қатынас, әрбір студентті жеке тұлға деп санау;

- студенттің ішкі жан дүниесін, оның мақсат-мүддесін, ынтасын, қабілеттілігін, отбасы жағдайларын тани білу;

- студенттермен қарым-қатынасты дұрыс құра білу, оларды оқу-тәрбиелеу үдерісінің әріптесі қылу, студенттің тілегі мен ынта-ықыласын есепке ала отырып танымдық іс-әрекетке араластыру;

- студенттерге қиынырақ мақсаттар қоя білу және студенттердің сол мақсаттарға жете алу сенімін нығайту;

- студенттер ұжымына сүйену: сабақ-ұжымдық еңбек, оқытушы мен студенттердің ұжымдық шығармашылығы;

- студенттерге мүмкін болған кезде, тапсырмаларды еркін таңдау құқығын бере алу;

- бағдарламалық материалдарды ірі блоктарға біріктіру және тірек сүйеніштерді пайдалану (тірек ишаралар, сызбалар, кестелер және тағы басқалар);

- студенттерге ұжымдық және даралық өзін-өзі тани білу;

- студенттерді ұжымдық, қоғамдық шығармашылыққа үйрету.

Жаңашыл педагогтердің осы идеяларын ынтымақтастық педагогикасында біріктіруге болады. Алайда, ынтымақтастық идеясы жай сөз ретінде қалмас үшін оған әдісті қосу керек.

Жаңашыл педагогтер мен шебер оқытушылар тәжірибесінде оқытудың негізгі формасы – сабаққа ерекше көңіл бөлінеді. Ол айтарлықтай өзгерген және жоғары оқу орындары студенттерінің дербестігін, шығармашылық белсенділігін дамытуға деген бағыттылығына негізделген жаңа формалармен толықтырылған. Сабақтың орнын сақтай отырып, қазіргі жоғары оқу орыны оған жаңа бағыт береді, оны басқа формалармен толықтырады, ол формаларда студент білімінің өз бетінше, дербес «табыскері» ретіндет көрінеді [3, 120 б.].

Студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастырудың жаңа формаларын орынды пайдалана отырып, жаңашыл оқытушы жағдайдың белсендендіру әсерін жүзеге асырады. Олар: студенттердің өз пікірінде тұра алуы; пікірталастарға қатысуы; өз жолдастары мен оқытушысына сұрақ қоя алуы; жолдастарының жауаптарын түзетуі; жолдастарының жауаптары мен жазба жұмыстарын бағалай білуі; артта қалған студенттерді оқытуы; үлгерімі нашар студенттерге түсініксіз жерлерді түсіндіруі; өз бетінше шамасы келетін тапсырмаларды таңдауы; танымдық міндетті (мәселені) шешудің бірнеше түрін табуы; өзін өзі тексеру үшін, өзіндік

танымдық және тәжірибелік әрекеттерін талдау үшін жағдайлар ойластыруы; танымдық міндеттерді шешімнің өзіне белгілі тәсілдерін жинақтап қолдануы.

Жаңашыл педагогтер мен шебер оқытушылар тәжірибесінде оқыту әдістері өзгеріп отырады. Ұзақ уақыт бойында жоғары оқу орындары әдістердің алуан түрлілігін жинақтаған, олар оқыту үдерісінің елеулі бөлігі болып табылады. Алайда олардың ара қатынасы, артықшылығы, нақты толысуы жоғары оқу орнының мақсаттық бағыттарына қарай өзгеріп отырады. Студенттердің танымдық және шығармашылық белсенділігін дамытудың міндеттерін бірінші орынға қою дәстүрлі әдістерге елеулі өзгерістер енгізіп, жаңаларының пайда болуына жағдай жасайды [4, 56 б.].

Ауызша әдістер жоғары оқу орындарында, бұрыннан-ақ, басты орын алып келеді. Оқытушы сөзі, оқулықтар – оқыту үдерісінің бұрыннан келе жатқан құралдары. Алайда, соңғы он жылда олар мәселелік сипатқа ие болып келеді. Мәселелік сипат ақырындап оқулықтар мазмұнын өзгертіп отыр. Фактілерді эпикалық түрде баян етудің орнына оқу материалы көкейкесті ғылыми және әлеуметтік мәселелер төңірегінде топтастырылады, оларды шешудің әртүрлі теориялық әдістері ұсынылып, студенттер үшін мәселелік міндеттер мен сұрақтар тұжырымдалады. Оқулықтар құрылымындағы, оқытушының оқу материалын түсіндіруіндегі жүйелі мәселе қою әдісі оқыту үдерісінде басты орынға ие болып келеді.

Мәселелік әдіс дәстүрлі көрнекілік және техникалық құралдарда да қолданылады. Теле және бейнежазулар, кино және диафильмдер, мультимедиалық кабинеттер жағдайлар мен құбылыстардың жай ғана бейнеленуі емес. Фильмдердегі мәтіндер, мәселелік және пікірталас сұрақтары студенттердің көңілін қарама-қайшылыққа, қоғамдық және табиғи феномендерді ғалымдардың әртүрлі талқылауларына аударады. 40-шы дүниежүзілік конференция 1980 жылдары-ақ өзінің ұсыныстарында «студенттердің ғылыми зерттеулер мен технологиялық даму үдерістеріне қатысу белсенділігін қалыптастыратын лабораториялық, эксперименталды және тәжірибелік сабақтарды кеңінен өткізудің» қажеттілігін атап өткен. Көптеген батыс елдердің жоғары оқу орындарында лабораториялық сабақтарға арналған уақыт екі есе көбейтілген, лабораториялық тапсырмалардың мазмұны эвристикалық сипатқа ие болуда. Қатал ережеге негізделген тапсырмалар, көбінесе, студенттен шығармашылық әдіс пен өзіндік ойлауды керек ететін ізденіс міндеттерімен алмастырылады.

Студенттердің өздік жұмысының, оқыту тәсілі ретінде, студенттердің өздігінен білім алуға, жұмысты жоспарлаудың маңызды дағдыларын қалыптастыруға, оны ұйымдастыру мен өзін-өзі бақылауға, ақпаратты талдау мен сараптауға, жалпы қорытынды жасауға, жұмысқа тиісті түзетулер енгізуге дайындығы үшін маңызы өте зор. Өздік жұмыстың дәстүрлі түрі – үй жұмысы, оны студент оқытушының көмегінен жасайды. Кейде тапсырма ерекше материал жинастырумен, сұрақ-жауап, бақылау жүргізумен байланысты болып келеді. Мұндай өздік жұмысты проект – жоба дейді. Студенттер тобы немесе жеке студент жобаның тақырыбы мен міндеттерін анықтайды. Жоба әдісі студентті оқу субъектісі етіп қана қоймай, оның қазіргі ақпараттар заманындағы өте маңызды әртүрлі арнадан келіп түскен ақпаратты жинастыру мен талдау дағдыларын қалыптастырады [5, 14 б.].

Танымдық және шығармашылық белсенділікті қалыптастыру міндеті дидактикалық рөлдік ойындардың пайда болуына себеп болды. Эмоционалдық өріске бағытталған олар студенттердің танымдық ынта-ықыласына, қиялына дем беріп, оқу үдерісінде аз қамтылатын жеке тұлғалық компоненттердің қызметін арттырады. Бүгінде батыс елдердің коммерциялық фирмалары әр жастағы студенттерге арналған көптеген дидактикалық ойындар шығарады. Рөлдік ойындар мен драматизация ынта-

ықыласты оятатын мықты педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылады. Ол оқытушы студенттерге мәселені шешу, қарама-қайшылықтан шығу жолын табу міндетін қойған кезде ерекше нәтижелі аяқталады.

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында жаңа техникалық құралдар кеңінен енгізілуде. Микроэлектроникаға негізделген бірбеткей жаңа ақпарат тасушылардың пайда болуымен байланысты ақпарат төңкерісі соңғы он жыл ішінде жоғары оқу орындарының дәстүрін айтарлықтай өзгертті. Болашақ білім беру көбінесе теледидар, аудио және бейне аппаратура, микрокомпьютер, мультимедиалық кабинеттер, электрондық тақта сияқты қазіргі заманғы ақпарат құралдарын ары қарай пайдаланумен байланысты.

Алайда қандай да керемет техника болмасын, жоғары оқу орнындағы оқытушы орнын баса алмайды, бұл жағдай ең басты, ең маңызды болып қала береді. Студенттердің танымдық белсенділігі, ең бірінші, аудиториядағы оқытушы орнына, оның әрбір студенттің жақсы оқу қабілеттілігіне деген сеніміне, студенттердің жетістіктерін әрдайым демеп отыруына байланысты. Нағыз оқытушыға мына қасиеттер тән: студентке деген сый мен сүйіспеншілік, оның мүмкіндігіне сенім, студенттің өрлеу, жетістік, өз күшіне сену сияқты сезімдері пайда болатын жағдайлар жасау. Микроэлектрлік техникамен органикалық байланыстағы адамгершілігі мол оқытушы оқу үдерісі мен жоғары оқу орнының бүкіл кейпін түбегейлі өзгерте алады. Мұндай жағдайдағы оқу студент үшін қиын емес, жаңаны тану, зерттелмегенді өз бетінше ашу, танымдық іс-әрекетінің жетістіктеріне жету қуанышына айналады. Осылайша, жинақтау әдісі ғана студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруының практикалық шешімі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технологияларға негізгі сипаттамалар. Қазіргі кезеңдегі психологиялық педагогикалық әдебиеттер ғылыми-технологиялық үдерістің жетістіктері мен білім беру саласына «жаңа компьютерлік технологияларды» енгізуімен бірге келген «технология» деген ұғым жиі кездеседі. Ғылымда арнаулы технологиялық бағыт пайда болды. Бұл бағыт ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында АҚШ және Англияда пайда болды және қазіргі уақытта тәжірибе жүзінде барлық дүниежүзі елдеріне тарайды. Барлық жасалған және қазіргі күнде адамның қолданып жүрген технологияларды екі түрге бөлуге болады: өндірістік және әлеуметтік, өндірістік технологияларға үлгі ретінде табиғат шикізатын қайта өңдеу технологиясы болады. Бұл жағдайда технология деп бастапқы материалды өнім «шығуында» белгілі бір алдын ала берілген қажеттерді бөліп алу мақсатымен қайта өңдеу үдерісі аталады.

Әлеуметтік технология деп, онда бастапқыда соңғы нәтиже болатын адам болады, ал негізгі оның көрсеткіші өзгеріп тұратын бір немесе бірнеше оның қасиеттері болады. Әлеуметтік технологияда классикалық үлгі ретінде жұмысшыларды өз мамандықтарына оқыту қызмет етуі мүмкін. Әлеуметтік технология ол өндірісте қолданатын технологиядан принципіалды түрде өзгешілігі бар. Әлеуметтік технологиялар ұйымдастыру мен жүзеге асыру жағынан өте күрделі және оралымды. Әлеуметтік технология бұл өте жоғары деңгейдегі ұйымдастырылған технологиялар деуге болады, себебі адам әлеуметтік технологияның объектісі, ал ол өте тым көп жақтылы жүйе. Оған күші мен бағыты әртүрлі болатын соны көп сыртқы әсерлер ықпал етеді, кейде олар қарама-қайшы болады, осыған орай көбінесе әсерлер қандай қаншалықты тиімді болатындығын алдын ала айту қиын. Сондықтан әлеуметтік технологияны өндірістік технологияның анықтамасында мүмкін болатындай белгілі бір дәл таңдап алынған үдерістердің жиынтығы деп айтуға болмайды. Өндірістік технологияны дамыту арқылы тым жоғары нәтижелерге жетуге деген ұмтылушылық білім беру саласында маңызды

болып отыр. Педагогикалық іс-әрекет саласына «технология» деген сөздікті енгізу «индустриялық» технология (Ф.Б. Гильбретт, Ф.У. Тейлор және тағы басқалар) деген идеяға негізделген және ол оқытуда техникалық жабдықтарды қолданумен байланысты. Бұл бағытты бірқатар бұрынғы кеңестік үкіметтің кезіндегі ғалымдар (В.П. Беспалько, П.И. Пидкасистый және тағы басқалар) қолдайды. Білім беру саласындағы педагогикалық технологияның басқа бағыттары оқу материалын талдау техникасын, оқытушы мен студенттердің оқу іс-әрекетін (Т.А. Ильина) ұйымдастыруды іздестіруде. Осымен қатар, педагогикалық технология оқытушылар мен студенттердің аз ғана күш жұмсап, ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған.

Бірақ, егер материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелінетін жаңа технологиялар жасалса, ол білім беру саласында басқаша технологиялар оқытушы іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелген конструкциялар ретінде жасалынады. Ғылыми әдебиеттердегі бар терминдер технологияны жасаушылардың дара жеке мәселелерге (проблемаларға) білім меңгеруге бағытталған оқу моделі жағына өлшем жасалған.

Төмендегідей технологиялар түрлерін көрсетуге болады: (оқыту технологиясы, ойын технологиясы, тест жасау технологиясы, информативтік-оқыту технологиясы, қашықтықтан оқыту технологиясы, рейтингтік оқыту технологиясы және тағы басқалар) (Г.К. Селевко).

Шындығында педагогикалық технологияны жасаушылардың назары (терминдік түсініктемелеріне қарағанда) педагогикалық еңбектің жеке құбылыстар саласына бағытталған. Білім беру технологияларының басым көпшілігі негізінен студенттердің белгілі бір білім жиынтығын меңгеруге бағытталған. Концепция жасаушылардың «оқытушылар-студенттер» жүйесінің ерекшеліктерімен оқытушы еңбегінің технологиясының өзгешіліктері арасындағы өзара байланыстардың түрленген түрлерін көрсетудің басылмауы олардың ең осал жері. Егер кәсіби іс-әрекетке жеке өзгерістер енгізілсе еңбек саласында түбегейлі өзгерістерге жету және оның нәтижелеріне аса ықпал жасау мүмкін емес. Бұл тағы да «технология» ұғымының мазмұны туралы айтуға мәжбүр етеді [6, 12 б.].

Бар және жасалынатын жаңа педагогикалық технологияны бағалаудың негізі концептуальдық болады. Ұстаздық қатысы бар заттық саласының мазмұнын түсінуде ұстаздың қатысы бар; ұстаз іс-әрекетінің соңғы парадигмасының нақтылығы; жалпы технология және оның ішінде жеке және педагогикалық технологияның қайда жасалынатынымен және қолданылу саласының ұғымына сипаттама болып отыр.

Педагогикалық технологиялар білім беру аймағына қатынасы болады, егер білім берудің мақсаты білім жүйелерін меңгеру ретінде анықталса, онда технологиялар да білім беру сияқты білімнің сапасы мен көлемін меңгерумен бағаланады. Бірақ әдеттегі білім беру моделінің дағдарысы педагогикалық негізгі категорияларының бірқатар мазмұнын қайта қарауға әкеледі. XV ЮНЕСКО-ның басты конференциясында білім беру дегеніміз – әлеуметтік көлеміне келген және дербес жетілген тұлғаның қабілеттері мен мінез-құлықтарын жетілдірудің нәтижесі мен үдерісі деп қабылданды. Бұл анықтамаға басқа білім беру тұлға мен қоғамның мүддесіне байланысты жүргізілетін педагогикалық ұйымдастырылған әлеуметтендіру үдерісі деген анықтамада қайшы келмейді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Білім әлемі газеті. – 2004, қараша-30.

2 Ashman A. F., Conway R.N. Introduction to cognitive education: Theory and Applications. - London: Routledge, 1997. - P. 283.

3 Estes W.K. Classification and cognition. - Oxford: Oxford University Press, 1994. - P.295.

4 Lawler R.W. Computer experience and cognitive development: a child's learning in a computer culture. - Chichester: Ellis Horwood, 1985. - P. 275.

5 Гаипов Д.Ә. Қазақ-түрік лицейлерінде ағылшын тілін оқытудың үлгісін жасау арқылы көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыру: пед. ғыл. канд. ... автореф. - Астана, 2007. - 28б.

6 Тусупбекова М.Ж. Индивидуально-дифференцированный подход обучения английскому языку неязыковых специальностей: автореф. ... канд. пед. наук. - Астана, 2009. – 26 с.

#### Резюме

В статье рассматриваются трудности в изучении английского языка и способы их решения. Исследуются некоторые особенности преподавания английского языка. Выдвигаются предложения для совершенствования качества образования обучающихся.

#### Resume

Difficulties in studying of English are considered in the article. Some features of teaching English ways of solution are investigated. Proposals for improvement of the quality of education of the learners are made.

УДК 371.31

## ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Ж.А. ЖУСУПОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
жалпы педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі

#### Аннотация

Мақалада білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың жолдары мен ерекшеліктері қарастырылған.

*Түйін сөздер:* оқу әрекеті, білім беру мазмұны, оқу тапсырмалары, оқулық

Қазіргі таңда еліміздегі білім берудің жаңа жүйесі жасақталып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика ғылымы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңаша талаптар пайда болды. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үдерісіне инновациялық талаптар мен белсенді әдіс-тәсілдерді ендіруді міндеттейді.

Білім беру мазмұнының жаңаша бағыттарының басты қырлары – оқытудың нәтижесін алдын ала болжау, оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен танымдық ізденімпаздығы негізінде білім, іскерліктерін жетілдіру, шығармашылық әлеуетін үнемі дамыту және рухани құндылықтарын молайтуға деген ұмтылыстарын үнемі қолдап отыру.

Білім беру саласындағы реформалар, бір жағынан, әлемдік білім беру кеңістігіне сай өркендеуге ұмтылса, екінші жағынан, ұлттық болмысты

қалыптастыру мақсатында мәдени-тарихи құндылықтарға сай өзіндік бет бейнесін сақтауды көздейді.

Қазіргі кездегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның жан-жақтылығын, ізденімпаздық бағыттылығын қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі осы міндеттерді шешудің бағдары іспеттес. Сондықтан да табысты оқу қамтамасыздығы үшін неге оқыту қажет, білім мазмұны қандай болуы керектігін анықтап алу міндетті шарт.

Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның танымдық қызығушылығын қалыптастыру - оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі танымдық белсенділігіне, танымдық ізденімпаздығына тікелей байланысты болып отыр.

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіндегі оқудың мәні оқушыларға дайын білімдерді ұсыну, қиыншылықтарды өз бетінше жеңу және өзіндік жаңалықтар ашуымен шектелмейді. Яғни оқушылардың ынтасы, дербестігі және белсенділігі мен саналы әрекеті мен қатынастарына негізделуде. Олай болса, оқу бағдарламалары мен оқулықтар жеке тұлғаға бағдарланған оқу бағытына сәйкес жасакталуы қажет. Себебі, білімдік оқу материалының нақты мазмұны оқулықтарда ашылады.

Оқулық мектептік білім ақпаратының көзі, әрі оқу жабдығы, білім беру мақсаттары мен мазмұнын айқындайды.

Оқулық - бағдарлама жән дидактикалық ғылымның талаптарымен белгіленген оқыту мақсаттарына сәйкес, белгілі бір оқу пәні бойынша ғылыми білімнің негіздері баяндалатын, кітап түріндегі оқытудың негізгі құралы.

Оқулықтың ұтымды құрылымын негіздеудің әр түрлі жолдарын, мазмұндық компоненттер тұрғысынан (И.Я. Лернер), оқулық оқу-тәрбиелік процестің кешенді ақпараттық моделі (В.П. Беспалько) тұрғысынан қарастырған.

Оқулықтың атқаратын функциялары:

- ақпараттық және өзгертушілік (қолжетімдік принципті есепке алып, әлеуметтік тәжірибенің негіздерін беру);

- жүйелеушілік (оқу материалын баяндаудың логикалық және дидактикалық жүйелілігін қамсыздандыру);

- бекіту мен өзін-өзі бақылау;

- өзбетімен білім алу;

- бірігушілік (әртүрлі дереккөздердің үзік ақпараттарын біріктіру);

- тәрбиелеушілік және дамытушылық функциялары;

- үйлестірушілік (барлық басқа оқу құралдарын оқулық айналасына біріктіру, олардың өзара әрекеттестігі );

- оқытуды даралау мен жіктеу [1].

Оқулық оқу процесінің талаптарына және нақты пәннің бекітілген бағдарламасының мазмұнына жауап беру керек. Соған орай, білім беру сапасы оқушылардың түрлі құзыреттер саласындағы проблемаларды өз бетінше шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзыреттілігі түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен түсіндіріледі.

Білім беру мазмұнының негізгі мақсаты – оның жан-жақты әрі тұтас тұлғаны тәрбиелеудің құралы ретінде оқушылардың оқытудың әр түрлі саласында өз мүмкіндіктерін тануға, іс-әрекет субъектісі ретінде мақсатты, тұрақты және дәйекті дамуына жағдай жасау.

Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы білім берудің жаһандық мақсаты болып табылады. Ал, бастауыш мектептерде қалыптасқан білім беру ісі оқушының бойына дайын білім мазмұнын беруді көздейді, бұл жаһандық мақсатқа кереғар.

«Оқу бағдарламалары, оқулықтар мен әдістемелердің көпшілігі оқушылардың бүгінгі ғылымның әдістері арқылы нақты шындықтағыны меңгеруіне емес, әлі де

болса бұрынғысынша пән бойынша дайын ақпарат алуына сүйенеді» деген ғалым А.Е.Әбілқасымованың пікірін қолдауға болады. Шынымен де, оқулықтардағы оқу тапсырмалары «көшіріп жаз», «қарамен жазылған сөздердің астын сыз», «көп нүктенің орына тиісті әріпті қой» секілді дайын ақпараттардан тұруда.

Жүргізілген ғылыми зерттеулер барысында, жалпы білім беретін бастауыш мектептің және жалпы білім беретін 12 жылдық мектептің 3-сыныпқа арналған қазақ тілі, математика оқулықтары талданды [2]. Талдау нәтижесінде, жалпы білім беретін мектептің 3-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығы 500 жаттығуды және математика оқулығы 1294 есепті қамтиды. Ал, жалпы білім беретін 12 жылдық мектептің 3-сыныбына арналған қазақ тілі оқулығында 562 жаттығу, математика оқулығында 713 есеп бар екендігі анықталды. Оны мына кестеден көруге болады:

Кесте 1- Оқулықтарға салыстырмалы талдау

Оқулық атауы, авторлары	Оқулық атауы, авторлары
3 - сыныптың математика оқулығы	
<i>Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық</i> Т.К. Оспанов, Ш.Х. Құрманалина, Ж.Т. Қайыңбаев, Б.М. Қосанов, Қ.Ә.Ерешова. Математика	<i>Жалпы білім беретін 12 жылдық мектептің 3-сыныбына арналған оқулық</i> А.Е. Әбілқасимова, Т.Қ. Оспанов, Ә.С. Кенеш, Ж.Қ. Астамбаева  Математика 3 сынып.
Барлығы - 1294	Барлығы - 713
Тарау (тақырыпша) -7	Тарау (тақырыпша) -26
Қызыл түс – жаңа ұғым және онымен байланысты жаттығу - 205	Қызыл түс –жаңа ұғым және жаңа ұғыммен байланысты жаттығу - 221
Қара түс - қайталауға арналған жаттығу - 601	Қара түс - қайталауға арналған жаттығу -258
Көк түс – оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жаттығу-261	Көк түс – оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жаттығу-150
Жасыл түсті қоршау – орындалуы міндетті болып саналмайтын, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес жаттығу -127	Жасыл түсті қоршау – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған мұғалімнің басшылығымен сабақта ауызша орындалатын жаттығу -84
<i>3-сыныптың қазақ тілі оқулығы</i>	
Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық қазақ тілі Г.И.Уәйісова, Р.С.Әміров, Ә.Е.Жұмабаева	Жалпы білім беретін 12 жылдық мектептің 3-сыныбына арналған қазақ тілі оқулығы Г.И. Уәйісова, Ә.Е. Жұмабаева, М.Қ. Әлиева
Барлығы 500 жаттығу	Барлығы 562 жаттығу
Тарау саны – 11 Тақырыптар саны – 27	Тарау (тақырыпша) -9 Тақырыптар саны –40
===== - ережелер саны –20	Анықтама -36

мағлұматтар саны – 6	Мағлұмат - 9
✳ шығармашылықтапсырмалар саны – 40 V –күрделірек тапсырмалар саны – 75	Шығармашылық тапсырма -54
	Үй тапсырмасы -105

1-кестеден көріп отырғандай, оқулықтардағы жаттығу сұрақтарына немесе талаптарына талдау жасағанда ойлау операцияларын толық қамтитын, жаттығудың мақсатын анықтауға, пікір айтуға, жаттығу құрастыруға бағытталған сұрақтардың жоқтығын көруге болады. Жаттығу талаптарының көпшілігі мәтінді оқы, көшіріп жаз, мәнерлеп оқы, астын сыз, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз бағытында болып отыр. Бұл талаптар оқу тапсырмаларын орындауға оқушыларды қызықтыра алмайды деп қорытынды жасауға болады.

Сондай-ақ жалпы білім беретін мектептің 3 – сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығына (авторлары Г.И. Уәйсова, М.Б. Балақбаев, Ә.Е. Жұмабаева) талдау жасалынды. Талдау нәтижесінде жалпы білім беретін мектептің 3 - сыныбына арналған қазақ тілі оқулығында 1 - 4 тоқсандар бойынша барлығы 1543 сұрақтар берілгендігі анықталды. Сұрақтарды мазмұнына қарай топтастырғанда 714 сұрақ болды. Сонда 829 сұрақ қайталанып келіп тұр.

Сонда оқулықтардағы оқу тапсырмалары жоғарыда аталған міндеттерді шешуді жүзеге асыра алмай отырғандығын байқатады. Оқу тапсырмаларын орындаудың мектептердегі дәстүрлі жолдары қандай?

Оқытудың нәтижесін көруді, оқушыларды дербестілікке, өзбетінділікке үйретуді мақсат етсек, бүгінгі біз ұсынып отырған оқу тапсырмаларын орындаудың қазіргі таңдағы жолдары қандай?

Оқушылардың оқу тапсырмалары тіл сабақтарында жаттығу, математика пәнінде есеп, басқа пәндерде тапсырма түрінде беріледі.

#### Кесте 2 – Оқу тапсырмаларының түрлері

Жаттығу	Есеп	Тапсырма
Төмендегі берілген сөздердің мәндес сынарларын тауып, тұсына жазу. Дос - ... батыр - ... Бет - ... ақырын -	Қосу таңбасын пайдаланып, өрнек құр. 5 және 7    4 және 9 8 және 2    49 және 1	Ермексизды пайдаланып, үй жануарларын үлгі бойынша мүсінде
Құрамы	Құрамы	Құрамы
Сөздері (белгілі): 1)сөздер Сұрағы (белгісіз): 1)мәндес сөзін табу,тұсын ажазу	Шарты (белгілі): 1) сандар Сұрағы (белгісіз) 1) «+» таңбасын пайдалану өрнек құру	Белгілі: 1) ермексіз 2) үлгі Белгісіз: 1) үй жануарларын мүсіндеу

2-кестеден, барлық оқу тапсырмаларының ортақ құрамы белгілі мен белгісіз, немесе сұрақ пен шарттан тұратындығын көруге болады. Оқу әрекетінің мазмұны оқу тапсырмалары түрінде құрылатындықтан оның ерекшеліктерін білуіміз қажет, оның үлкен мәні бар. Олар:

- жаттығу, есеп, тапсырмаларының үздіксіз орындалуы;
- оқу тапсырмаларының енді игерілетін және өткен материалды қамтуы;
- тапсырманы саралап және жеке беруге мүмкіндігі;
- басшылыққа алынатын төрт жетекші ұстанымдардың (ізгіліктендіру, демократияландыру, саралап және даралап оқыту) жүзеге асыруына мүмкіндіктің болуы;
- уақытты үнемдеуге болатындығы;




- тапсырманы саналы игеруге жағдайдың тууы;
- жеке, топтық, ұжымдық жұмысты ұйымдастыруы;
- оқу тапсырмаларын құрастыруға мүмкіндіктің барлығы;
- оқу тапсырмасын саналы орындау.

Оқушы оқу үдерісінде әр түрлі оқу тапсырмаларын өздігінен шешіп, орындаудың ортақ тәсілдерін, әрекетін бақылап-бағалауды, нәтижесін эталонмен салыстыруды меңгереді.

Оқу әрекетінің мазмұны оқу тапсырмалары түрінде құрылады десек, оқу әрекетінің басқа әрекет түрлерінен қандай айырмашылығы бар?

Оқу әрекетінің басқа әрекет түрлерінен аса бір ерекшелігі бар. Онда оқушы мұғалімнің басшылығымен ғылыми түсініктерді ұғынып, меңгереді. Бірақ бұл әрекеті арқылы ол ғылымға ешқандай өзгеріс әкелмейді. Сол түсініктерді меңгеруі арқылы оқушының ойы, түсінігі қалыптасып, санасы дамиды. Ол ғылыми ұғымдармен жұмыс істеудің тәсілдерін үйренеді. Сондай-ақ, тағы бір негізгі ерекшелігі оқушылардың интеллектуалдық ой-өрісі және өз бетінше әрекет етуін талап етеді. Оқушылар өздерінің оқу әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларына ие болады, өз мүмкіндіктерін дұрыс қолдануға және қойылған мақсатқа жетудің жолдарын табуға үйренеді.



Сурет 1 – Оқу тапсырмаларының ерекшеліктері

Бірінші суреттен оқу тапсырмаларын орындау барысында оқушының жетілуі, сондай-ақ, тұлғаның өсу әрекетіне әсерін тигізетіндігін, соның нәтижесінде оқушы бойында ерекше өзгерістер пайда болатындығын көруге болады. Міне, бұл оқу әрекетінің негізгі белгісі. Оқушылардың әрекетінің нәтижелері оның қоғамдық пайдасы түрінде емес, сол оқушыдағы өзгерістердің, дамуын көрсеткіші ретінде көрінеді.

Қорыта келгенде, білім беру тұлғаға бағытталған кезде ғана әр оқушының оқу әрекеттері кезінде қол жеткізген табыстары оның бойында мендік «Мен» тұжырымдамасының қалыптасуына әсер етеді деген қорытындыға келеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2009. -Б. 214
- 2 Қаңтарбай С.Е. Жусупова Ж.А. Оқу әрекетіне танымдық қызығушылықты қалыптастыру (теориясы мен әдістемесі). – Ақтөбе, 2008. – Б. 28

#### Резюме

В статье указаны особенности и пути организации учебной деятельности школьников в условиях новой образовательной парадигмы.

#### Resume

In the article there were pointed out the peculiarities and ways of organizing the educational activities of schoolchildren in the conditions of a new educational paradigm.

## СОВРЕМЕННЫЕ ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ НЕОЛОГИЗМОВ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

**Г.К. ИСМАИЛОВА**

кандидат филологических наук, доцент, профессор РАЕ,  
заведующая кафедрой «Иностранная филология»,  
Государственный университет имени Шакарима

**К.И. ФОМИНЫХ**

магистр филологии,  
Государственный университет имени Шакарима

### **Аннотация**

В статье анализируются актуальные тенденции и принципы построения современных лексикографических источников английского языка, включая evidence-based lexicography, принципы иллюстративности и энциклопедичности. Рассматривается понятие «когнитивное значение», которое является приоритетным в построении современных словарных статей и основано на описании слова в связи с его реальным употреблением в языке.

*Ключевые слова:* evidence-based lexicography, неологизм, когнитивное значение, иллюстративный подход, энциклопедический подход.

Лексикографическое описание английского языка, как и многих других европейских языков, восходит к периоду средневековья, однако системностью и большим охватом отличаются словари, созданные на несколько столетий позднее. Первым крупным словарем английского языка является «Oxford English Dictionary», выдержавший несколько переизданий, так же известный как «Murray's Dictionary» в честь фамилии первого редактора. На официальном сайте словаря сообщается, что новое переиздание словаря запланировано на 2017 год – данное издание будет выпущено в электронном формате, так как издатели словаря наряду с другими крупными издательствами решили отказаться от выпуска печатных версий словарей [1]. Данная тенденция продолжает активно развиваться, что позволяет сделать предположение о полном исчезновении бумажных версий словарей через десятилетие. Причины такого подхода являются комплексными: они кроются в технологическом прогрессе, в активном использовании мобильных устройств, позволяющих хранить большие объемы информации; возможности отслеживать последние изменения и новшества – при покупке в электронном формате крупные словари, как правило, снабжаются программным обеспечением и подпиской на все изменения и дополнения, вносимые в словарь. В результате словарь постоянно меняется, дополняется, пользователи получают доступ ко всем новинкам без необходимости покупки очередного бумажного переиздания. Тенденция включения в словарь новых слов и поиск неологизмов берет начало еще в 60-х годах 20 века, когда начинается новый этап в развитии лексикографии, однако и в более ранний период появляются словари неологизмов. Классическим примером служит словарь Г.У. Фаулера «A Dictionary of Modern English Usage», выпущенный в 1926 году. Последнее переиздание данного словаря выпущено в 2009 году с комментариями Д. Кристалла [2].

Сложившаяся в Казахстане социально-экономическая обстановка также определяет заказ на специалистов данного профиля, обладающих качествами и навыками деятельности в этой сфере, что требует модернизации подготовки специалистов соответствующих специальностей системы высшего социального образования.

#### Список литературы:

- 1 Законодательные и нормативно-правовые акты по социальной службе в Республике Казахстан//Закон Республики Казахстан от 29.12. 2008 года № 114-IV «О специальных социальных услугах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.02.2014 г.).- Астана,2014. - 38 с.
- 2 Правила организации учебного процесса, технологическое и материально-техническое обеспечение, проведение переподготовки и повышения квалификации педагогов и персонала учебных заведений МОН РК. Сборник нормативных документов МОН РК. – Астана, 2011 г. – 100 с.
- 3 Стратегия «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее». Послание Президента страны – Лидера Нации Н.А. Назарбаева от 17.01.2014 г.
- 4 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы от 7 декабря 2010 года №1118 МОН РК.

### Түйін

Мақалада әлеуметтік қызметкерлерді даярлау мәселесі қарастырылған. Әлеуметтік қызметкерлерді кәсіби даярлаудың деңгейі айқындалып, оларға жан-жақты талдау жасалған.

### Resume

In the article training of social workers is considered. In vocational training of social workers different levels are allocated.



ӘОЖ 811.512.1.+81· 04

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ДҮНИЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ КАВКАЗСЫРТЫ  
ЖЕРІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР**

**С.Р. БОРАНБАЕВ**

филология ғылымдарының докторы, доцент,  
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің ректоры

**Аннотация**

Мақалада Арменияның эпиграфиялық ескерткіштері, атап айтқанда, қой мүсініне ұқсас табыттың құлпытастары туралы қарастырылған.

*Түйін сөздер:* ортағасырлық, түркі дүниесі, Армения, эпиграфия, эпиграфиялық ескерткіш

Түркілердің тарихы мен мәдениетінен түрлі жолдармен біздерге мұра болып қалған дүниелері - әлемдік өркениеттің ең бай және ең көне мәдениеті. Осы бай мұра бүгінгі күнге дейін жеткілікті деңгейде зерттелмей отырғандығы белгілі. Дегенмен, XX ғасырдың соңына қарай өз егемендігін алған түркі мемлекеттері өзінің тарихи, мәдени мұраларына деген көзқарасы басқаша қалыптасып, қайта қарастырыла бастады. Өткен тарихымыздан хабардар ететін жазба мәдениетімізге қатысты сондай деректер Кавказсырты жерінде де көптеп сақталған. Олар әртүрлі заттарға ойылып жазылған. Мәселен, Арменияның кітапханалар қорында түркі әлеміне қатысты араб, парсы, шағатай, қыпшақ, осман түріктері тілдерінде жазылып, сақталған көне қолжазбалар өте мол. Сонымен қатар, Республика аумағында түркілерден қалған қойтастар мен сандықтастар, құлпытастар да баршылық.

Армения территориясындағы арабша эпиграфиялық жазбалар негізінен араб тілінде, (себебі, сандық жағынан олардың көпшілігі құлпытастар эпитафия үшін дәстүрлі исламдық формулалар), шағын бөлігі – парсы және түрік тілдерінде орындалған.

Армения аумағындағы VIII–XIII ғасырлардағы сақталған араб жазбаларының мағынасы әртүрлі. Мұндағы дереккөздер бойынша беймәлім көптеген мәліметтер бар. Әсіресе, бұл мұсылман әміршілердің саяси тарихына, хронологиясына, тегіне, лауазымы мен иеліктерінің шекарасына қатысты мәселелер деуге болады.

Армения өте ұзақ уақыт көлемінде мұсылман билеушілердің қол астында болды. Армения VII ғасырдың ортасында араб халифатына тәуелділікке түсті және IX ғасырдың басына дейін Грузия, Арран және Дербент пен халифтің (Армяндық дереккөздері бойынша востикандар ретінде әйгілі) өкілдері басқарған Арминийдің билеушісінің өкілін құрады. IX ғасырдың басында армяндар араб үстемдігін жойып, өз дербестігін қайта құруға мүмкіндік алды. Сөйтіп, 862 жылы Ашот Багратуни Арменияның ханы болып сайланды.

Ары карай XI ғасырдан бастап және 1828 жылға дейінгі кейбір үзілістермен (Ресей империясына бірігуі) Армения әртүрлі мұсылмандық әулеттерге тәуелді болды (көбінесе бір мезгілде бірнешеуінің иелігінде, оның ішіндегі маңыздысы Селжуктер, Шаддадидтер, Ильханидтер, Қара-Қойлы, Ақ-Қойлы және ирандық әулеттер еді).

Арменияны жаулап алу түрлі кезеңдерде арабтардың, күрдтердің, парсылардың, түркітілді халықтардың өкілдерінің жапатармағай енуімен, сонда қоныстанып, жергілікті армян халқын шеттетумен ерекшеленді.

Армения жеріне қоныс тепкен мұсылмандар ғасырлар бойында эпитафиялық және эпиграфиялық жазбалар түрінде өздері туралы мәліметер қалдырып отырған.

Бұл аумақтағы араб тіліндегі ежелгі эпиграфиялық жазбалар Армян шіркеулерінде сақталған әртүрлі заттардан табылууда. Ең ежелгі атақты он екі жолды жазу 154 жылы хиджамен немесе б.э.д. 770-771 жылдары армяндық орта ғасырлық сәулетінің кереметтерінің бірі – Звартноц ғибадатханасының сылағында жазылған.

Сонан соң Багаван монастрының 171/787–788 жылдардағы, Ахпат шіркеуіндегі Х ғасырда тізбектелген құдыретті нышан және Гарнийлік пұтқа табынушылар ғибадатханасының қабырғаларындағы графиттердегі жазбалар.

Бұл жазбалар негізінен мемориалдық сипатта, Жаратқаннан кешірім сұрап жатқан авторлардың аттарын көрсетеді. Олардың ескі араб жазуының бір түрі – жай кұфимен орындалғанын атап өту керек.

Орта ғасырлық Арменияның астанасынан араб жазуымен тасқа қашалған жазбалар табылған, онда арабтық уәкілдердің Арминийге – Двин қаласының бастапқы кезеңінде келу уақыты жазылған. Бұл жазулар IX–X ғасырларға сай келеді.

Келесі бір ірі және маңызды жазбаларының мысалы ретінде Талин қаласына жақын жерде Даштадем ауылындағы камалдың орталығында орналасқан жартылай дөңгелек мұнарадағы жазбаны айтуға болады. Берілген жазба құрылыстық сипатта Шаддадид әулетінен Фақр ад-дин Шаддадтың бұйрығымен орындалған. Жазба 570/1174 жылмен мерзімделген. Ол Төменгі Талинде камалдың құрылысы туралы және Шаддадидтің үстемдігінің Арагацотнаға дейін, Талин қыстағын қосып алғаны туралы мәлімет береді.

Көлемі жағынан ірі мұсылмандық ескерткіштердің бірі болып 816/1413 жылмен көрсетілген Ереванға жақын Аргавант ауылындағы түрік әміршісі Саадлудың (Пир Хусейннің ұлы Саад әміршісі) мазары болып есептеледі. Ол Армения Республикасының аумағынан табылған ең көлемді жазбалардың бірі екендігі дау тудырмайды. Бұл жазба құрылыстық мемориалдық сипатта, он екі қырлы мазар күмбезінің астында фриздің кең шеңберінде ойылып жазылған. Ең қызығы, бұл құрылым жергілікті туф тасынан жасалған және жергілікті шеберлердің қатысуынсыз соғылғаны анық.

Басқа ірі ортағасырлық эпиграфиялық ескерткіш – 704/1305 жылмен мерзімделген әмірші Саад ад-дин Ибн Сайф ад-диннің үлкен қабірі. Жазба бұл сандық түріндегі қабірдің жиектеріне бір жолға дөрекі түрде сызылған. Қабір Норатус немесе Норадуз (Гегаркунистік марз, Севан өзенінің бассейнінде) қыстағынан батысқа қарай орналасқан. Қабірдің ерекшелігі оның моңғол кезеңіндегі маңызды тұлғаға тиесілі екендігінде.

Бұл жерде бір нәрсені ескере кеткен жөн, яғни арабтық, ал одан кейінгі ұзақ кезеңдерде парсы тілін, өздерінің Таяу Шығыс пен Кавказсыртында халықаралық және сауда тілі ретінде армян басқарушыларының өзі де қолданылған. Мысалы, Селим керуенсарайының порталындағы (марз Байоц Дзор) Иван Орбелянның ұлы Липарит князьбен атақты араб – парсы құрылыс жазбасы берілген керуен сарайдың олармен 710/1310 жылы жабдықталғандығын растайды. Осындай мысал ретінде

Анберт қыстағындағы шіркеудің батыс бөлігіндегі туфтан жасалған тақтадағы Иван және Закарий Арцруни (арабша ас-Саруни) спасаларының жазбасын да айтуға болады.

Армения жеріндегі эпиграфиялық жазбалармен берілген дара ескерткіштермен қатар түркі тілді тайпалардың көшпенділігін және қоныстану орнын көрсететін орта ғасырлық мұсылмандық мазараттың қалдықтары да кездеседі. Осындай қорымның бірі - Воротн (немесе түрікше Урут) ауылында. Қыстақ Сисиан қаласына жақын жерде. Қабырлар басына араб және түрік тілдеріндегі эпитафиялық жазбалары бар 30-ға жуық тас белгі қойылған. Көбіне қойтастар мүсіні түріндегі қабірді жауып тұрған тастардың жиектерінде оюмен берілген түркі тіліндегі жазбалар кездеседі.

Түрік түріндегі жазбалар мағынасы:

*«О! қанмен құйылған сүйкімді көздеріңмен және құмар сөзбен көрдім деп айтшы».*

Бұл жазба ондағы эпитафияның арабтық үлгімен XVI ғасырда түсірілгенге ұқсайды.

Осындағы тасқа бедерленген тағы бір жазудың мазмұны мынадай:

*«Бұл мазарат – жасөспірімнің тұрағы. Уақыт оның нәзік денесін сүйекке айналдырды. Имам-Кули ұлы Челеби. 986 ж (1578-1579ж)».*

Мұсылман мазараттары бар жерлер ретінде Базмахбюр (Арагацотн марз) ауылын, Урцадзор (Арагат марз) және т.б. елдімекендерді атауға болады.

Көбінесе сәнді жасалған эпитафиялық ескерткіштер жоғарыда айтылған қойлардың тасты мүсіндері түріндегі қабірлер болып табылады. Бұл ескерткіштердің бірегейлігі болып олардың қабір ретінде армяндармен де, сонымен бірге түркілермен де (мұсылмандармен) қолданылғаны, яғни қойтастарда армян, араб/түркі тілдерінде ойылып жазылған эпитафиялық жазбалар көптеп кездеседі. Армения Республикасының аумағындағы осындай қойтастардың саны біздің есептеуіміз бойынша 70-ке жуық, мүмкін одан да көп болуы.



*Араб эпитафиясымен қойтастағы ойылып жазылған жазу, 993/1585 жыл, Сисиан, Өлкелік мұражай*



*Аштарак ауданының Аруч ауылы. Ол Арагац тауының оңтүстік етегінде орналасқан. Арагац V ғасырда патша әскерінің қыстағы, ал VII ғасырда бұл жерді (Аручты) армян князі Григорий Мамакоян өзінің резиденциясы еткен. Осы жерде армян сәулет құрылысы үшін маңызды ескерткіштердің бірі-әулие Григордың шіркеуі орналасқан. Шіркеудің оңтүстік шығысында князь Г. Мамиконян резиденциясы қирандыларының қалдықтары жатыр. Осы шіркеудің шығыс жағындағы сол жақ бұрышында екі жол араб жазуы.*

Суретте: С.Р. Боранбаев пен Армениялық ғалым Т. Микаелян

Араб тіліндегі және араб жазуымен қалдырылған жазбаларды зертеу жұмысымен М. Броссе, В.В. Бартольт, В.А. Кравчовская, Н. Ханьков, Н. Марр, А. Папазян, А.Тер-Гевондян және басқа да атақты шығыстанушылар айналысқан. Бірақ, олардың еңбектерінде Арменияның эпиграфиялық жазбаларын зерттеу эпизодтық сипат алғанын және жүйелі зерттеу мақсаты болмағандығын айту керек.

Әсіресе, Арменияның исламдық эпиграфиялық мұрасын зерттеуде А.А. Хачатрянның [1] еңбегін ерекше атап өту керек, ол алғашқы рет тарихи Арменияның араб тілді эпиграфиялық ескерткіштерінің елеулі бөлігін бір жерге жинақтады. Оның «Арменияның араб жазулы ескерткіштерінің корпусы» атты еңбегі Арменияның араб жазбаларын зерттеу және баспаға шығару аумағындағы монументалды жұмыс болып табылады. Ғалымның еңбегі бұдан бөлек оның оқылуы өте қиын маңызды жазбалардың сырын ашқандығы және осы саладағы ғалымдардың еңбегіне түзетулер енгізіп толықтырулар жасауы көп нәрсені басқаша ұғынуға мүмкіндік берді. Бірақ, КСРО тарағаннан кейінгі Армениядағы ғылымды қаржыландырудағы дағдарыс (оны осы күнге дейін жалғасып келеді деп айтуға болады), ғалымның мезгілсіз бұрын қаза болуынан бұл маңызды іс тоқтап қалды.

Жалпы Армения жеріндегі түркі дүниесіне қатысты жазуларды ғылыми жұмысының негізгі нысаны ретінде қараған ғалым А.Хачатрян екіге бөліп қарастырады.

1. VIII ғасырдан бастап араб жазуымен, араб тілінде жазылған ескерткіштер.
2. Араб жазулы, түркі іліндегі ескерткіштер. (Мұнда тек қана Түркия жеріндегі жазбаларды алған) [1, 49 б.].

Армения жеріндегі араб жазулы ескерткіштерді зерттеудің ғылым үшін маңыздылығы өте зор. Өйткені араб, армян графикасымен түркі тілінде жазылған жазбалар ерте ортағасырлар мен ортағасырлар кезеңінде сол аймақтардағы түркілік

кабаттарды анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, әзірбайжан мен түрік тілінде түркімендердің ақ қойлы, кара қойлы рулары туралы деректер, сонымен бірге қызылбастардан қалған құнды дүниелер мен жалпы түркі халқына ортақ мәдениет пен тарих іздерін айғақтайтын дәлелдерді көруге көп мүмкіндіктер бар.

Жоғарыда айтылғандардың қорытындысын шығара отырып, Арменияның VIII–XVI ғасырлардағы әртүрлі қалалар мен ауылдардағы құрылыстық және қабірдегі мемориалдық араб жазбалары жергілікті әлеуметтік, саяси, тарихи мәліметтердің маңызды дереккөзі болып табылады және басқа дереккөздерімен толық түрде зерттелмеген және ашылмаған көптеген сұрақтарға жауап береді.

Соңғы жылдарда Т. Микаелян Армения Республикасының аумағындағы араб жазуымен, соның ішінде түркі тіліндегі жазбаларды тауып, зерттеумен шұғылданып жүр. Бірақ Армения Республикасының аумағындағы исламдық кезеңдегі эпиграфиялық және эпитафиялық ескерткіштерді жүйелі зерттеу қаржылық қажеттілік пен ғалымдар тобының ұжымдық жұмысын талап етеді.

2011-2012 жылдардағы Халықаралық Түркі академиясы тарапынан ұйымдастырылған 40 күндік ғылыми іс-сапар барысында Халықаралық Түркі академиясының кітапханасына ортағасырларға тиісті көптеген материал әкелінді. Ол өз зерттеушілерін күтіп жатыр. Қазіргі кезеңдегі маман және қаржы тапшылығына байланысты мұны жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік болмай отыр.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Хачатрян А.А. Корпус арабских надписей Армении, VIII-XVI вв. Выпуск I. - Ереван, 1987.- 355 с.

#### Резюме

В статье рассматриваются эпитафические памятники Армении, а именно надгробные каменные плиты в виде животных – овец. Уникальность данных памятников заключается в том, что их использование в качестве надгробий встречается как у армян, так и у турков (мусульман), а высеченные на них эпитафические надписи на армянском, арабском, тюркском языках отражают историческую связь тюркских народов средневековья.

#### Resume

This article is considered epitaphic monuments of Armenia, namely gravestone plates in the form of animal-sheep. The uniqueness of these monuments is that their using as gravestones occurs as Armenians and also in Turks (muslims), and carved them epitaphic inscriptions in Armenian, Arabic, Turkic languages reflected the historical connection of the Turkic peoples of the Middle Ages.

## ТЕМА ДОМА В РОМАНЕ М.А. БУЛГАКОВА «БЕЛАЯ ГВАРДИЯ» КАК ОСНОВОПОЛАГАЮЩИЙ АРХЕТИП ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

**С.Н. МАШКОВА**

доктор PhD, кандидат филологических наук,  
доцент кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента,  
Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова

### **Аннотация**

В статье автор исследует эволюционное развитие темы Дома на примере романа «Белая гвардия» М. Булгакова. Исследование этого феномена позволяет не только актуализировать онтологическую, философско-религиозную и художественно-эстетическую проблематику творчества М.А. Булгакова, но и понять значение и место темы Дома во всем творчестве писателя. Автор пытается доказать регрессивный и прогрессивный характер развития темы Дома в произведении М.А. Булгакова и выстроить последовательность этих изменений.

*Ключевые слова:* образ, дом, самосознание, метафизическая реальность, символ, гармония, духовные ценности, город, архетип.

Михаил Афанасьевич Булгаков принадлежит к числу писателей, творческое наследие которых не было достойно оценено при жизни автора и стало всеобщим достоянием спустя много лет. Интерес к творчеству М.А. Булгакова не снижается на протяжении нескольких десятилетий, и этому свидетельствуют сотни литературоведческих, биографических, монографических работ, посвященных исследованию творческого наследия писателя.

Тема Дома в литературном мире М.А. Булгакова является основополагающим элементом, где образ Дома образует структуру его произведений. Исследование этого феномена позволяет не только актуализировать онтологическую, философско-религиозную и художественно-эстетическую проблематику творчества М.А. Булгакова, но и понять значение и место темы Дома во всем творчестве писателя.

В романе М.А. Булгакова «Белая гвардия» писатель рисует картину Гражданской войны глазами членов дворянской семьи Турбиных. Уютный, доброжелательный, благородный мир семьи восхищает своей сплоченностью, теплым, чутким и нежным отношением друг к другу родных людей и преданных друзей, живущих под одной крышей в родном уютном доме, с одной стороны дающим кров и уют, с другой – являясь крепостью и защитой всех его обитателей.

Уютный Дом Турбиных становится в романе настоящей крепостью, осаженной со всех сторон воющими силами, но жильцы и гости его не сдаются, а еще крепче сжимают руки круга родной семьи от вторжения в нее внешнего зловещего бытия. Более того, образу Дома придан высоконравственный, почти философский смысл, что ярко рисует нам автор, повествуя убеждения Алексея Турбина, что Дом – это наивысшая ценность бытия, во имя сбережения которой человек воюет.

Идея высшей нравственности, органичная для самосознания и миропонимания М.А. Булгакова, проникает в самую глубь романа «Белая гвардия», тем самым предопределяет не только его основную тему Дома, но и характер центрального конфликта в ней. Офицерская честь требовала защиты собственного Дома, знамени Державы, верности присяге, отечеству и Царю. В обстановке разрухи, предательства

и всеобщей паники, люди готовы на многие испытания и жертвы ради России, готовы защищать Отечество, свой город и родной дом, не жалея собственной жизни.

Важно отметить, что все дома в произведениях М.А. Булгакова не случайны и не вымышлены.

Основное место в творчестве М.А. Булгакова занимает дом № 13, что на Андреевском спуске, прототипом которого послужил родительский дом семьи Булгаковых на Алексеевском спуске, изображенный с чертами семейной гармонии, перечеркнутой военными действиями, дышит и страдает, как живое существо – образ еще «хорошей квартиры». Когда за окнами мороз, беспокойно и страшно, в Доме слышна душевная беседа, от изразцов печи исходит уютное тепло, звучит башенный бой часов в столовой, бречание струн гитары и дорогие сердцу голоса Алексея, Елены, Николки и их веселых гостей. Именно здесь навсегда поселились образы его героев. Этот Дом М.А. Булгаков сохранил в рассказе «№ 13 – Дом Эльпит-Рабкоммуна», в романах «Мастер и Маргарита» и «Белая гвардия». В «Белой гвардии» М.А. Булгаков с максимальной точностью изобразил описание дома № 13, не упустив ни мельчайших деталей: «Как драгоценные камни, сияли электрические шары, высоко подвешенные на закорючках серых длинных столбов» [1, с. 419]. На Андреевском спуске фонарей было небольшое количество, но один был точно за углом дома № 13. Именно этот фонарь М.А. Булгаков запечатлел в романе «Белая гвардия»: «Брызнул из-за угла свет высокого фонаря, и они миновали дощатый забор, ограждавший двор № 13, и стали подниматься вверх по спуску» [1, с. 420].

Город в поэтике М.А. Булгакова скорее метафизическая реальность, место, где деятельность очень символична, где преобладает работа не с самими вещами, а с их воображениями, идеями, образами, символикой, восходящей к универсальным архетипам, эйдосам, логосам. Эти труды писателя целиком определяют мировоззренческие установки автора, его мифологические и религиозные представления жизни и метафизические основания культуры видения.

Центральными картинками Дома являются тепло и свет, особенно свет, противопоставленный мраку, царящему по ту сторону окон квартиры, олицетворяющему разруху, мятеж и хаос.

Уют квартиры Турбиных олицетворяет идиллию этого ограниченного мира, подвергающегося жестоким историческим испытаниям. Дом в романе выступает не просто как место физического обитания людей, но и как своеобразная иерархическая вселенная, отдельный мир, ядром которого служит печь, живой источник тепла – печка, согревающая и растившая Елену и маленьких братьев. Гуткина Н.Д. отмечает: «важно, что печь в квартире служит не только для обогрева тел, но и душ героев. Является уникальной домашней «летописью» с запечатленными на ней моментами семейных событий, которые в финале выйдут за пределы обыденности и приобретут те самые метафизические черты» [2, с. 22–23].

Тема Дома – это поиск автором сохранить оазис покоя, здравого рассудка, исторической культуры и правильности жизни. Возникает образ «Триединства» – дом внутри человека, дом Турбиных и дом – Россия.

Дом служит образом жилья не только одной семье Турбиных, а в более широком понятии – Дом интеллигенции всей России. Здесь уместна мудрая английская пословица: «Мой дом – моя крепость».

Такой крепостью, «спасительным кораблем в страшном море бедствий» становится для Турбиных их Дом, уютный, светлый, теплый, оставленный им в наследство родителями как особый мир души, ковчег, сберегающий непреходящие, вечные ценности.

Хранителем этого идеального, гармоничного Дома – «хорошей квартиры», является



Елена – «Елена Прекрасная», олицетворение грации, доброты, вечной женственности, где духовной опорой этого мира является ее спасительная вера, причём без всяких метафор. Именно Елена горячей молитвой спасает родного брата Алексея от смерти. Турбины согреты милостью и любовью Всевышнего, идущей через Елену. И если семью Турбиных и сам Дом рассматривать как живое существо, то Елена – сердце этого существа, что нашло отражение не только в интерьере дома, уюте, гармонии, а, в большей степени, и в духовной составляющей романа – всех его обитателей.

Уделяя большое внимание описанию жизни Дома Турбиных, писатель пытается защитить вечные ценности человека – честь, доблесть, память, семью, дом, Родину. Мы наблюдаем за событиями через восприятие турбинского дома, олицетворяя его и оживляя. Дом дышит, страдает, служит надежным укрытием, и не только для семьи Турбиных, но и для их друзей: Мышлаевскому, Шервинскому, Лариосику. И даже Василиса, не принимающий законов жизни семьи Турбиных, видит спасение именно за стенами дома Турбиных. И пусть в огромном Городе слышны выстрелы пушек, у Турбиных играет музыка, чувствуется атмосфера душевной близости комфорта и влюбленности. Всех как магнитом притягивает атмосфера хозяев дома, подкупая своим теплом, укрепляя их веру в победу над хаосом жизни.

Нельзя не согласиться с высказыванием Е.С. Заторской: «Турбины вознаграждаются любовью за все страдания, мучения, за умение любить» [3, с. 39]. И что богиня любви Венера, будто покровительствует героям романа, помогает им: братья – находят своих возлюбленных, Алексей – мысленно возвращается к спасшей его Юлии Рейсс, а младший Турбин – встречается с Ириной Най, сближает их воспоминаниями о погибшем брате. Даже Елена, несмотря на трусливый побег мужа Тальберга, не остается она – согрета любовью родных и близких людей за стенами родного дома.

И пусть вокруг разрушается, исчезает жизнь, основополагающей ценностью в этом мире остается Дом, который символизирует традиционный уклад семейной жизни, покой и надежду.

Хозяева дома и их гости являются в романе М.А. Булгакова «Белая гвардия» одной из составляющей мира Дома Турбиных. Эта семья, следуя мысли М.А. Булгакова, – воплощение цвета русской интеллигенции, то поколение молодых людей, которое пытается честно разобраться в происходящем. Это та гвардия, которая сделала свой выбор и осталась со своим народом, нашла свое место в новой России.

Эту же мысль мы наблюдаем в работе Н.А. Поярковой, где она отмечает: «Мир Турбиных переплетен с судьбами всех истинно порядочных, высоконравственных, патриотически-одержимых людей. Это и мужественные офицеры Мышлаевский и Степанов, и глубоко штатский по натуре, но не уклоняющийся от рока судьбы в сложную эпоху перемен, Алексей Турбин, и даже совершенно, казалось бы, нелепый Лариосик, сумевший достаточно точно выразить самую суть образа Дома, противостоящего времени жестокости и насилия. Лариосик оживает душой, и благодаря созданному Еленой уюту, чувствует себя оторванным от внешнего грозного, кровавого и бессмысленного мира» [4, с. 43].

Но город резко изменился, сюда сбежались «...промышленники, купцы, адвокаты, общественные деятели. Бежали журналисты, московские и петербургские, продажные и алчные, трусливые. Кокетки, честные дамы из аристократических фамилий» [1, с. 328] и многие другие. И город зажил «странною, неестественной жизнью...» Неожиданно и зловеще нарушается эволюционный ход истории, и человек оказывается на ее изломе. «Большое и малое пространство жизни



М.А. Булгаков изображает растущим в противопоставлении разрушительного времени войны и вечного времени Мира. Дом Турбиных противостоит внешнему миру с царящим в нем разрушением, ужасом, бесчеловечностью, смертью. Но Дом не может отделиться, уйти из города, он часть его, как город – часть земного пространства, включающегося в просторы Мира» [4, с. 40].

Место рождения человека – это самое дорогое, сакральное для него пространство, включающий в себя все дорогое и ценное человеку. Не случаен интерьер дома Турбиных, возникший в романе М.А. Булгакова на первых же страницах. Интерьер – одна из составляющих Дома, и будет многократно воспроизводиться автором на протяжении всего романа. Благодаря интерьеру, автор концентрирует внимание на составляющую основу символику предметов и образов Дома. Историческое время и великие, близкие по масштабу библейским свершающиеся события, уже продуманы М.А. Булгаковым с первых строк произведения: «Велик был год и страшен по рождестве Христовом 1918, от начала же революции второй». Нельзя не согласиться с Ахундовым М.Д., который говорит о том, что «трагический тандем эпохи и мировых событий, мастерски вписанный в историю обычной семьи Турбиных, жизнь и быт которой становится центром всех ключевых проблем и характеризующих черт времени, разделяет вехой революционного года жизнь героев на два этапа: до и после» [5, с. 223].

Рассмотрим подробнее первую картину Дома Турбиных. Изображая ее, автор подчеркивает старину традиции, сложившийся издавна уклад жизни и семейных отношений. Атмосфера дома передана автором через воспоминания из детства, бережно хранимые память героев романа и укреплены привычками, как неотъемлемой частью его. Центром дома представлена «пышущая жаром» изразцовая печь, как символ уюта и благополучия, спокойствия и незыблемости семейных традиций. Она же – хранительница истории семьи с надписями, сделанными еще в детском возрасте Турбиными, гостями дома и влюбленными в Елену кавалерами – это домашний «альбом» – хронология жизни, книга, по которой можно «прочитать»: какие страсти кипели в Доме, чем жила и дышала семья долгие счастливые годы.

Турбины пропитаны архаизмом своего Дома: их жизнь подчинена порядку, данному им предками. У каждой комнаты есть свое назначение: столовая, детская, спальня родителей. Все семь комнат, пыльные и набитые вещами, взрастившие Турбиных – это отдельные мини миры, неотъемлемые составляющие макси мира семьи, воссозданные М.А. Булгаковым из воспоминаний собственного детства. Весь интерьер словно оживает перед нами: живыми кажутся и мерцающие изразцы, и огоньки рождественских свечей, и старинные семейные фотографии, сделанные еще тогда, когда женщины носили смешные рукава, и персонажи детской книги «Саардамский Плотник», и даже кровать с блестящими шишечками. Эти вещи живут своей особенной жизнью, доступной только пониманию счастливого ребенка. Проявляются они яркими картинками воспоминаний его обитателей. Восхищает умение автора текстом воспроизвести это сокровенное восприятие мира, отличающее ребенка от взрослого.

Еще одним не менее важным предметом домашнего мира Турбиных являются часы: «черные стенные» с башенным боем – в столовой и «бронзовые, с гавотом» – в спальне матери – один из самых «говорящих» символов в мировом искусстве. У М.А. Булгакова они обретают новые смыслы: если в ранний период они были знаком растущей жизни, движения, бурления её в стенах этого дома, то теперь, после смерти родителей, их стрелки отсчитывают последние минуты прекрасной, но уже уходящей жизни героев романа. Но автор уверен в вечности этого дома – образа «хорошей

квартиры»: «дважды били башенным боем часы» – идущая вечность, бронзовая лампа – материальная ценность, плотные шторы – пограничная защита, совершенно бессмертен и Саардамский Плотник, и голландский изразец – символическая постоянность.

Дом становится главной ценностью, важной приметой этого рушащегося и исчезающего мира в романе М.А. Булгакова «Белая гвардия», символизирующей традиционный уклад семейной жизни как основу гибнущей гуманистической культуры.

Подчеркнутое вертикальное разграничение дома на «верхних» и «нижних», изначально рисует картину противоположностей. Дом Лисовича, образуя образ «мертвого» дома, на первый взгляд претендует на жизнь, обладая, казалось бы, всеми метафизическими характеристиками Дома, такими как покой: «В этот ночной час в нижней квартире домохозяина, инженера Василия Ивановича Лисовича, была полная тишина», свет: «Стоячая лампа, изображающая египетскую царевну, прикрытую зеленым зонтиком с цветами, красила всю комнату нежно и таинственно...», защищенность от внешнего мира: «Левое окно завесил простыней до половины, а правое пледом при помощи английских булавок. Заботливо оправил, чтобы не было щелей» [1, с. 218]. Дом заполнен красивыми, старинными вещами, роскошь, свойственной такому типу «нехорошей» квартиры, первоначально соблазнительный и не показывающий истинного содержания таких помещений. А в реальности содержанием «нового мира» являются материальные блага, слава и власть. В этой материальной основе дома Лисовича возникает мотив тайника, подземелья, в котором хранятся ценности, которые и определяют, в сущности, материальное благополучие Василиса, в отличие от Турбиных.

Важна еще одна разграничивающая особенность: – в одном и том же материальном доме могут быть различные дома духовные, что является истинным показателем разности квартир Лисовича и Турбиных. В отличие от «хорошей», «светлой» квартиры – Дом Турбиных, «нехорошая» квартира – жилье Лисовичей, прикрытое показной роскошью, поражает своим мраком и холодом.

Лотман Ю.М. пишет: «Дом – знаковый элемент культурного пространства, обнажающий основополагающий принцип культурного мышления человека: реальное пространство становится иконическим символом семиосферы семьи Турбиных – языком, на котором выражаются разнообразные значения за пределами пространства, а семиосфера, в свою очередь, преобразует реальный пространственный мир, окружающий человека, по своему образу и подобию» [6, с. 313].

Рассмотрев все аспекты темы Дома, как основополагающей доминанты в жизни человека, можем сделать вывод, что Дом в произведении М.А. Булгакова «Белая гвардия» является для писателя образцом идеальной семьи, как центра сохранения культурных и духовных ценностей. Дом Турбиных и все его обитатели – это живой образец порядочности, образованности, патриотичности, что в целом для автора является надеждой о сохранении России в том виде, в каком понимает ее М.А. Булгаков и принимает, как единственно возможную для существования. Автор романа «Белая гвардия» еще искренне верит, что Дом, как основу жизни, ячейку цивилизации, ядро интеллигенции, есть возможность сохранить, укрывшись от хаоса жизни за «кремовыми шторами». В оппозицию этой «хорошей» квартиры выставлено жилище Василиса, как образец деградации и ничтожества, который послужит в дальнейшем перевоплощением в «нехорошую» квартиру, где дом утрачивает свою духовную ценность и становится местом материальных накоплений.

- 1 Булгаков, М.А. Собрание сочинений в 5-ти Т. М.: Художественная литература, 1989. 623 с.
- 2 Гуткина, Н.Д. Русская история как «известный порядок вещей: Щедринские традиции в «Белой гвардии» М. Булгакова. М.: Школьная пресса, 1998. № 1. – С. 22-26.
- 3 Заторская, Е.С. Образ дома в художественной концепции романа М. А. Булгакова «Белая гвардия». Запорожье: Вісник Запорізького національного університету. № 1, 2010. – С. 39-42.
- 4 Пояркова, Н. А. Символика образа дома в романе М. А. Булгакова «Белая гвардия». Вестник Российского университета дружбы народов: Литературоведение, журналистика. – № 7/8. – М.: РУДН, 2003. – С. 40-48.
- 5 Ахундов, М.Д. Концепции пространства и времени: истоки, эволюция, перспектива. М.: Издательство Наука, 1982. – 223 с.
- 6 Лотман, Ю.М. Дом в «Мастере и Маргарите». Семиосфера. СПб.: Искусство. СПб, 2001. – С. 313-320.

#### Түйін

Мақалада автор М.Булгаковтың «Ақ гвардия» романы негізінде Үй тақырыбының эволюциялық дамуын зерттейді. Бұл тақырыпты зерттеу М.Булгаков шығармашылығының онтологиялық, діни – философиялық және көркем – эстетикалық мәселесін өзектендіріп қана қоймай, жазушы шығармашылығындағы Үй тақырыбының мәні мен алатын орнын түсінуге мүмкіндік береді. Автор М.Булгаков шығармашылығындағы Үй тақырыбының дамуындағы шарықтау шегі мен кейінге кетуін анықтап, өзгерістерді кезеңімен көрсетуге тырысқан.

#### Resume

In this article the author examines the evolution threads of House based on the novel «The White Guard» by Mikhail Bulgakov. The study of this phenomenon is not only ontologically actual, philosophically and religiously and aesthetically perspective of the problem of Bulgakov's creativity, but also to understand the importance and place of the theme "house" around the writer. The author tries to prove regressive and progressive nature of the topic House and build a sequence of these changes.

## ЖЕР БЕДЕРІ АТАУЛАРЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ МЕТАФОРЛАРДЫҢ КӨРІНІСІ

**Т.Ә. ӘБДІҒАЛИЕВА**

филология ғылымдарының докторы, профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**А.О. ШАЯНДИНА**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты

### **Аннотация**

Мақалада жер бедері атауларының тілтанымдық сипаты қарастырылады. Жер бедері атауларының пайда болуына, дамуына тұрақты түрде әсер етуші факторлар – географиялық орта мен қазақ халқының көп ғасырлық өмір салты, шаруашылығы, мәдениеті, танымы. Халық танымының жоғары деңгейінің көрсеткіші – орографиялық метафоралар. Орографиялық метафораларда дүние, адам, рухани және материалды мәдениет жайында сан қырлы орасан мол когнитивтік мәліметтер мен ақпараттар жинақталған.

*Түйін сөздер:* жер бедері, орографиялық метафора, географиялық термин, топонимикалық жүйе, халық танымы.

Әр халықтың қоршаған дүниеге деген көзқарасы, ұлттық дүниені шындық ретіндегі қабылдау ерекшеліктері топонимиялық атаулардан көрінеді. Қазіргі кезде қазақ топонимиясының салалары – географиялық жалқы атаулардың жай ғана жиынтығы емес, ол менталдық ерекшеліктерді көрсететін лексикалық бірліктердің жүйесі. Топонимикалық жүйеде тек табиғат пен географиялық объектілер ғана емес, осы табиғат пен оның объектілерінің этнос тарапынан қабылдануы, көріністенуі қалай деген сұрақ маңыздылыққа ие. Орталық Қазақстан аймақтық топонимиясын зерттеуші А.Е. Жартыбаев: «Төрт түлікті қолға үйрету барысында оны күту, бағу қажеттілігі туындап, өсімдіктер дүниесінің мал азығы ретіндегі рөлін анықтау, өсімдік түрлерін жұғымды, жұғымсыз қасиеттеріне орай сөзбен таңбалау қажеттілігі артты. Бұл адам баласының табиғи өсімдіктер дүниесі мен жан-жануарларды рухани тұрғыдан танып-білуіне жол ашты. Жер бедері мен қоршаған орта құбылыстарын танымдық тұрғыдан бағалау үрдісі топонимдерде өзіндік белгілерімен айшықталды», - дейді [1, 278 б.].

Жер – адам баласы өмір сүріп, тіршілік ететін табиғи орта. Жер адам үшін – өмір тірегі, тіршілік көзі. Әрбір халықтың ерте заманнан бері қалыптасқан өзіне меншікті жері болады. Қазақ халқының жері, көптеген басқа халықтарға қарағанда, өте кең, көлемді әрі аумақты. Ол Алтайдан Атырауға дейін, Сібірден Қарақұмға дейінгі кең алқапты алып жатыр.

Қазақстан жері қаншама кең-байтақ болса, оның табиғи болмысы да соған сай сан алуан. Халық, ру-тайпа санасында байырғы замандардан бері осы жерлердің өзі өзіндік географиялық, табиғи ерекшеліктеріне қарай бір-бірінен айырмашылығы бар аймақтарға, өлкелерге т.б. жер ыңғайына бөлінгендігі байқалады. Олардың көбісі географиялық ұғымға айналып кеткен: Сарыарқа, Үстірт, Бетпақдала, Сыр бойы, Алатау, Көкшетау т.б. өлкелер. Халқымыз жер көлемі жағынан кең-байтақ ел болумен қатар, тек мұхитпен ғана шектеспейтін, екі теңізі, үлкенді-кішілі 730 өзені,

тұнып тұрған көлі, мыңдаған тауы, шөл далалары мен кең жазира жазықтары бар, табиғаты ғаламат ел болып саналады [2, 5 б.].

Қазақстан тек жер көлемінен ғана емес, сонымен қатар сол жер бетінің сан алуан физика-географиялық ерекшеліктерімен де дараланады. Қазақстан жері дүниежүзіндегі мемлекеттердің көбінде кездесетін ландшафтардың барлығы бар елдердің қатарына жатады.

Жер бедері – жер бетіндегі құрлықтардың, мұхиттар мен теңіздер түбінің тілімденген пішіндерінің жиынтығы. Жер бедерінің төмен немесе көтеріңкі келетін оң және теріс пішіндерін айқындайтын термин ороним деп аталады [3, 233 б.].

Жер бедері эндогендік (ішкі) және экзогендік (сыртқы) күштердің ұзақ уақыт бойы әсер етуі нәтижесінде пайда болады. Ғалымдардың айтуынша, қазіргі заманғы жер бедері шамамен бұдан 150 млн. жыл бұрын қалыптасқан. Әрбір аймақтың бедері оның геологиялық құрылысына, ішкі және сыртқы процестердің біреуінің басым болуына байланысты. Жер бедерінің пішіні әр түрлі болуы мүмкін. Сондықтан зерттеуші М.Мәуленов жер бедерін мөлшеріне қарай мынадай түрлерге бөлген:

- ғаламшарлық пішінді (құрлықтар, мұхит табаны);
- мегапішінді (тау жүйелері, аумақты жазық жерлер);
- макропішінді (жоталар, тауаралық аңғарлар);
- мезопішіндер (төбелер, сай-жыралар);
- микропішіндер (шұқанақтар, дала бидайықтары);
- нанопішіндер (түбіршіктер, төбешіктер) [4, 652 б.]

Осыған байланысты жер бедері атаулары да бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен, ғалым Ғ.Ермекбаев өзінің «Жер бедері атаулары (семантикалық, морфологиялық талдау, фоносемантикалық сипаттама)» тақырыбы бойынша қорғалған кандидаттық диссертациясында жер бедері атауларының мынадай түрлерін көрсетеді:

1) құрлықтағы пішін бойынша ерекшеленетін белгілі бір табиғи нысан атауы (тау, шұңқыр, сай т.б.);

2) бүтін бір нысанды құраушы жекелеген компоненттер атауы (тау басы, тау сілемі, тау тізбегі т.б.);

3) табиғи нысанның бір компонентінің атауы (беткей, етек, шың т.б.) [5, 8 б.].

Жер бедерінің типтерін белгілейтін аппелятивтер көптеген географиялық терминдердің жасалуына негіз болды.

Бұрынғы заманда қазақтардың көшпелі өмірі жер бедерін, климат ерекшеліктерін, өсімдік жамылғысы, жайылымдардың егжей-тегжейін біліп пайдалануға ықпал жасады. Өйткені көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастырудың өзі жер бедерін ажыратып, бір орыннан екінші орынға көшу барысында ерекше жер бедері пішіндерін бағдарлаушы нүктелер ретінде таңдап алуға негіз болды. Осы аталған факторлар әсерінен қазақ оронимиясы немесе жер бедері атаулары дұрыс жіктелген, метафораларға бай, жергілікті ландшафт ерекшеліктерін дәл бейнелейтін атаулардан тұратын жетілген жүйе ретінде қалыптасты [3, 68 б.].

Демек, еліміздегі орографиялық терминдердің пайда болуына, дамуына тұрақты түрде әсер етуші факторлар – географиялық орта мен қазақ халқының көп ғасырлық өмір салты, шаруашылығы, мәдениеті, танымы.

Халық танымының жоғары деңгейінің көрсеткіші – орографиялық метафоралар. Зерттеуші Қ.Сапаров өзінің «Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі)» атты еңбегінде орографиялық метафораларды оронимдердегі индикатор-терминдердің бір түрі ретінде көрсетеді [3, 78 б.].

Метафоралы жасалған аталымдардың бейнелілігі олардың ішкі мағыналық құрылымынан көрінеді. Зерттеуші Б.Қасымның пікірінше, қазақ тіліндегі тілдік

метафоралардың түрлері бірліктердің біріншіден, аталымдық қасиетін, екіншіден когнитивтік мақсатын, үшіншіден қолданылымдық сипатын ескере отырып айқындалады. Атаулар осы айтылғанның біреуінің тар шеңберінде ғана қалып қоймайды, бұл қызметтердің өзара байланыста, сабақтастықта болады. Соған сәйкес, ғалым метафоралы аталымдардың үш түрін бөліп көрсетеді: 1) таза ұқсатуға негізделген метафоралы аталымдар атауыштық метафоралар; 2) адамның әлемді тануында нысандардың ассоциациялық байланыстарына негізделіп деректі, дерексіз атаулардың туындауына байланысты когнитивтік-атауыштық метафоралар; 3) қолданыста атаулардың бейнелілігі, бағалауыштығы басымдылық танытатын бейнелі-бағалауыштық метафоралар. Тілдік құбылыс ретінде метафора адам ойының бейнеленуінің барлық сатысында кеңінен пайдаланылады [6, 71 б.].

Метафоралық терминдер қазақтың халықтық географиялық терминологиясын толықтырып, географиялық нысандардың ерекшеліктерін айқындап отыр. Қазақ тіліндегі орографиялық метафоралар көбінесе анатомиялық атаулармен байланысты болып келеді. Көшпелі қазақтар адамдар мен жануарлардың дене мүшелерін белгілейтін сөздерді географиялық термин ретінде ертеден-ақ пайдалана бастаған. Ғалым Ғ.Қоңқашпаев: «Мәдени-тұрмыстық заттар, адам және жануарлар дене мүшелері атауларымен байланысқан метафоралық терминдер жер бедері пішіні, гидрографиялық нысандарды сипаттайды» деп жазады. О.Молчанова Алтай өңірі топонимиясында метафоралық (адам денесі - табиғи нысан) ауысу жиі кездесетін айта келе, 30 шақты анатомиялық терминді анықтайды (бас, төбе, ауыз, тіл, тамақ, тіс, мұрын т.б.). Э.Мурзаев метафоралық терминдерді арқа, көз, ауыз, мұрын, мүйіз, тамақ, бас, жал деген сегіз қатарға жіктеп атап көрсеткен [3, 111 б.]. Аталған лексикалық-семантикалық ерекшеліктер халықтың ұлттық өмірінің шаруашылық, этнографиялық ерекшеліктерінен туындайды. Зерттеуші К.Каймулдинова «Дене мүшелеріне сәйкес келетін «аяқ, бауыр, қойын» сияқты терминдер қыс кезінде малды суық желдерден қорғайтын тау етектеріндегі жайылымдарға қатысты пайдаланылады, ал «қабақ, өзек, төскей» терминдері жергілікті жердегі жер бедерін нақты сипаттайды» деп жазады [7, 27 б.]. Қазақстанда кездесетін метафора арқылы жасалған оронимдерге көптеп мысал келтіруге болады:

1) Айдар – шатқал. Бұл шатқал Солтүстік Қазақстан облысындағы Ш.Уәлиханов ауданында орналасқан. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *айдар* сөзінің мағынасы «төбеге қойылатын бір шоқ шаш» түрінде белгіленген [8, 39 б.].

Түркі халықтары мұсылман дініне енгенге дейін, төбеден бастап шаш өсіріп, бұрым өретін болғаны тарихтан мәлім. Сол шаш пен бұрым да айдар деп аталады. «Төбеден бастап өрілген шаш» мағыналы айдар сөзі метафоралық жолмен топонимге айналғанда, «тау, шоқы, төбенің басына өскен өсімдікті немесе төбеге шоғырлана біткен бір төбе тасты» білдіреді. Демек, мұнда атауға тұлғалық ұқсастық уәж болған. *Айдар, Айдарлы, Ақайдар* сияқты оронимдер туындаған [8, 53 б.].

2) Арқа - тау. Елімізде Балаарқалық, Итарқа сынды тау атаулары бар. *Арқа* сөзінің географиялық мазмұны – белгілі бір бағытта жота тәрізді созылып жатқан қыраттар. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде арқа сөзінің бірінші мағынасы – адам мен жан-жануардың ту сырты, жотасы, жоны, екінші мағынасы – Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарын қамтитын физика-географиялық өлке деп берілген [8, 63 б.].

3) Бет – Павлодар облысы Баянауыл ауданында орналасқан тау. Адам дене мүшелерінің терминдері табиғатқа тікелей көшіріліп, метафоралық атаулар жасалғаны ерте заманда қалыптасты. Себебі табиғатпен етене араласып өмір сүргенде ғана табиғаттың әр қыры мен сырын тану мүмкін болмақ. Адамның бетіне ұқсату үшін таудың бір жағы, кейде екі жағы да біршама тегіс көлбеу болып келуі

кажет. Халқымыз қалың орман өскен, тас үйінділері бар жерді бет деп атамаған. Бет географиялық терминінен *беткей* (таудың шағын, кішілеу беті) аппелятивті қалыптасқан. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде де «бет» сөзінің алтыншы мағынасы «таулы, қыр-қыратты жердің құлама жағы, беткейі» деген мағынаны береді [8, 129 б.].

4) Бел – тау, асу, қырат. Павлодар облысында осы термин арқылы жасалған Ақбел тауы бар. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бел» сөзінің үшінші мағынасы - таудың қырқасы, аласа асуы, кезең. К.Сапаровтың пікірінше, осы терминнің географиялық мазмұнын екі анықтама арқылы беруге болады: а) Оңтүстік Қазақстан және Орта Азияның тау жоталарындағы кең жалпақ асулар; ә) Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан өңірлерінде табаны мен жонының көрінісі айқын емес, аласа келген, созылып жатқан қыраттар [3, 292 б.].

5) Көбе – тау. Баянауыл ауданында орналасқан. Көбе – тырнақтың айналасындағы жиек еті мәніндегі анатомиялық термин [8, 246 б.]. Топонимикада көбе «судың жермен, жазықтың таумен шектесетін жері» мағынасында географиялық термин жасайды. Микротопоним ретінде Көбе, Көбек, Сарыкөбе сынды атаулар кездеседі.

6) Жал – тау. Қазақстанның солтүстік өңірлерінде Айғыржал, Сарыжал, Қаражал сынды тау атаулары кездеседі. Жал терминінің географиялық мазмұны былай түсіндіріледі: а) табаны мен жоны алыстан көрінетін, тік беткейлерімен ерекшеленетін біршама созылып жатқан қыраттар; ә) ат жалына ұқсас дөңес қырлар. Осы атауға да тұлғалық ұқсастық уәж болғанын байқаймыз.

7) Көмей – Ақмола облысындағы төбешік әрі елді мекен атауы. Көмей «ауыз қуысын өңешпен жалғастырып тұратын мүше» анатомиялық терминінің негізгі қызметі – бір нәрсені өткізу. Көмей сөзі географиялық терминге ауысқанда, «өзен, судың тар, қыспақ жерге келіп құйылуы; тау шатқалдарына кіре беріс тұсы» деген мән береді [9, 60 б.].

8) Төс сөзі де бірқатар атаулардың жасалуында кездеседі. Мысалы, Павлодар облысында Төсбұлақ, Төсағаш, Төсшоқы сынды қыраттар мен елді мекендердің атауы бар. Географиялық термин ретінде төс, төскей сөздері аласа, жалпақ келген қыраттар мағынасында жұмсалады. Бұл терминдер төленгіт тілінде *тош* – ой, ойпатты жер мағынасында; қырғыз тілінде *тош* – беткейдің төменгі бөлігі мағынасында кездесетіндігі ғалымдардың (О.Молчанова) еңбектерінде дәлелденген.

Бұл мысалдардан біз метафоралық терминдердің қазақтың географиялық атауларында белсенді түрде қолданылатынын көреміз. Тіліміздегі метафоралық терминдер дәлділігімен, географиялық нысандардың сыртқы әрі ішкі ерекшеліктерін сипаттаудағы әмбебаптылығымен ерекшеленеді.

Қорыта айтқанда, жер бедері пішіні, ерекшеліктері, көшпелілердің өткен өмірі мен шаруашылығының көріністері оронимдік терминдерде орын алатындығын көреміз. Орографиялық метафораларда дүние, адам, рухани және материалды мәдениет жайында сан қырлы орасан мол когнитивтік мәліметтер мен ақпараттар жинақталған. Халықтың танымы ғаламды танып-білуі нәтижесінде жинақталған білім қоры мен тәжірибенің метафоралық тұрғыдан бейнеленуінен көрінеді. Адамның, этностың дүниетанымы, ой-санасы, шаруашылығы, мәдениеті, ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі метафоралық орографиялық терминдерде өзінің тілдік көрінісін сақтаған.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан аймақтық топонимиясы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2008-278 б.

2 Қайдар Ә.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. - Алматы: Сардар, 2013.-5 б.

3 Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). – Павлодар: ЭКО, 2007.-111 б.

4 Мәуленов М. Жер бедері //«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2002.-652 б.

5 Еремекбаев Ғ.Ж. Жер бедері атаулары (семантикалық, морфологиялық талдау, фоносемантикалық сипаттама): ф.ғ.к. ... дисс.авторефераты. Алматы, 1999.-58 б.

6 Қасым Б.Қ. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектілері. – Алматы, 2003.-71 б.

7 Каймулдинова К.Д. Қазақтардың табиғатты пайдалану және қорғау дәстүрлерінің топонимиялық аспектілері: ф.ғ.к. ... дисс.авторефераты. Алматы, 1998.-27 б.

8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.-246 б.

9 Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана, 2013. – 60 б.

#### Резюме

В статье рассматривается когнитивный аспект ландшафтных наименований казахского языка. А также орографические метафоры, которые являются показателем высокого уровня познания народа.

#### Resume

The article considers the cognitive aspects of landscape names of the Kazakh language, also orographic metaphors, which are high level of cognition of the nation.

## ӘОЖ 8'82'82-1

### АҚЫН СВЕТҚАЛИ НҰРЖАН ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

**Ж.О. МӘМБЕТОВ**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының  
жетекші ғылыми қызметкері

**Г.С. РАЙНБЕКОВА**

педагогика ғылымдарының магистрі,  
Еуразия гуманитарлық институтының аға оқытушысы

#### Аннотация

Мақалада ақын Светқали Нұржан лирикасының көркемдік ерекшелігі туралы ғылыми көзқарастар қарастырылған. Оның лирикасында көңіл-күйді толқытатын ойнақылық та, жыраулық дәстүрге тән озандық та, абыздарша толғап кететін ойлылық та бар.

*Түйін сөздер:* жыр-дастандар, ақындар, жер, дала, өлең

Светқали Нұржан ұлттық рух пен қазақы дәстүрге бай, батырлық аңыздар мен жыраулық өнердің сарқыты сақталған Маңғыстау өлкесінде дүниеге келген. Бала



күнінен-ақ сол аймақтағы ұлы жыраулардың көзін көрген, сол өнерді кейінгі ұрпаққа жеткізуші, көнекөз жыраулар мен ақындардың сөзін естіп, жадына тоқып өскен. Олар жырлаған жыр-дастандар мен ауыз әдебиетінің үлгілері Светқалидың қиялын ұштап қана қоймай, оның ақындық өнерге келуіне ықпал етті десек қателеспейміз. Оның алғашқы балауса өлеңдерінің өзінен-ақ туған жер, ата мекен, дала табиғатының айшықты суреттерін сөзбен салуға деген ұмтылысын байқауға болады. Оның «Төбелер» деген өлеңі сол балалық қиялдан туған алғашқы жырларының бірі деуімізге толық негіз бар.

Қырда мен төбелерден сыр ауладым,  
Келеді жиһанкезден бір аумағым.  
Ер Досан қарсы алдымнан шыға ма деп,  
Алаулап, алабұртып тұр-ау жаным.

Шаршадым әр қыратқа мұнданам деп,  
Жүректі ауыр ойлар шыңдаған көп.  
Танданам кешегі күн бұл төбелер,  
Ақтанның жырларын да тыңдаған деп [1, 3 б.].

Бала ақынның қай төбені жырға қосып отырғанын әрине бізге белгісіз, бірақ қиялмен сол кездің өзінде-ақ кеңестік тарихта көп айтыла бермейтін Маңғыстау өлкесіне аттары мәлім Досан батыр мен Ақтан ақынның атын атап, кішкентай ғана төбемен байланыстыра алған. Мұнан Светқалидың бала күнінен өз аймағындағы белгілі адамдардың өмірі туралы жақсы хабардар болғанын пайымдауға болады.

Светқалидың алғашқы жырларына қарап оның да барлық ақынға тән еліктеу кезеңін басынан өткергенін, өлеңнің мазмұнынан гөрі ұйқасына көбірек мән беретінін байқаймыз.

Көктем келіп, қызыққа дала батты,  
Дүние біткен думан боп бара жатты.  
Жақсылықтың нышаны осы ғой деп,  
Езуімнен күлкім де тарампты.

Қып-қызыл бәйшешектер қырда гүлдеп,  
Шақырады өзіне: «Жырла жүр» - деп.  
Гүлді көріп, менде де көктем туды,

Кеудем көктемгі аспандай шулады кеп, - деген өлең жолдарынан жас ақынның айналадағы табиғатқа деген өз сезімін өлеңмен көркем кестелеп жеткізуге тырысқан талпынысын танимыз [1, 3 б.]. Бірақ ақынның толысқан, қалыптасқан кезіндегі жыр жолдарымен таныс оқырманның бұл шумақтардың Светқалидың кейінгі жылдары жазылған өлеңдерінен көркемдік жағынан болсын, шымыр ұйқас пен ерекше форма жағынан болсын әлдеқайда төмен екендігін байқамауы мүмкін емес. Яғни бұл салыстырулар ақынның ылғи да даму үстінде, өсу үстінде болғанынан хабар береді.

Светқали поэзиясының қамтыған тақырыптары әр алуан. Бір кездері өзі жазған:

Бәріне еркін барып, еркін келем,  
Жанымнан іңкәрліктің дертін көрем.  
Мен жазар жырды теңдеп жетті бір күн,  
Бура-бұлт шудалары желкілдеген.

Жамырап жұлдыз біткен жауды маған,  
Шашу ғып қайта шашты тауды далам...  
Ғажайып өлең сөйлеп кетті бір күн

Қалқаның жанарынан жаудыраған, - деген өлең шумақтарындағы ақының ақтарыла айтқан сыры шындықпен үйлеседі [2, 16 б.]. С.Нұржановтың алғашқы жинағын парақтай отырып оның көбіне табиғаттың тылсым сырына ылғи да қызығушылықпен қарап, ондағы кейбір оқыс өзгерістерден оймақтай ой түюге төселіп келе жатқанын аңғарамыз. Тақырыпты ақын алыстан іздемейді, өзін толғантқан, ой салған, сезіміне әсер еткен көріністер мен қарапайым ғана өзгерістерді өзі айтқандай «бура-бұлт», «жамыраған жұлдыз», «тау» мен «дала», «қалқаның жанары» сияқты құбылыстарды поэтикалық жанрда шебер бейнелейді. Соңғы кездері Светқали жырларында махаббат лирикасы азайып кетті, оның поэзиясында бұрын махаббат лирикасы болған ба еді деген пікірлер айтылып жүр. Неге болмасын, болған. Ол да жас болған, оның да өз сезімін қызға өлеңмен жеткізген кезін замандастары жақсы біледі.

Қарықтырғанда көзімді ақ тамақ қарша,  
Сезім шіркінді төзімім шаққа басқарса,  
Телміре қарап содан соң бір-бірімізге,

Тұра берсек-ау тапжылмай ақ таң атқанша!...-деген өлең жолдары бұл ойымызға дәлел бола алады ғой деп ойлаймын [2, 19 б.]. Сексенінші жылдардың басында жазған өлеңдерінде ақын өзінің сүйіспеншілік сезімін барынша ашық та айқын және көркем тілмен бейнелегенінің куәсі боламыз. Махаббатқа мас, өз сезімінің жетегіндегі жастың бейнесі көз алдымызға келеді. Сол алғашқы шығармаларының өзінен-ақ лирикалық қаһарманның бейнесін көз алдымызға елестете аламыз. Яки ол образ кімді де болса бей-жай қалдырмайды, ой салады. Талантты сыншы З.Серіқалиевтің «...поэзияда кез-келген терең, сүбелі, салмақты ой образға айнала бермеуі мүмкін (ол шеберлік мәселесіне қатысты), ал әр бір мүсінделген образ-сөз жоқ, ой...» дегенде айтқысы келгені де осы болса керек [3, 199 б.].

Қыз едің керім  
Сен деген –  
Тағдырың жалқы сый берген.  
Жердегі барлық пендеге,  
Биіктен қарап үйренген.

Жауандап тұнық жанарым,  
Көз салғам саған,  
Күдірет! –  
Биіктен маған қарадың  
Жердегілердің бірі деп.

Өшірем енді сезімді  
Кигізген маған от көйлек...  
Армандап едім өзінді,  
Арманнан биік жоқ қой деп!... [2, 30 б.]

Көріп отырғанымыздай, жырда жас адамның сезім шырғалаңы әсем де әсерлі суреттеледі. Лирикалық қаһарманның жан дүниесіндегі ұнату, армандау, бір жағынан жігіттік намыс пен өз тәкаппарлығының шырмауынан шыға алмаған жастың іштейгі қайшылығы реалистікпен көрініс тапқан. Лап ете түскен жас адамға тән сүйіспеншілік сезімді ақын шынайы болмысымен көз алдымызға алып келеді. Бірақ екінші тараптан өз сезіміне лайық жауап ала алмағандықтан жігіт те тез айниды. Өзін ешкімнен де кем тұтқысы келмейді. Сондықтан да «Өшірем енді сезімді» деп өз сезімін ақылға бағындырады. Сонымен қатар осынау өлеңде бұрынғы ақындарда көп

кездесе бермейтін образды суреттеулер де кездеседі. Ғашықтық сезімді «от көйлек кигізу» арқылы бейнелеуі расында да Светқалидың тапқырлығы дер едік.

Бірақ адам сезімі секілді ойы да бір қалыпта тұра бермесі белгілі. Оның да толысып, кейбір балаң түсініктерден арылып, өмірлік тәжірибе мен пайымдаулардың өзгеріп отыруы заңдылық.

Шығармашылық тұлғаның өсуі, жетілуі ол оның жеке басының ізденімпаздығына тікелей байланысты. Өнерде бір жетістікке қол жеткізу - ол әрдайым өзінді өзің қайрау, жаңа жол табу, өзіңе ғана тән стиль қалыптастыруға аппаратыны белгілі. Әрине бұл жолда ақынның талай белестерді бағындырып, көптеген шығармашылық тұлғалардың шығармаларымен танысқаны айқын аңғарылады. Светқали шығармашылығы Махамбет, Абай дәстүрін бойына қалыптастыруымен, жергілікті Маңғыстау өңірі ақын-жырауларының сөз қолданыстарын бала күнінен бойына сіңіруімен, кейінгі кеңестік дәуір ақындары Сәкен мен Илиястан бастап Мұқағали мен Төлегенге дейінгі ақындық поэзияны барынша терең меңгеруімен ерекшеленеді. Осыған қарап Светқалидың шығармашылық өнерінде Батыс Қазақстандық көне ақын-жырауларға тән үрдістің жаңа дәуір әдебиетімен араласқан синтетикалық сипатын аңғаруға болады. Оның өлеңдерінен кейде Махамбетке тән кең тыныс пен Абайдан дарыған салқынқандылық, парсаттылық, кейде Мұқағали жырларына ұқсайтын нәзік лирикалық сипат пен көне жыраулар поэзиясында кездесетін қызу динамика мен мағынасы бір оқығанан түсіне қою қиын көне сөздердің жүруі соны аңғартса керек. Бірақ Светқали дәл мына ақынды қайталайды немесе мына ақынға ұқсайды деп ешкімнің де кесіп айта алмасы анық. Өйткені стиль ол - өнердегі ерекшелік. Ақын айнала қоршаған ортадан өзі таныған ақиқат шындықты өзінің әуенімен, өзіне ғана тән сөз қолданыспен жеткізеді. Сондықтан да ол сонау ақындық өнердің есігінен енді сығалаған бозбала күнінің өзінде:

Дана Абайдан нұр алып,

От – Қасымнан,

Тұрсам деп ем ай құсап көкке асылған...

Есігінен өлеңнің енсем деп ем,

Шаңырағы шатынап, топса сынған!..- деп жазған болатын [2, 13 б.].

Шығармашылық жол да адам өмірі сияқты. Оның да үйрену, даму, қалыптасу кезеңі бар. Светқалидың шығармашылық жолына көз сала отырып, оның да бір ғана бағытта емес ақиқат шындықты іздеу барысында әр алуан белестерден өткенін байқауға болады. Бозбала кезіндегі өлеңдерінен ақынның қиялының ұшқырлығымен қоса оны айнала қоршаған ортаға деген аңғал сезімін байқайтын болсақ, өмірдің ащысы мен тұщысының дәмін татқан саха жігіттік жастағы ақын жырларынан сол таным-түсініктерінің өзгергенін, өмірдегі кейбір мәселелерге ойлы көзбен қарай бастағанын танығандай боламыз.

Нағыз талант иесі өлең түріне бай да соны мазмұн әкеле отырып, өлеңнің ырғағы мен құрылымын, кейде тіпті жалпы стильдік сипатын өзгертіп жібереді. Бұл жолда ол өзіндік «реформалар» мен «төңкерістер» жасай отырып, жаңа мазмұнға тән идеялық, көңіл-күйлік, психологиялық жаңалықтар ашып, өзіндік мәнерін, өзіне ғана тән дәстүрін қалыптастырады. С.Нұржанов қазір өлең жазудың барлық қыры мен сырын терең меңгерген, ақындық өнерді өмірінің мұраты тұтқан, сол жолда барынша ізденіп, өзіндік жолын тапқан талант иесі.

Светқали поэтикасының басты ерекшелігінің бірі – оның шығармашылығындағы философиялық ой мен сырдың қатар жүруі. Ақын өзі көрген, өзі таныған өмір құбылыстарына әрдайым өзінше баға беріп, оның мәні мен мазмұнынан сыр түюге тырысады. Мына өмір бізге не үшін берілді, осынау

кеңістіктегі адамның міндеті мен мұраты не деген мәңгілік сауалдарға жауап іздейді. Адамның рухани болмысының терең қатпарларын ашып, оған ғасырлар бойы сақталып келе жатқан қазақы ұғым, ұлттық таным тұрғысынан баға береді. Мысалы, «Біз» деген өлеңінде:

Ой ашытқы, сөз – шарап,  
Ішіп едім не біліп?  
«Бок дүние, Боз шолақ» -  
Дүмі қалды көрініп, - дейді [4, 223 б.].

Ақынның ойын оймақтай ғып жинақтап жеткізуге шебер екені байқалады. Мақал-мәтелдерге тән қысқалық пен нұсқалық Светқали өлеңдеріне де тән.

Бізге берген енші өзге -  
Келте пішкен шапандай,  
«Атасы арзан жел сөзге»  
Кетіп барам ақы алмай.

Таба алмадым ояу жан,  
Басырлықтан – бар өлім.  
Жұрдай болды бояудан,  
Менің ғажап әлемім [4, 223 б.].

Ақынның көркемдік танымы өзінің тылсым да жұмбақтығымен ерекшеленеді. Ол талант иесінің шығармашылық болмысын, оның қиялындағы көркемдік әлемнің сыры мен сипатын осынау екі шумақта шебер суреттеп бере алған. Бір қарағанда Абайша толғап кеткен сықылды. Өлеңнің ырғағы мен өлшемдері де соны дәлелдей түсетіндей. Бірақ ақынның айтқысы келген ойы басқа, жырлап отырған заманы басқа.

Светқали поэзиясындағы жекелеген сөздер ғана емес, кейде тұтас тіркестер мен күллі шумақ образдылық сипатқа ие болып келетін кездері жиі кездеседі. Ақынның «Ай қазасы» деген өлеңі осындай тұтас поэтикалық ойға құрылған көркемдігі жоғары шығарма.

Қаза болды ай бүгін көз алдымда,  
Гүл шомылды ақырғы тозаң-нұрға.  
Айдың әр тал сәулесін шыққа жерлеп,  
Аят оқып мен қалдым бозаң қырда.

Сәулелі шық- көзіне әлем түнеп,  
Жәудірейді күткендей менен тірек.  
Айды азалап отырып, бозаң қырда:  
«Есіркей гөр, ескі айым», - деп ем тілеп [5, 73 б.].

Айдың туып, толып, келесі кезенге өтуі табиғи құбылыс. Бірақ соны ақын өзінше пайымдаған. «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп жататын қазақы ұғымды өзінше түрлендіріп, айды ақындық қиял арқылы аллегорияға айналдырып, оны тіпті адам ретінде аза тұтып, жерлеп те жатқандай.

Оның шығармаларында қазаққа белгілі, әр дәуірде өмір сүрген жекелеген адамдардың мінез-құлықтары, олардың өмірлік мұраттары, көзқарастары жан-жақты қарастырылады. Оның лирикалық қаһармандары жыраулар мен діни тұлғалар, ақындар мен батырлар. Светқали өз өлеңдерінде олардың атқарған ұлы істері мен ерліктерін, мінездеріндегі ерекше қасиеттерді талдай отырып, тарихи тұлғалар мен кейінгі ұрпақтың арасындағы байланысқа назар аударады, сол арқылы жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың сырын ашып, түсіндіруге тырысады. Ол автор ретінде бейтарап қала отырып, өткен оқиғалар мен құбылыстардың сырына тереңдей үңіледі, оған өзінше баға береді. Оның кейіпкерлері Сырым, Қашаған, Махамбет,

Абай, Қасым, Бауыржан, Мұқағали, Төлеген, Жүмекен, Иранғайып т.б. Ақын бұрынғы өткендерімен қиялы арқылы сырласса, бүгінгі көз көргендерімен арадағы адами қасиеттерін, тек бір ғана мінез ерекшелігін сөз ете отырып, өзгеше философиялық ой түйюге, олардың да адами болмысын мінездерінің, әрекеттерінің тек бір қыры арқылы танытуға ұмтылады. Мысалы, қазақтың елдігін сақтап, теңдігін сұраған Сырым батыр жайлы ақын былайша толғанады:

Сырым бабам-ай, Аршыландарға есе бермей кеткен қабылан,  
Сені көргенде қайырсыз хандар түңілген табыт – тағынан.  
Наркескенің қапты ілулі көкте,  
Жарқылдап жүзі жарты ай боп  
Шарық-Аспанға жаныған [4, 46 б.].

Жыр мазмұнының көнеден келе жатқан жыраулар поэзиясымен үндес екенін аңғарамыз. Дәл осы ырғақ, осы ұйқас Сырымның батырлық, ақындық болмысымен үйлесіп тұр. Ханды тағынан түңілткен, арыстанның өзіне есе бермей кеткен қабыланның әсем де асқақ бейнесі расында да кімнің де болса есінде сақталып қалары сөзсіз. Күржіман шайыр қолданған көне «аршылан» сөзін де ақын өз өлеңінде өте ұтымды пайдаланған. Светқали жырларында өткен замандарда қолданылып, кейінгі кездері өздерінің алғашқы мәні мен мазмұнынан айырыла бастаған сөздер жиі көрініс беріп қалып жатады. Көнерген архайзмдер мен историзмдер оның өлеңдерінде қайта тіріліп, қазақ сөзінің қасиетін одан әрі тереңдетіп, сөздік қорын молайтып жүргенін біз оның тарихшылдығынан, шежірешілдігінен деп білеміз.

Ақын қазақ өлеңінің табиғатын, оның ырғақтық, интонациялық болмысын жақсы таниды. Сондықтан да оның өлеңдерінің мазмұны әрдайым өзі таңдаған тақырыппен, оның сюжеттік, идеялық сипатымен астасып жатады. Көрнекті әдебиеттанушы ғалым З.Ахметовтің «Қазақ өлең жүйесінің өзінше бітімі болуы, тармақтың да буын санымен белгіленуі – мұның бәрі тілдің құрылысына, алдымен дыбыстық яғни фонетикалық құрылысына орай қалыптасқаны, тілдің табиғатынан туатыны талассыз», -деген пікірі осынау ақиқат шындықты танығаннан соң айтылған тұжырым екеніне күмән келтіре алмаймыз [7, 326 б.].

Шығармашылық - ақын үшін тек өмір сүрудің ерекше бір түрі (формасы) ғана емес, өмір туралы өз формуласын жасаудың бір жолы, мәңгілік жауабы табылмайтын сұрақтарға жауап табуға тырысудың алғышарты сияқты. Ақын осы жолда қалыптасқан ғылыми тұжырымдар мен логикалық формулаларды өзінше толғап, кейде оларға қарсы шыға отырып, бәрін таза өз қабылдауы арқылы беруге, лирикалық «мен» жүйесіндегі поэтикалық сипатта түсінуге күш салады. Бұл оның көне абыздар сықылды пәлсапалық ерекшелігі ғана емес, ақынның көркемдік әлемінің көкжиегінің кеңдігін аңғартады. Мынау «Жұмақ түннің жұпары» деген өлеңдегі әсем ұйқас пен әдемі суретті, әуезді ырғақты кез келген оқырманның барлық жан-тәнімен сүйсіне қабылдары сөзсіз:

Лүпілін жүрегімнің бұлаққа ілдім,  
Деміне құлақ түрдім қырат-қырдың.  
Ай - құлып,  
Жұлдыз кілтпен бұрап тұрмын,

Қақпасын ашпақ болып жұмақ түннің [6, 24 б.]. Адам мінезі мен табиғат құбылыстары арасындағы ақынның өзі ғана танытын нәзік байланыстардың сыры расында да кімді де болса елең еткізбей қоймайды.

С.Нұржан ұйқасқа барынша мән беретін ақын. Оның өлеңдерінің әуезді де ырғақты келуі, тармақ соңындағы ұйқастардың барынша үндесіп, тілге жеңіл оратылып отыратыны да сондықтан. Академик З.Қабдолов «Ұйқас – өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты нәрсе. Өлеңнің сыртқы сұлулығы

үшін емес, ішкі жылуы, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе», - деп бекер айтпаса керек [7, 206 б.]. Поэзияның басты мұратының өзі әсемдік екенін ескерер болсақ, Светқалидың өлеңдері сол сұлулықтың барлық өлшемдеріне жауап бере алатын, шығармашылық терең ойдан туған мазмұнды туындылар.

Ақындық өнерін сексенінші жылдары бастаған ақындардың жырларындағы негізгі сюжет – ол тоталитарлық дәуірдің қирауы. Сол қираған дәуірдің образын сомдау арқылы олар замана шындығының жаңаша поэтикалық бейнесін жасап шықты. Ал сол тұста көзқарастары қалыптасқан ақындар бұл дәуір шындығын жас ұрпаққа қарағанда байыппен, байсалдылықпен жырға қосты. Олардың поэзиясында бұрынан ұстанып келе жатқан өз жолдарын сақтап қалу, өзіндік «менді» жоғалтып алмауға тырысушылық байқалады. Ал сексенінші жылдардағы ақындар қоғамдық сананың сан салаға бөлініп, бөлшектеніп кетуінен сескенген жоқ. Олар кез-келген құбылысқа барынша мән беріп, дер кезінде үн қатуымен ерекшеленеді. Олардың шығармашылық өнерінде инфантилизм мен посмодернистіктің көрінісі де жоқ болатын, сонымен қатар олардың поэзиясында ұлт болашағы үшін, халықтың тілі мен ділі үшін уайым-қайғы жеген лирикалық «меннің» өзгеше бейнесі қалыптасып келе жатты.

Әдебиетке сексенінші жылдары келген ұрпақ туралы осы кезге шейін олардың шығармашылық қырларын, бағыт бағдарларын толық танытатын көлемді еңбек жазыла қойған жоқ. Кез келген толқынның әдебиетке араласуына және оларды басқалардан ерекшелеп тұратын қоғамдағы үлкен мәдени-әлеуметтік қозғалыстардың әсері екенін де айта кетуіміз керек. Сексенінші, тоқсаныншы жылдардағы толқынға кеңестік саясаттағы қайта құрудың әсері, әлеуметтік-психологиялық климаттың бірден өзгеруі қатты ықпал етті және сол өзгермелі әлемге тез бейімделу жолындағы олардың табыстары мен қателіктері олардың шығармашылық ерекшелігін айқындайды.

Қорыта айтқанда, Светқали Нұржан қазір нағыз толысқан шағындағы ақын. Оның лирикасында көңіл-күйді толқытатын ойнақылық та, жыраулық дәстүрге тән озандық та, абыздарша толғап кететін ойлылық та бар. Ол мынау айнала қоршаған ортадағы әр оқиғаға, әр құбылысқа бей-жай қарай алмайтың жаны нәзік, ойы кемел, сөзі сұлу шайыр.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Нұржанов С. Аруана: Өлеңдер. – Алматы: Балауса, 1992. -80 б.
- 2 Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. 3 томдық. 1-том. - Алматы: Үш қиян, 2002. – 352 б.
- 3 Классикалық зерттеулер. Көп томдық. –Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. Т.34. Әдебиеттану және әдеби сын. (1960-1990) -408 б.
- 4 Нұржан С. Таң қауызын жарғанда.3 томдық. 2-том. - Алматы: Үш қиян, 2002. – 344 б.
- 5 Нұржан С. Таң қауызын жарғанда.3 томдық. 3-том. - Алматы: Үш қиян, 2002. – 352б.
- 6 Нұржан С. Ай таранған түн. Жыр кітабы. – Алматы:Жазушы, 2008. -384 б.
- 7 Классикалық зерттеулер. Көптомдық. –Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. Т.15: Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов. Әдебиетр теориясы. -412 б.

#### Резюме

В статье рассматриваются научно обоснованные художественные особенности лирики поэта Светкали Нуржан. В его поэзии выделяются и игривость душевного

состояния человека, и волнующая ум рассудительность мудреца в традиционном их понимании.

#### Resume

In the article there are examined scientifically substantiated artistic peculiarities of lyrics of the poet Svetkali Nurzhan. In his poetry the prominence is given to playfulness of the internal state of a man and the sensibility of a wise man exciting the intellect in their traditional understanding.

ӘӨЖ 37.01.372.882

### БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ҮЛГІЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**А.Б. ШОРМАҚОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
қазақ және орыс филологиясы кафедрасының доценті  
Еуразия гуманитарлық институты

**К.К. АБДЕНОВА**

Астана қаласындағы № 48 мектеп-лицей мұғалімі

#### Аннотация

Халық ауыз әдебиетінің үлгілері – балалардың психологиялық ой-өрісіне, жас ерекшелігіне сай жазылумен бірге, оларды адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелейтін ең сенімді құралы. Демек ұлт болашағын тәрбиелеуде халық мұрасы ерекше орын алады. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына халық ауыз әдебиетінің үлгілерін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері туралы сөз болады.

*Түйін сөздер:* қазақ балалар фольклоры, балалар психологиясы, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі, ой-өрісінің кеңеюі, сөздік қорының молаюы, дүниетанымының жан-жақты дамуы

Балалар фольклоры – ауыз әдебиетіндегі бала тәрбиесіне арналған халықтық педагогиканың өмір тәжірибесінен алынған шығармалар жиынтығы. Соңғы кезде білім беру орындарында балаларға арналған ауыз әдебиетінің үлгілерін, оның салаларын оқытуға көп көңіл бөлінуде. Ал оқу материалдарына аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, ертегілер, шешендік сөздердің түрлерін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіп, оқу үдерісінде үздіксіз пайдалану – баланың ой-өрісінің кеңеюіне, сөздік қорының молаюына, дүниетанымының жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Зерттеуші ғалым Қ.Матыжанов: «Ең алдымен балаларға арналған халық шығармалар – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын асыл мұра. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, музыкалық сазымен, өнегелі мазмұнымен, ойындық жеңіл формасымен балалардың рухани азығына айналған

бағалы тәрбие құралы», - деп [1, 45 б.] ауыз әдебиетінің педагогикалық құндылығын танытады.

Бастауыш сыныпта ауыз әдебиетінің үлгілерінен төрт-түлікке арналған жырлар, өтірік өлендер (үзінділер), мақал-мәтелдер (әртүрлі тақырыптағы), жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер: хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып оқиғалы ертегілер, шешендік сөздер т.б. оқытылады [2, 55 б.]. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бала тәрбиесіндегі алатын орнын көрсетіп, олардың танымдық маңызын, еңбекке, адамгершілікке, патриоттық, батырлық, ерлік, дене, эстетикалық тәрбие берудің көзі екеніне мән береміз.

Бастауыш сыныпта халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытуда төмендегідей нәтижелерге қол жеткізіледі:

1. Оқушының сөйлеу тілін жетілдіріп, ойлау қабілетін арттырады, ақыл-ойын дамытып, жадын жаттықтырады.

2. Ең қарапайым әдіс-тәсілдерден басталған оқу дағдысын қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылығын арттырады.

3. Білім мазмұны арқылы, табиғат, қоғам туралы түсінігін кеңейтіп, дүниетанымын арттырады.

4. Шығарма мазмұны арқылы оқушы адамгершілік нормаларына сәйкес келетін мінез-құлықтарды, дағдылар мен әдеттерді, ынты-қыластарды қалыптастырады.

5. Халқымыздың ой-өнерінің алтын қоры – ауыз әдебиеті үлгілерімен танысады, ертегі мазмұнын саналы баяндауға, өз болжамы мен қорытындысын айта білуге үйренеді.

**Ертегілерді оқыту.** Ертегілер – халық өмірін бейнелейтін фантастикалық негізге құрылған оқиғалы көркем шығарма [3, 31 б.]. Ертегінің бай фантастикасы балалардың ойына қозғау салып, өмірдің неше алуан сырларын танытады, сана-сезімі мен ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына көмектеседі. Ертегіні балалар сүйсіне тындайды, себебі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа айтылып, әбден екшеліп, халықтың даналық, тапқырлық ой-пікірлері жинақталып, көркем әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде. Ертегі оқиғасы басталатын жерден-ақ қызықты, ұшқыр қиялды болып келеді де, баланың ойын бірден қызықтырып, еліктіріп әкетеді [4, 67 б.].

Халық әділеттілік пен адамгершілікті, ақылдылық пен батырлықты ертеден-ақ өте жоғары бағалап, әңгімеге, ән-жырға арқау етіп отырған [5, 6 б.]. Ертегілердің тәрбиелік маңызы орасан зор. Ертегілерді оқу арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Ертегінің тілі түсінікті, қанағатты сөздер мен бейнелі тіркестерге бай болып келеді. Ертегілерді оқытуда ескерілуге тиісті жайттар:

1. Ертегіні оқыту барысында «бұл ойдан шығарылған, өмірде кездеспейді» деудің қажеті жоқ, жан-жануарлардың сөйлемейтінін балалардың өздері де біледі, бірақ ертегіде кездесетіндерді қиялдау оларды көңілдендіреді, армандауға үйретеді.

2. Оқушыларды кейіпкерлерге қарапайым мінездеме бере білуге үйретуде ертегілердің пайдасы мол.

3. Қара сөзбен жазылған ертегілер мәтінге жақын үлгімен мазмұндалады.

Ертегілермен танысқаннан кейін осыған ұқсас ертегі құрастыру, немесе ренішпен, өкінішпен аяқталатын ертегіні қуанышпен аяқталатындай етіп өзгерту баланы сөз өнеріне үйретумен қатар армандауға, қиялдауға жетелейді. Ертегі құрастыру алғашқыда сурет бойынша әңгіме құрудан басталады да, бұл жұмыс бірте-бірте күрделене түседі [6, 25 б.]. Соңғы кезеңдерде оқыған ертегінің мазмұнына сәйкес әңгіме құрастыру сияқты болып жалғаса береді. Тек бұл жұмыс тұрақты түрде жүргізілуі тиіс.



**Жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді оқыту.** Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінен жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді оқу-тәрбие үрдісінде үздіксіз пайдаланып, дәстүрге айналдырғанымыз жөн. Белгілі ұстаз-ғалым М.Ғабдуллин мақал-мәтел жөнінде: «Қай мақалды алсақ та, оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады, мақал соларға берілген даналық қорытынды, тұжырымды түйін болып отырады», - дейді [3, 23 б.]. Сондықтан еңбек ету, оқу-білім, ынтымақ-бірлік, ерлік, батырлық, мінез-құлық, әдет-ғұрып жайындағы мақал-мәтелдер арқылы балалардың тілін, сөздік қорын дамытуды басты мақсат етіп аламыз.

Мақал-мәтелдер мен жұмбақ, бір жағынан, балалардың өмірге көзқарасын кеңейтсе, екінші жағынан, сөздік қорын байытады. Жұмбақтар бойынша жұмыс, негізінен, оның шешуін табу бағытында жүргізіледі. Ол үшін құбылыстарды, нәрселерді жұмбақтап айтылған белгілеріне қарай табу әдісі ұсынылады. Мұндай жағдайда жұмбақталған нәрсенің жалпы қай салаға жататыны, қандай бағытта ізделетіні айтылады.

Балалардың тілі шебер, ойы орамды болу үшін мақалдармен шебер жұмыс жасалу қажет. Үйренген мақалдарды орынды қолдану керектігі түсіндіріліп немесе сурет бойынша мақалдар айту да баланың тілінің дамуына өз әсерін тигізеді.

Жұмбақ, мақал-мәтелдермен сайыс сабақ өткізу оқушылардың тілін дамытудың бір жолы. Ол сайыс сабақ түрлерінің сипаты төмендегідей болып құрылуы тиіс:

- оқиғаға байланысты мақал-мәтелдер айтқызу;
- суретке қарап тұрып, бірнеше мақал айтқызу.

Мақал-мәтелмен жұмыс «айтыс» түрінде де жалғасын табады.

**Мысалдарды оқыту.** Мысалдарды оқытуда бұл жанрдың мынадай өзгешеліктеріне: аллегориямен айтылатынына, мысалда белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мән болатынына, және оның оқылу ерекшелігіне назар аударылады. Бастауыш сынып оқушылары мысалды оқығанда суреттелген оқиғаның тартымдылығына қызығады, оны шындық деп қабылдайды. Сондықтан балалардың мысалдағы кейіпкерлердің іс-әрекетін тереңірек ұғына түсуіне жағдай жасайтын әдіс-тәсілдер қарастырылады [4, 45 б.]. Ол үшін алдымен мысалдағы суреттелген оқиғаны, қатысушы кейіпкерлерді шындық, өмірде болатындай етіп түсіндіру керек.

**Төрт түлік мал және жан-жануарлар жайындағы өлеңдерді оқытуда** ең алдымен, өлең оқылмас бұрын оның мазмұнына қарай балалармен әңгіме өткізіледі. Бұл жерде өлең ішінде кездесетін, балалардың ұғымына ауырлық келтіреді деген бейнелі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы түсіндіріледі. Өлеңді ырғағына келтіріп, мәнерлі түрде оқып шыққаннан кейін өлең мазмұны талданады, өлеңнің мазмұны бойынша жалпы сұрақтар қойылады. Өлеңді екінші рет, қорытындылау мақсатында, оқуға дайындық жұмысы жүргізіледі: оқу техникасы, дауыс сазы, хормен оқу, жеке балаға айтқызу т.б. жұмыстар [7, 47 б.].

Жалпы алғанда, бастауыш сыныптарда өтілетін халық ауыз әдебиеті үлгілері баланың ішкі рухани жан дүниесі байлығын дамытуға, адамгершілік-имандылыққа тәрбиелеуге, сөз өнерін түсінуге, тілін, қиялын арттыруға мүмкіндік береді. Халықтық педагогика арқылы баланың бойында ұлттық мінез-құлық, кішіпейілділік, сыпайылық, рухани-адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерді дарыту қажет [8, 55 б.]. Баланы ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том. 1-кітап. - Алматы: ҚазССР ҰҒА баспасы, 1961. – 227 б.

2 Рахметова С. Жаманқұл П.К., Қабатай Б.Т., Мадиева А.Т. 2-4 сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу бағдарламасы, 09.07. 2010 ж.

3 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: «Санат» 1974, – 320 б.

4 Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 1990. – 200 б.

5 Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Білім, 1998, – 290 б.

6 Қуанәлі М., Көмекова А., Бестаева А. Ертегіні қолдану – тәрбиешінің педагогикалық-психологиялық негізгі техникалық құрылымы // Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, № 6.-2013. – Б. 25-28.

7 Мектепте көркем шығарма талдаудың әдістемелік негіздері. – Алматы, 2009. – 265 б.

8 Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Дарыту, дамыту, интеграция. – Алматы: РБК, 2009. – 106 б.

9 Әдебиеттік оқу. 2-сынып. – Алматыкітап, 2011. – 245 б.

10 Әдебиеттік оқу. 3-сынып. – Алматыкітап, 2011. – 115 б.

11 Әдебиеттік оқу. 4-сынып. – Алматыкітап, 2011. – 205 б.

#### Резюме

В статье анализируются аспекты преподавания устного народного творчества в начальных классах общеобразовательной школы.

#### Resume

In the article there are analysed the aspects of teaching folk creativitv in the elementary classes of a secondary school.

**ӘӨЖ 81'373; 001.4**

### **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ САЛМАҚ ПЕН КӨЛЕМ ӨЛШЕМ АТАУЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

#### ***З. ШАДКАМ***

филология ғылымдарының кандидаты,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

#### ***А. СӘЛІМХАН***

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
2-курс магистранты

#### **Аннотация**

Адам баласы күнделікті өмірде салмақ пен көлемді өлшеу үшін өлшем бірліктеріне жүгінген. Әр ұлттың өзіне сай өлшем жүйесі бар. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесінің ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз, өңделіп, жаңарып жетуі нәтижесінде өлшеудің өзіндік халықтық жүйесі қалыптасты.

Бұл мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі салмақ пен көлемге байланысты өлшем атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттей отырып, ұлттық сипатын ашып, тілдік табиғатына тереңрек үніліп, қазақ және түрік тілдеріндегі салмақ пен көлемге байланысты өлшем атауларын жинақтап, қолданылу аясын қарастырамыз.

*Түйін сөздер:* казак тілі, өлшем, салмақ, көлем, түрік тілі

Ата-бабаларымызда осы замандағыдай дәл өлшейтін аспап-жабдықтары болмаған. Сондықтан да ертеде салмақ пен көлемді өлшеуде қоршаған орта көріністері, төңіректегі табиғи заттардың бүтін бітімі немесе бөлігі, тұрмыстық заттарға және дене мүшелеріне қарай отырып сандық және салыстырмалы түрде салмақ пен көлемді өлшеп отырған. Сонымен бірге, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесінің ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз, өңделіп, жаңарып жетуі нәтижесінде өлшеудің өзіндік жүйесі қалыптасты. Қазақ және түрік халықтарының өмірі мал шаруашылығы, егін егу болғандықтан ертеректе осы шаруашылықтарға сай салмақ пен көлем өлшемдерін қоршаған орта заттарымен, күнделікті тұрмыстық құралдарға негізделіп болжап, шамалау арқылы өлшеудің әдістерін меңгерген.

Мөлшерсіз дүние жоқ. Әлемнің де, табиғаттың да өзіндік жарасымды өлшемі, мөлшері бар. Өлшем – өндірілетін өнімдердің, күнделікті тіршілік-тұрмысқа қажетті заттардың сандық және сапалық көрсеткіші. Өлшеудің және өлшеуіштің қажеттілігі тіпті ерте кезде туды, бірақ өлшеу аспаптары мен өлшеу тәсілдері қазіргідей болып бірден қалыптасқан жоқ. Адам әуелі өлшеуіш етіп өз мүшесін не оның қозғалыстағы белгілі бір қалып немесе айналадағы жұртқа таныс бір нәрсені алып, сонымен өлшейді. Бұл қарапайым өлшеуіштер қазіргідей дәл өлшеу үшін қолданылмады, адамның сол кездегі өмір талабына жеткілікті болған жуық өлшеу үшін немесе таныс бір нәрсені салыстыра отырып өлшенетін нәрсенің қандай екенін шамамен білу үшін қолданылады. Тумысынан қызығушылығы зор ата-бабамыз еш жазудың, кітаптың көмегісіз-ақ салмақ пен көлемді өлшеудің бірліктерін ойлап таба білді.

Жалпы кеңістіктегі кездескен нысандардың сипатын алғаш ата-бабаларымыз табиғи күйінде ұғынып түсінген, қоршаған орта мен табиғат құбылыстарындағы түрлі факторларды күнделікті өмір сүру жағдайымен етене байланыста қараған. Қарым-қатынас барысында өзінің күнделікті шаруашылығында атқарған нысандарымен анықтап, өлшеп, межелеп, сырын ұғып тани білген. Дами келе бұл құбылыстар салмақ пен көлем өлшемдеріне айналған.

Шығыс халықтарының көбісінде ең кіші салмақ өлшеміне арпаның дәні алынған. Түрік жазба әдебиеттерінде және соңғы жылдардағы зерттеулер нәтижесінде «арпа» дәні алтын мен асыл тастардың салмағын бағалауға арналған қазыналық өлшем ретінде қолданған. зергерлік өлшем бірлігі ретінде орташа үлкендікте қабықсыз, екі ұшы кесілген салмағы 0,045 гр. Бір арпа дәні алынған, сонымен бірге, түріктер тарапынан осы арпа дәні бұрыннан 2,16 мм ұзындық өлшемі ретінде де пайдаланылған. Мысалы, Дешті қыпшақта арпа дәні үшін аттың қатар қойылған алты тал жалы алынған [1].

Тайлан Татлының зерттеуінде анықталған мысқал өлшемі, бүкіл Ислам өлшем жүйесінің негізін гректердің драхмасына тірелетін дирхем мен Рим, Византия өлшемі солидустың негізінде мысқал құралған. Шарифатқа сай мысқалдың дирхемге арақатынасы 7/10 болса, ал қолданыста 2/3-тен аспады. Яғни мысқал 100 арпа салмағына теңестіріліп 4,5 гр тең болды, ал салмақтың дирхем Осман стандарты бойынша 2,97 гр құрады.

Алтын Орда тұсында Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтар арасында мысқалдың бірнеше түрлері ұшырасады: Хорезмде – 4,55 гр, XIV ғасырда Қыпшақтарда 4,41 гр, Самарқанда 4,46 гр алынған.

Ерте кездің өзінде-ақ мысқалдың дәл мәнін өзгеріссіз ұстау үшін оның баламасы болып табылатын шыны сауыттар жасалған. Бертініректе б.з.б. 780 ж. Жасалған осындай шыны сауыттар табылды. Қазіргі зерттеулердің көрсетуі бойынша

олар миллиграммның үштен біріне дейінгі дәлдікпен істелінген. Сол сауыттардың салмағы бойынша бағаласақ, мысқал 43 гр тең.

Мысқал – негізінен, бағалы заттар (алтын, күміс, т.б.) мен бояулардың өлшемі ретінде қолданылған.

Ал мысқалды салмағы үлкен өлшем бірлігі қантармен (56,443 г) салыстырып, оның кішкентай, жеңіл немесе аздығы туралы қашқынның өмірі тұтқынның тіршілігінен гөрі бір мысқал тәуір ғой (Қ. Жұмаділов, Тағдыр) сияқты сөйлемдер әдебиеттерде және батпандап кіріп, мысқалдап шығу сияқты мақалдар екі халықтың тілінде көптеп кездеседі. Мысалы, бл мақал түрік халқының тілінде *hastalık batmanla girer, miskalle çıkar* деп қолданылса, қазақтарда дерт батпандап кіріп, мысқалдап шығады дейді немесе *hastalık kantarla girer, miskalle çıkar*/дерт қантарлап кіріп, мысқалдап шығады, деп айтады. Бұлардан басқа тағы, *alışveriş miskalle, dostluk batmanla*/сауда-саттық мысқалмен, достық батпанмен деген мақал-мәтелдер екі халықтың тілінде астарлы оймен айтылады [2].

Тағы көлемі жағынан ең төмен салмақ өлшем атауына шымшымды жатқызуымызға болады. Бұл өлшем түрік тілінде *fiske* немесе *çitmik* деп қолданылады. Қазақшада шымшым немесе шөкім деп айтылады. Шымшым/*fiske*/*çitmik* басбармақ пен сұқ саусақтың алатын мөлшердегі көлем өлшемі болып саналады. Екі тілдегі бұл өлшем бірлігі мағынасы жағынан бірдей болып келеді және қазіргі таңның өзінде халық арасында, әсіресе ас үйлерде кеңінен қолданыс тапқан. Мысалы, бір шымшым *tüz/bir fiske tuz*.

Уыс /*avuç* – жартылай жұмылғанда қолдың (алаканның) ала алатын мөлшері =4 саусақ= 0,07м, басқаша айтқанда, қолдың саусақтарын жымыдастыра бүккендегі алақан аясының іші. Түріктерде де бұл өлшем бірлігі қолданылады, олар *avuç* деп атайды. «*Avuç*» қазақша баламасы «уыс» деп аударылады. Уыспен қазіргі таңның өзінде ас үйде бидай, күріш, т.б. мөлшерін білуде молынан қолданылады.

Екі алаканның қоса өлшенген салмақтың бірлігі – қос уыс деп айтылады. Қос уыс – уыстың екі есе артық салмағына тең өлшем бірлігі болып табылады. Еворпада көп тараған фунт өлшеміне сәйкес келеді [3].

С. Орхан қадақ сөзіне былай деп түсініктеме береді: «Қадақ 409,5 грамм Самарқанд мысқалының 100 есе көп мөлшердегі салмақ өлшем бірлігі, бұл өлшем Қыпшақ даласы мен болгарларда кеңінен қолданылған және жібек мата бөліктерін осы өлшемге сүйене отырып, қадақ атауын берген».

Түрік халқында *ağın malı kadak ile satılmaz* «қадақ тұратын нәрсе аршынмен сатылмас» мақалында терең ауыспалы мән бар. Яғни грамммен сатылатын нәрсені метрлеп сату мүмкін емес деген мағына береді.

Екі халық та ежелгі замандарда жүк пен заттарды тасығандығы тарихтан белгілі. Соның негізінде салмақ өлшемі тұрғысынан жүк/үйк атауы пайда болды. Жүк түрік әдебиеттерінде *himl* (арабшадағы жүк сөзінің синонимі) түрінде де кездеседі. *Himl* – арабтың сөзі, аудармасы – жүк.

Анадолыда бактриан (екі өркешті) түйесі нар (бір өркешті) түйеге қарағанда ауыр жүктерді көтере алатындықтан, ал жылқы есекке қарағанда екі есе артық жүк көтере алатындықтан, ал түйе болса жылқыға қарағанда екі есе артық жүк көтере алатындығынан түрлі салмақта жүктердің түрлері қалыптасқан. Осымен байланысты Осман Империясы дәуірінде базар салықтарының соған сәйкес қалыптасқан ережелері болатын. Сондықтан да базар салықтары бойынша түйе жүгі үшін – төрт «акçe» (акча), жылқы жүгі үшін – екі «акçe» (акча), есек жүгі үшін – бір «акçe» (акча) төленген. Осман империясы дәуірінде салық болса, бас деп аталған.

Deve silkinse eşeğe yük çıkar/түйе сілкінсе, есекке жүк дайын; Deve büyüktür ama beşini bir eşek yeder/түйе үлген болғанымен, бес есе жүгін бір есек тасиды. Түрік мақалдары осы жүк атауының негізінен шықса керек [2].

Қазақ халқы көшпелі өмірді басынан өткізген, ылғи да жүк тасыған. Соның нәтижесінде түйелерді бірінің артына бірін байлаған да оларға жүк артқан. Бір түйе 16 пұт жүк тасыған. Олар 8-8 пұттан түйенің екі жағына бөлініп салынған. Бірінің арқасына бірі байланған түйелердің тобын қазақтар «керуен», түріктер «kevan» деп атаған.

Батпан – Шығыс елдерімен қатар, түркі халықтарының да ежелден қолданған салмақ өлшемдерінің бірі. Қазақ және түрік халықтарының тілдеріне батпан сөзі араб елдерімен тығыз сауда қатынасының негізінде парсы тілінен енген.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде және көне түркі өлшемімен батпан салмағы жағынан шамалас 180-300 кг аралығындағы салмақ өлшемі деп көрсетеді [4].

Ежелгі әдебиеттерде ет, мақта, астық дақылдары және одан алынған өнімдерді батпанмен өлшенгенін еңбектерден кездестіруімізге болады. Мысалы, Ә.Дербісалиев өз еңбегінде былай деп көрсеткен: «... әр аптаның дүйсенбі және жұма күндері екі батман бидай мен бір батман ет және соған лайық мөлшердегі тұз және оған қажетті отын жұмсалып, рухын ұлы Алла жарық еткір әулиелердің айбынды сұлтаны – Өзірет Сұлтан ғимаратындағы қасиетті қалам... бұдан басқа күн сайын күн көрісі қиын жоғарыда айтылған кембағалдар мен ақырларға арнап нан пісіру үшін ұнға айналдырған жүз батмандай бидай шығын етілсін» [2].

Ал бүгінгі түркі халықтарының кейбіреулерінде, батман дәнді дақылдар мен сұйық заттар үшін қолданылады.

Салмақ өлшемін білдіретін батпан атауының Шығыс елдеріндегі сауда-саттық қарым-қатынас пен салық төлеу жүйесінде кейінгі кезеңдерде кең көлемде қолданылған өлшем болғанын көптеген деректерде аталып өтілген. Қазақ халқының этностық таным-түсінігінде салмақ өлшемін білдіретін батпан атауы сандық жүйемен алғанда нақты қанша килограмм көрсететінін дәл басып айтпаса да, оның басқа салмақ өлшемдерімен салыстырғанда аса ауыр зат мөлшері мағынасында кеңінен қолданылатын мәдени мазмұнды тілдік бірлік екенін осы атаумен байланысты қалыптасқан мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерден, фразеологиялық символдардың мазмұнынан байқауымызға болады. Мысалы, бұл не деген батпан құйрық, су түбінде жатқан құйрық; пұт болдым деп мақтанба, одан да ауыр батпан бар; бала атадан батпан артық туады; alışveriş miskalle, dostluk batmanla/сауда-саттық мысқалмен, достық батпанмен деген батпанға байланысты мақал-мәтелдерден бұл атаудың аса ауыр салмақ өлшемі болуымен қатар, этностың өзіне тән менталдық табиғатынан да хабардар етеді.

Түрік халқы салмақ өлшемі ретінде батманмен бірге, дирхемді де қолданған. Дирхем түріктерде ежелден қолданылған салмақ өлшемдерінің бірі болып саналады. Дирхемнің негізгі салмағы 3,148 грамм болған. Бірақ түрлі аймақтарға қарай дирхемнің салмағы өзгеріп отырған. Мысалға, Стамбулда бір дирхем 3,207 грамм болып, окканың 1/400 аналған [40, 350 б.]. Окка кейінгі жылдары дирхемнің орнына салмақ өлшемі ретінде қолданылған. Сондықтан да, түрік тіліндегі әдеби жазбаларда көбінесе дирхем мен окканы бірдей пайдаланады [5].

Қорыта келе, кезкелген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады. Қазақ және түрік тілдеріндегі салмақ пен көлемді білдіретін өлшем атаулары танымдық тұрғыдан зерттеліп, халықтың рухани мәдениеті, наным-сенімі, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің бейнесі болып табылады. Қазақ және түрік халықтары ерте кезде қағаз, қаламның көмегінсіз уақытты ойлап, межелеу арқылы қолданып келсе, одан кейін барып адам санасының бірте-бірте дамуының арқасында

бір жүйеге келтірілген, дәл өлшемді беретін метрикалық өлшем дүниеге келді. Жалпы алғанда, салмақ және көлем өлшем бірліктеріне талдау жасай отырып, математикалық ойлау жүйесі мықты дамыған қазақ халқының сахарда жүріп-ақ заттардың салмағы мен көлемін дене мүшелеріне және күнделікті заттардың көлемін көзбен көріп, түйсікпен-ақ өлшегендігі көрінеді. Салмақ пен көлемді білдіретін өлшем атаулары тым ерте кездерден, ғасырлар бойы қолданыла бастаса да, күні бүгінге дейін қазақ және түрік тілдерінде, тіл қолданысынан шықпай қолданылып келеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Астана айнасы, қазақтың байырғы өлшем бірліктері, <http://www.info-tses.kz/> , 2011.–3-5 бб.
- 2 Сарбасова.Г.А, қазақ және түрік тілдеріндегі халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты. - Алматы, 2010. – 42, 86, 227 б.
- 3 Қазақтың байырғы өлшем бірліктері, [www.ustazim.kz](http://www.ustazim.kz) , 2009. – 67 б.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1974-1986жж.1-10том. 53б.
- 5 Осман кезеңіндегі өлшем бірліктері. – Ыстанбул. –1998. 145 б.
- 6 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. - Алматы, 2005. –155 б.
- 7 Қазақ тілінің сөздігі. - Алматы, 1999. –206 б.

#### Резюме

В данной статье рассматривается вопрос использования единиц мер для определения веса и объема в казахском и турецком языках с учетом этнолингвистических особенностей.

#### Resume

The authors of this article consider the features and use of the measurement units of weight and volume in the Kazakh and Turkik languages considering ethnolinguistic characteristics.

ӘОЖ 81-2-512.122

## ТІЛДІК ГЕШТАЛЬТ

**Ы. Б. ШАҚАМАН**

филология ғылымының кандидаты,

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры

#### **Аннотация**

Мақалада қазақ тіліндегі тілдік гештальтты тану мәселесі сөз болады.

*Түйін сөздер:* түр, бейне, зат, гештальт, концерт, әуен

**Гештальт** сөзі неміс тілі арқылы енген (Gestalt), қазақша тура ұғымы түр, бейненің тұтас құрылымы дегенді білдіреді.

Бұл сөз психологияда қолданылатын термин болып қалыптасқандықтан, психика арқылы қабылданатын нәрсе, заттарды, олардың нақты қасиетін бөлшектік күйінде емес, тұтас күйінде танып білуді жеткізеді; зат, нәрселердің жекелеген

бөліктері кеңістікте сол зат, нәрсе болып көрініс, көрнекілік түрінде тұтастықпен қабылдануы **гештальт** болады. Қарапайым тілмен айтсақ, түр, бейне, құрылымның бөлшекпен емес, тұтас қабылдануы – гештальт.

Неміс психологі Карл Дункер В.Келлердің әуен туралы мысалын негізге алып, гештальт ұғымын түсіндіреді: белгілі бір әуен тұтас ойналуымен есте сақталып, кейін оның үзіндісі ғана ойналса да, адам оны бірден танып, еске түсіре алады. Сол әуенді екінші рет естігенде, есте, жадымызда сақталуына қарай бірден танымыз. Тіпті әуеннің құрылымдық бірлігі өзгерсе де, біз оны тұтастықпен танып, түсіне аламыз. Себебі негізгі нысана (объект) – әуеннің өзекті мазмұны – біздің санамызда сақталды, ал оның қосымша бөліктері (фон) өзгере беруі мүмкін Бұл – психологиялық қабылдаудың түсініктемесі. Ал сөзге, тілге айналдырсақ, **концерт, әуен** сөздері қатар айтылғанда, бірін бірі ашып, бірі астар (жалпы көрініс немесе фон), екіншісі бейне (фигура) болып, тұтасып, гештальт болады. Яғни концерт сөзін айтуда әуен, ән деген түсінік санаға оралып, қабылданады. Осылайша тұтастық жасалады.

К.Дункердің айтуынша, екі құбылыстың ұқсастығы біркелкі бірліктен тұрса, жиынтық болады; егер ұқсастық екі тұтас құбылыстың қызметтік құрылымымен дәйектенсе, гештальт болып табылады [1, 39 б.]. Яғни екі түрлі бірлік өзінің қызметімен біріксе, тұтаса алады да, адамның оны бір зат ретінде қабылдай алуы гештальтты түсіндіреді.

Гештальт мәселесі психологияда зерттелуіне байланысты оның нақты белгілері мен заңдылықтарын түсіндіретін гештальтпсихология деген сала пайда болды. Бұл сала зат, нәрсені қабылдау мәселесін зерттеу барысында негізделді. Неміс психологтері **Макс Вертгеймер, Курт Коффке** мен **Вольфганг Кёлер** бір бейнені бөлікпен емес, жалпы оны тұтас қабылдауды ұсынды. Бұл тұтастық өнертанушы Х.Эренфельс енгізген **гештальт** терминімен аталатын болды. Осылайша гештальтпсихология пайда болды.

Сонымен гештальт психологиядағы назарға алынатын негізгі нәрсе – тұтас құрылым. Мысалы, әр адамның жазуы түрліше болуына байланысты кей әріптер жартылай жазылып, түсініксіз болса да немесе кей әріп жазылмай қалса да, жазуды танып, біліп дағдыланған адам сөзді тұтас оқып, жетпей тұрған белгіні өзі жадысымен толықтырып, тұтас шығарып алады, сөйтіп тұтас сөзді немесе сөйлемді қабылдап, таниды. Бұдан гештальт ұғымы айқындалып, оның тұтас құрылым екені білінеді.

Неміс психологтері айналадағы заттарды адам жеке нысан ретінде емес, оларды біртұтас, қалыптасқан түр, бейне ретінде қабылдайтынын айтады. Ендеше гештальт – кейбір құбылыстардың көп жақтылығын бір жүйеге келтіретін қызметтік құрылым. Гештальтты түсіну үшін гештальт болып қабылданатын нысан туралы ақпарат, білім қоры толық болуы тиіс. Сонда ғана зат-құбылыс тұтастықта қабылданады.

**Гештальт** – психологиялық ұғым бірлігі. Ендеше бұл түсінік – адам санасының, жан дүниесінің қозғалыс әрекетіне, қызметіне тәуелді; адам психикасының әлемді қалай қабылдауына қатысты қолданылатын сөз бірлігі. Гештальтты тілде тану, тіл ғылымында қарастыру қиын. Бұл орайда тілдік гештальттарды жинақтай білу қажет. Сонда ғана **тілдік гештальт** деген түсінікті қалыптастыру, қабылдау мүмкін болады.

Гештальт психологиялық бірлік болғандықтан, әлемдік бейнені (қандай да болсын үзіндісін, қырын) тұтастықта көре білуді талап етеді. Белгілі бір бейнені бір адам бейне, көрініс ретінде тани, көре білсе, келесі бір адам оны бейне ретінде қабылдай алмауы да мүмкін. Осы жағынан алғанда, гештальт, фрейм секілді, адамның білім аясына, жиынтығына, білімдік қабылдауына негізделеді. Осы

белгісімен фреймге ұқсас әрі дерексіз қызметте болады. Екіншіден, гештальт деректі қызмет атқарады. Гештальт (тұтастық) болатын нәрсесі нақты, деректі болуы тиіс. Қазақшаласақ, гештальт қиындылардан құрақ құрай білуді, жоқтан бар жасауды талап етеді. Бұл үшін білім қоры, әлем бейнесін көре білетін, қабылдата, қабылдай алатын адам санасының қызметі мықты болу керек.

Тіл ғылымында (тілдік) гештальт түрлі анықтама, ереже, ілім жиынтығының немесе сөздің жасалу құрылымының көрінісі болып табылады. Бірақ гештальт концептілеу амалы бола алмайды. Керісінше, оның бір түрі болып танылуы мүмкін. Себебі гештальт та, концепт сияқты, ойлау әрекетінен туындайды. Алайда концептіде мазмұн, ұғымдық мән басты өзек болады да, гештальтта тұлғалық сипат, белгі басым болады, содан соң оның мазмұны таныла бастайды. Гештальт санада тұлғалана бастаған кезде, концептілеу де жүре бастайды. Бұл жағынан алғанда, концепт пен гештальт теңбе тең, тең дәрежелі ұғым болып келеді.

Танымдық тіл ғылымы үшін гештальт зат-құбылыс, нәрселердің өзін емес, олардың аталымдық сөзбен берілуі, жеткізілуі түрінде талданады. Мәселен, **дүкен атауы** және ондағы негізгі алынатын **зат атауы** танымдық тіл ғылымының қарайтын гештальттық мәселесі болады. **Дүкен** жалпы көрініс, астар (фон) болса, алынатын зат нысана (бейне – фигура) болады. Мысалы: «**Азық-түлік дүкені**» – «**нан, сүт, т.б.**» сөздерінің байланысы тіл ғылымындағы гештальтты түсіндіреді. **Киім дүкені** сөзі ондағы сатылатын киім түрлерімен тұтастықта қабылданып, тілдік гештальтқа айналады. Ал олардың суреттік бейнесі гештальтпсихологиясы үшін өнер ғылымын тану, түсіну болып табылады.

Тіл ғылымында гештальт түсінігін психология ғылымындағыдай дәлме дәл енгізу қиын. Тіл ғылымындағы гештальт заттың, құбылыстың өзін, бейнесін ғана емес, жалпы әлем бейнесінің сөзге айналғандағы мазмұнын, белгісін ашуды, түсіндіруді қажет етеді. Тілде гештальт тілге қатысты, тіл іліміне қатысты білімдік қор құрылымын айқындап беруді талап етеді. Тілдік әлем бейнесінің құрылымын жинақтап көрсету мүмкін емесі аян, бірақ оны осы құбылыспен – гештальтпен – дерексіз түрде түсіндіру ғалымдар үшін ыңғайлы әдіс болып табылады.

*Психологияда гештальт зат, нәрсе, құбылыс және олардың әрекеті, жалпы өмірдегі әрекет туралы тұтас білімдік қорды жинақтауды керек етсе, тіл ғылымында гештальт тіл, сөз жайында жинақталған білім қоры құрылымын түсіндіреді.*

Тіл ғылымындағы гештальттың психологиядағы гештальттан айырмашылығы – тілде сөздердің (жеке сөз болсын, сөйлем болсын) мазмұнды тұтас құрылым беретіндігі, адам санасында тұтас ой жасайтындығы, тудыратындығы. Заттың өзін көрмей-ақ, атауы аталғанда сол затқа қатысты тұтас ой, барлық білім қоры бірден құрылып, санада таныла қалады немесе жаңа сөз болса, соған орай тұтас білім қабылдана бастайды. Қысқасы, екінші жағынан, тіл ғылымындағы гештальт дегеніміз – әлем туралы білім қорын ғана емес (ол міндетті түрде қатар жүреді), тіл туралы білім қорын жеткізе білу, тілге қатысты білім қорын қабылдай, тани білу, таныта білу және тілдік әлемде бейнесін көрсете білу, қала берді, негізін ашып көрсету, тіл теориясын туралы ғылымды игергендігінді дәлелдей білу.

Кез келген тілде тіл құрылымы, грамматикалық құрылым сөйлеудің (дауыстық, дыбыстық) туындауымен жасалатыны сөзсіз Жекелеген сөздерді айтуда түрлі қазіргі дербес мағынасынан айрылған грамматикалық тұлғалар біртіндеп пайда болды (жалғау, жұрнақ түрлері, шылаулар, т.б.). Бұлар кезінде желеген сөз ретінде де адамзаттың ойлау қабілетінің дамуына аса маңызды ықпал жасады. Тіл ғылымында ұғымның да тек сөйлеуге байланысты жағдайда ғана нақты қалыптасатыны айтылады. Дыбыстық сөйлеу кезінде ғана ұғымның бастапқы кездегі



жіктеуге түсе беретін жылжымалы белгілері жымдасып, нақты тұтастыққа айналады. Сонда ұғым сөйлеуге тәуелді болып, сөйлеуде ғана жарытылады да, нақты сөздің кейін дербестігі ұштала бастайды. Осылайша зат-құбылыс атаулары да дәлденеді. Мұның бәрі адам ойының, миының ойлау қызметінің дамуымен қатар жүреді. Осылайша тілдік тұтастық та, яғни тіл туралы білім де белгілене бастады.

Тіл туралы білімдік түсінік сөйлеумен байланыста жасала отырып, зат, нәрсе мен оның атаулары арасындағы байланыстың көрінісі де айқындалады. Зат пен оның атауы арасындағы байланыс мазмұны үнемі сәйкес келе бермейді. Атау сөз затты жинақтап көрсеткенмен, белгілі бір жағдайда заттың өзін қызметі жағынан нақты атамайды. Сондықтан педагог-психолог ғалым М.М.Кольцова сөз бен оның атауы арасындағы байланысты 4 түрге жіктейді:

**1-дәрежедегі шектесім** (жинақтау) – сөз нақты бір заттың сезімдік сипатын (бейнесін) ғана ауыстырып атайды. Мысалы: *Ана* – тек осы атауды қабылдаушы адамға ғана бағытталған атаулық белгі; *қуыршақ* – бала ойнап отырған кездегі көрініп тұрған нақты зат. Бұл арада сөз сезімдік бейнеге ғана дәлме-дәл келеді.

**2-дәрежедегі шектесім** – бір ыңғайдағы заттардың сезімдік бейнеге бағытталған ортақ атауы. Мысалы: *Қуыршақ* деген атау осы ұғымға енетін, ортақ бейнедегі барлық қуыршақ затына бағытталады. Бірақ алғашқы бір затқа бағытталған сөзгедей нақты болып табылмайды, дәлдігі әлсірейді.

**3-дәрежедегі шектесім** – түрлі заттың бірнеше сезімдік сипатын, бейнесін ортақ атаумен жинақтап ауыстырады: *Ойыншық* атауы *қуыршақ*, *доп*, *машина*, басқа да ойыншық түрлеріне ортақ бағытталады. Мұнда сөздің мәні кеңірек болады және заттың нақты бейнесіне тәуелсіз болады.


**4-дәрежедегі шектесім** – алдыңғы аталған дәрежедегі заттар енді жинақталып, тағы басқа ортақ атаумен, бір ғана заттық атаумен аталады: *Зат* немесе *Нәрсе* – бұған осы мәнге ие болатындардың бәрі енеді: *ойыншық*, *қалам*, *қағаз*, *жиһаз*, *ыдыс*, т.б. «*Зат*» сөзінің бағыттық белгісі кең, жалпы нәрсе атаулығы арналады [3].

Жалпы адам өзі өмір сүрген кезеңінде әлемді тану, дүниені түсіну, өмірді қабылдай білу әрекетінде болады. Бұл әрекеттің бәрі адам тәнінің құрылысына (физиологиясы), жан дүниесіне, ес-ақылына, ойлауына, сезімдік-танымдық қабылдауына, т.б. тәжірибелік нақтылыққа тәуелді болып, адам әлемді өзінің өмір сүрген бағытына қарай қабылдағаннан кейін әлем туралы түсінігін, мазмұнының тіл арқылы жарыққа шығарады. Тіл арқылы адамның әлемді, дүниені қабылдау мүмкіндігінің мөлшерін, білімін, түсінігін көруге болады. Сондықтан адамның сөйлеуінде, (ауызша, жазбаша болсын), сөйлеу мәнерінде тіл құрылымын, сөз құрылысын байқай, көре отырып, оның, тіпті ұлттың тіл арқылы әлемдегі белгілі бір мазмұнды, мазмұндық тұтастықты қалай қабылдағанын, соны қайта қалай жеткізе білетінін, тілдік негізін, тілдік білімін танимыз.

Американ лингвисті Дж.Лакофф «лингвистикалық гештальт» жайында шағын арнайы мақала жазған [5, 68 б.].

Ғалымның түсіндіруінде тілдегі гештальт құбылысын тілдік бірліктердің қарапайым және күрделі құрылымы арқылы тануға болады.

Ғалым төменде көрсетілген сызбада тілдік қабілеттің тілдік бірліктер туындатудағы адамның басқа қабілетіне негізделу/негізделмеуіне орай орындалып отыратынын түсіндіреді. Зерттеуші тілдің барлық жалпылама бірліктері таза тілдік бола тұрып, олардың бір де бірі адамға қатысты емес деректерден болуы *туындамалы лингвистиканың* (суретте – оң жақта) теориялық негізін беретіндігін жеткізеді. Ал тәжірибеліліктен туындаған лингвистика теориясы әлсіз болып келетінін айтады.



\* George Lakoff. Linguistic Gestalts. «Papers from the Thirtieth Regional Meeting Chicago Linguistic Society», 13, Chicago, 1977. При переводе статья с согласия автора была сокращена.

Сонымен бірге ғалым туындамалы лингвистиканы түсіндіруде тілде болатын тұтастық құрылым – гештальт – бейнесін де талдайды. Танымдық психологияның тіл ғылымына, ондағы категориялық түсініктерге өзгеріс әкелгенін, оларға танымдық жақтан тереңірек қарау қажеттілігін туындатқанын бағамдайды.

Дж. Лакоффтң көрсетуінде тілдегі гештальттың танылуында негізгі қызмет атқарушылар *ой-пікір,*

*қабылдау, эмоция, таным үдерісі, жедеқабыл қозғаушы ес әрекеті және тіл* болып табылады. Бұлар тұтас құрылымда және бір уақытта бірлікте қызмет атқарып, тілдік гештальтты түсіндіреді.

Жалпы гештальт тұтас және талдамалы, ажыратпалы болады, бұл екі жағдай бір уақытта жүзеге асады. Психологиялық түсінік бойынша гештальт өзіне қатысты бөліктерден құрала отырып, ол бөліктердің бір жүйеде түйіспеуінен тұрады. Гештальт жалпы белгілі бір қосымша қасиеттерге ие, сондай-ақ оның әрбір жекелеген бөлігі де, егер тұтас гештальт аясында қарастырылса, қосымша қасиеттерді білдіреді. Бұл ғалымның тілінде мысалмен көрсетілмеген, бірақ біз психологиялық еңбектен алынған дерекпен нақтыылап беруге тырысып отырмыз:

**1-мысал:**

\*\*\*\*\*  
\*\*\*\*\*  
\*\*\*\*\*

**2-мысал:**



1-мысалда біз әрбір жұлдызшаны жеке-жеке қабылдап тұрған жоқпыз (гештальттық жеке бөлік), тұтас күйінде үш қатарды бірден қабылдап, үш сызық ретінде танып отырмыз. Әрбір бөліктің (жұлдызшаның) сызық жасауда теориялық тұрғыдан қатысы жоқ. Мұнда сурет жеке бөліктен (жұлдызшалардан) құрала отырып, біркелкі тұтастықта болса да, ол бөліктер сол суреттің тұтастық мазмұнында ажыратылып тұрады, қосымшалық қасиет болады. Бұл – гештальттың **жақындық қағидасы, заңдылығы**. Тағы нақтылай түссек: 1-мысалда тік тұрған 3-мәнді 14 жұлдызшаны жекелеп қабылдағаннан гөрі көлденең үш қатардағы жақын тұрған жұлдызшаларды бірден бір қатар ретінде қабылдау оңай.

2-мысалда көрсетілген үзік сызбалы әріпті тұтас әріп ретінде бірден қабылдаймыз, өйткені оған қатысты білім қорымыз жинақталған, санада, есте сақталған. Тіпті оның бір бөлігі жетпей тұрса да, біз өз білімімізбен оны толықтырып қабылдай саламыз немесе аяқтап жазамыз. Бұл – гештальттың **тұйықтату заңдылығы**. Әріптегі жеке бөліктер (бастапқы, соңғы) немесе сызықтар жеке алынып қабылданбайды.

Гештальт қабылдануына қарай тарамдалып отырады. Бұл оның дұрыс танылуына байланысты болады. Жоғарыда көрсетілген әріпті дұрыс гештальттықта қабылдағаннан оны дұрыс тарамдата, әр бөлшегін ажырата да аламыз.

Бір гештальт екінші бір гештальтпен ішкі қатысымен байланыста да болады. Гештальт екінші бір гештальттың бір бөлшегі, бөлігі де болып табылуы мүмкін. Мұндай жағдайда екі гештальт бірі бірімен сіңісіп кетеді. Тілде, тілдік сөзжасамда бұл «контаминациялық құбылыспен» көрінеді. Мысалы: **қарлығаш** – **қара ала құс** дегеннен кіріге біріккен сөз; **ит өлген жер** – алыстықты түсіндіретін тұрақты тіркес; мұнда **ит, өлу, жер орны** – жеке-жеке бөліктер, жеке тілдік гештальттар, бірі бірімен сіңісіп, басқа бір тұтастық ұғымын жеткізеді – **алыс**. Мұның бәрі адам өмірінің тәжірибелік түрінде жинақталған білім қоры арқылы туындап жасалады.

*Лингвистикалық гештальт тілдік білім қорымен көрініс тауып жатады. Бұл арада сөзжасамдық гештальт қызметі белгіленеді.*

Гештальттың келесі бір гештальтпен осындай ішкі қатысы, тұтастай алғанда, гештальттың қасиеті болып табылады. Сондай-ақ ішкі байланыс, қатыс қабылданып отырған көзқарасқа орай ұқсастықта болумен қатар түрліше де көрінеді. Гештальттар бір-бірімен шектесіп жатады. Онда прототиптік/ прототиптік емес қасиет те болады.

Негізінде бір гештальт екінші бір гештальтпен ұлғайып, сіңісіп көрінуінде немесе екінші гештальттың бөлігі болып табылуында жаңа қасиетке ие болады. Сондай қасиетінің бірі – екінші бір гештальтқа қарама-қарсы болуы. Екі гештальт қатар тұрып, қарама-қарсы болуда бірдей, ұқсас бір негіздік (базистік) қасиетте болады. Ал **лингвистикалық гештальт** грамматикалық, семантикалық, фонологиялық, сөзжасамдық, қызметтік қасиетке ие болып тұрады.

Жинақтай келгенде, **гештальт** тілдік, ойлау, естілімдік, жедеқабыл қозғаушы үдерісінде қолданылатын, іске асырылатын тұтас құрылым түрі болып табылады. Сонда адам санасына қатысты болып жататын әрбір үдерісті гештальт деп танымыз.

Психологиялық гештальтты тануда тіл құбылысындағы ерекшеліктерді жүйелеп, тіл ілімін тереңдете түсеміз.

Ғалым Дж.Лакоффтың көрсетуінде тілдік гештальттың көрінісі туындамалы семантика мен ауыспалы грамматиканың (трансформационная грамматика) байланысында танылады.

Дж.Лакоффтың түсіндіруінше, тілдік гештальттар тұлға мен мағынаның сәйкестігінің бір әдісі болып табылады. Бірақ ғалым біз қарастырған еңбекте тілдік гештальттың сөйлеудегі белгілерін, көрінісін түсіндіргенмен, оның берілу амалын, жолын, тәсілін теориялық тараптан сипатын бермейді, бір жүйеден шығатын тілдік ілім де жасалмайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Дункер К. Качественное (экспериментальное и теоретическое) исследование продуктивного мышления // Психология мышления. М., 1965. - 21-85-б.
- 2 Дункер К. Психология продуктивного (творческого) мышления // Психология мышления. - М., 1965. - 86-234-б.
- 3 Кольцова М. М. Ребенок учится говорить. - М., Сов. Россия, 1973.- 160-б.
- 4 Лакофф Дж. Лингвистические гештальты // Новое в зарубежной лингвистике, вып. X. М., 1981.-158 б.
- 5 Лакофф Дж. О порождающей семантике // Новое в зарубежной лингвистике, вып. X, М., 1981.- 208 б.

#### Резюме

В статье рассматривается понятие языковых гештальтов в казахском языке.

ОӘЖ 811.512.19

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СӨЙЛЕМДІ МАЗМҰНДЫҚ ЖАҒЫНАН КЕҢЕЙТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Г.Е. АБЫЛОВА**

филология ғылымдарының кандидаты,  
Еуразия гуманитарлық институтының доценті

### **Аннотация**

Бұл мақалада қазіргі қазақ тілінде фразеологиялық оралымдардың сөйлемнің мағыналық көлемін семантикалық, стилистикалық аспектілерде кеңейту мүмкіндіктері қарастырылды.

*Түйін сөздер:* сөйлемнің семантикалық көлемі, фразеологизм, идиома, стилистикалық фактор, семантикалық аспект, лексикалық мағына, грамматикалық мағына.

Тіл білімінде фразеологизмдерге берген анықтамаларында ғалымдар оның мағыналық ерекшелігіне көп көңіл аударады. Айталық, Б.А. Лариннің тұжырымдауынша, лексикалық мағынамен салыстырғанда, фразеологиялық мағынаға экспрессиялық, модальдылық бағалаушылықтың үлкен үлесі, яғни коннотация тән [1, 16 б.]. М.И. Фомина фразеологиялық байлаулы мағынаның өзіндік ерекшеліктеріне кеңірек тоқталған. «Фразеологиялық мағынаның лексикалық мағынадан ең негізгі ерекшелігі – тұрақты тіркестердің сынарларының тұтасымен жинақталған мағынаны білдіруі; келесі ерекшелігі: фразеологизмдер өздерінің синонимі болып табылатын сөздердің мағынасынан гөрі белгі, сапа, іс-әрекетті т.б. білдіру интенсивтілігінің деңгейін күшейтуі. Фразеологиялық мағынаның бұл ерекшеліктерімен тығыз байланысты тағы екі белгісі бар. Біріншіден, тұрақты тіркес семантикасында ерекше экспрессияның көрініс табуы. Екіншіден, еркін тіркестердің метафоралық түрде түсіндіру процесінен туындаған образдылықтың сақталуы. Бұлар фразеологиялық бірліктерге тілімізде бейнелегіштік-көркемдегіштік қызмет атқаруына мүмкіндік береді» [2, 58 б.].

Енді негізгі мәселемізге көшетін болсақ, фразеологизмдер сөйлем аясын мағыналық жағынан барынша кеңейтуші тілдік материалдың ішіндегі ең негізгісі деп айтуымызға болады. Бұл қызметі оның ерекше семантикалық табиғатынан туындайды.

Сөйлемнің мағыналық, пішіндік көлемін ұлғайтушы тілдік құбылыстардың өзіндік ерекшелігін анықтау үшін оларды салыстыру, карама-қарсы қою процесінде өзгешеліктері мен ортақ қырларын байқау қажет болды. Демек, бұл мәселені дұрыс, тиянақты шешу үшін тұрақты тіркестердің мағыналық жағынан сәйкес келетін еркін сөз тіркесімен, жеке сөздермен салыстырмыз. Алайда бұл салыстыру мәселесінің күрделілігі бір тілдік материалдың шеңберінде түрлі тілдік мағынаның тығыз түрде көрініс табуымен және мағынаның кез келген түрлерінің тағы бірнеше мәндік бөлшектерге бөлініп кетуімен (мысалы, грамматикалық мағына аясында, жақтық,

септік және тәуелдік категориялары) сипатталады. Дегенмен, біз тілдегі шарттылық заңдылығына жүгіне отырып, бұл мәселенің (тұрақты тіркестердің сөйлем көлемін ұлғайтудағы) шешімін табуға тырысамыз.

Сөз өз бойында лексикалық және грамматикалық мағыналарды біріктіретіні белгілі [3, 57 б.]. Ал фразеологизм түрлі тілдік мағыналар келіп тоғысатын жиынтық секілді. Ғалым В.Н. Телия тұрақты тіркестердің семантикалық ерекшелігін былай түсіндіреді: «Значение фразеологизм – идиом, будучи лексически опосредованным, сохраняет коннотации, связанным как с исходными значениями слов – компонентов, так и с образной основой фразеологизма, поэтому значение слова, и качественно отличается от него» [4, 88 б.]. Тұрақты тіркестердің мағыналық көлемі деген ұғымның аясына фразеологиялық байлаулы мағына (фразеологиялық тіркестерде берілетін лексикалық мағына) мен экспрессивті бейнелілік, эмоциялық бағалаушытық мағыналар бірлігі кіреді. Бұл жерде экспрессивті-эмоциялық мағыналарды «кеңейтуші мағына» деп шартты түрде атауға болады. Демек, фразеологизмдердің сөйлемнің мағыналық көлемін ұлғайтудағы қызметін анықтауда негізінен экспрессивті, эмоциялық мағынаға сүйену басшылыққа алынады.

Сондай-ақ фразеологизмдердің мағынасының эмоционалды-экспрессивтік бояуын зерттеу стилистика ғылымы еншісінде екенін және В.Г. Адмонидің сөйлем көлемінің кеңею мүмкіндігін анықтауда «стилистикалық факторды» ескеру қажет [5, 91 б.] деген қорытындысын да ескерсек, зерттеуіміздің жалпы бағыты дұрыс екеніне көз жеткізе аламыз.

Неміс ғалымы Э.Лейзи «Das wasser fließt» деген сөйлемге талдау жасай отырып былай тұжырымдайды: «су» сөзі ағатын зат деген ұғымды білдіреді және «ағады» сөзі «ағым, ағу» идеясын білдіреді. Осыған байланысты автор бұл сөйлемде «конгруэнттік» деп атаған семантикалық сәйкестік байқалады және конгруэнттік бұзылса стилистикалық өзгерістерге әкеліп соғады дейді [6, 77 б.]. Осы сөз тіркестерінің семантикасындағы конгруэнттіктің бұзылуы тек фразеологиялық түйдектің мағынасында көрініс табады. Фразеологиялық түйдектің сыңарлары жеке-жеке лексикалық мағыналары бір-біріне сәйкес келмейтін сөздер ретінде тіркесіп, тұтасымен фразеологиялық мағынаға ие болады. Логикалық шындыққа жүгінсек (еркін тіркес мағынасында) өмірде тіпті болмайтын құбылыстарды көз алдымызға елестетеді. Мысалы: аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығады; ай десе аузы, күн десе көзі бар; мұртын балта шаппайды; жер-жебіріне жету; түймедейді түйедей ету; көлденең көк атты т.б. Осыған орай, фразеологиялық түйдек жаңа коннотациялық мәнге ие болып сөйлемнің мағыналық көлемін ұлғайта алады. Академик І.Кеңесбаев фразеологиялық түйдекті «идиом» деп те атайды. Орыс ғалымы А.В. Калинин сөзбе-сөз басқа шет тіліне аударуға болмайтын тұрақты тіркесті «идиома» деп атайды [7, 314 б.]. Демек, фразеологиялық түйдектің бірқатары өзінің мағыналық құрамындағы эмоциялық, экспрессивтік мәндермен қатар ұлттық реңкті үстемелеп тұрады. Мұндай мағыналық ерекшелігі фразеологиялық түйдектің сөйлемнің мағыналық көлемін ұлғайту шегінде басқа тілдік материалдарға қарағанда статусы бойынша жоғары позицияға ие. Ендігі жерде сөйлем аясының мағыналық тұрғыдан кеңею процесінде «фразеологизмнің семантикалық статусы» концепциясын айта отырып, оны практика жүзінде дәлелдеуге тырысамыз. Негізінен, «фразеологизмнің семантикалық статусы» концепциясы сөйлемнің мағыналық көлеміне экспрессивті-эмоциялық мәндерді, ұлттық реңкті үстемелеу арқылы анықталатынын ескерте кеткен орынды. Мысалы: 1) Ақ үйдегі көзі кемтар «пірәдар» да аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жындана берсін (С. Сейфуллин). 2) Асан қайғы желмаяға мініп, жиһан кезіп, «Жер ұйық» дейтін ну орманды, көк орай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздеді (Қазақ ертегісі).

Алғашқы сөйлем мен соңғы сөйлемдердегі фразеологизмдерге тән экспрессивті бейнелілік бұларға мағынасы жағынан жуықтау келетін «балағаттау» мен «бейбіт» сөздерінде жоқ. Бұл екі фразеологизмдерді ғалымдар Ә.Болғанбаев, Ғ. Қалиевтар құрылым-құрылысы жағынан сөйлемге тең фразеологизмдер деп көрсетеді [8, 195 б.]. Бұл секілді тұжырымға сүйенсек, жоғарыдағы фразеологизмдер сөйлемде едәуір семантикалық-стилистикалық жүкті көтеріп, бүкіл сөйлемнің мағыналық көлемін ұлғайтуда басты қызмет атқарып тұр. Сонымен қатар, бұл фразеологизмдер сөзбе-сөз басқа шет тілдерге аударуға келмейтін, қазақ тіліне ғана тән ұлттық бояуы оның семантикалық құрылысына енетін басқа қосымша мағыналармен қатар сөйлемнің мағыналық дінгегінің әрі қарай кеңеюіне септігін тигізіп тұр.

Сөйлемнің мағыналық көлемін ұлғайтуда «Фразеологизмнің семантикалық статусы» концепциясын оның мағыналық құрылысына енетін түрлі мағыналарды мынадай шартты белгілермен белгілеп түсіндіруге болады. Экспрессивті бейнелілік – Эк.б., эмоциялық бағалаушылық – Эм.б., ұлттық бояуды – Ұл.б., грамматикалық мағынаны – Гр.м., лексикалық мағынаны – Лек.м., фразеологиялық мағынаны – Фр.м. деген шартты белгілер арқылы белгілі бір дәрежеде сөйлемнің диапазонын анықтаймыз. Жоғарыдағы бірінші сөйлемдегі фразеологизмді, оған мағынасы жағынан сәйкес сөзді осы шартты белгілермен салыстырып көрелік.

1) Аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып.

2) Балағаттау.

1)Фр.м.+ Гр.м.+ Эк.б.+Эм.б.+Ұл.б.>2) Лек.м.+Гр.м.

Бұл модель бойынша фразеологизмдер тек сөзбен ғана емес, кез-келген тілдік материалдармен салыстырғанда, сөйлемнің мағыналық көлемін ұлғайтуда әлдеқайда көш ілгері тұратын тілдік құбылыс екеніне көз жеткізуімізге болады.

Тілдік мағынаның қосымша параметрлері: экспрессивті бейнелілік, эмоциялық бағалаушылық мәндері тұрақты тіркестердің семантикалық құрылысында жеке дара не біріккен күйде кездеседі. Осыған байланысты фразеологизмнің сөйлемнің мағыналық көлемін кеңейту мүмкіндігінің шегін айқындауымызға әбден болады. Мысалы: Көзді ашып-жұмғанша, Асан машинаның астынан кесе-көлденең екі бөрене өткізіп, байлап тастады (Т.Ахтанов) деген сөйлемде «көзді ашып-жұмғанша» тұрақты тіркесінің мағыналық құрылысында экспрессивті бейнелілік мән ғана бар, эмоциялық бағалаушылық мән жоқ.

1) Күжірейген семіз, жайын ауыз, бақа бойлы суық қарайтын болыс (М. Әуезов). 2) Қыздың оймақ аузына күлімсіреу пайда болады (С.Е.).

Алғашқы сөйлемдегі «жайын ауыз» (үлкен ауыз), екінші сөйлемдегі «оймақ ауыз» (сүйкімді ауыз) деген фразеологизмдердің семантикалық құрылысында жағымды-жағымсыз эмоциялық мәнмен қатар, экспрессивті бейнелілік табылады. Демек, фразеологизмдердің семантикалық құрылысына енетін экспрессивті бейнелілік, эмоциялық бағалаушылық секілді мәндердің мұндай вариациясы сөйлемнің мағыналық диапазон ауқымын кеңейту қабілетін анықтауға әсер етеді.

Фразеологиялық оралымдардың ішінде құрылымы жағынан да, мазмұны жағынан да тілдің коммуникативтік единицасы – сөйлемге сәйкес келетіндері бар. Бұлар – мақал-мәтелдер, қанатты сөздер. Мақал-мәтелдер, қанатты сөздер сөйлемде көп жағдайда қыстырма сөз ретінде қолданылады. Мысалы: 1) «Аузы күйген үріп ішеді» дегендей, былтыр команданың басшылығын өз қолына алған ұстаз Александр Сергеевич Назаров осындай тұрақты іспен бекітілмеген болжаудан бойын аулақ салды (С.Есімов). 2) Көрпене қарай көсіл деген ғой: қолда барды сарқа жұмсамай, тым көсіле бермейік те (АТ). Бұл екі сөйлемдердегі мәтелдер қыстырма сөз ретінде беріліп, бүкіл сөйлемнің семантикалық сферасына тікелей қатысты мағыналық

байланысқа түсіп, тұтасымен қабылданып, сөйлемнің мағыналық көлемін ұлғайтып тұр.

Сонымен, бұл фразеологизмдер мағынасы бойынша эквивалентті болып табылатын сөздерге қарағанда семантикалық құрылымы бай. Осы ерекшелігі арқылы түрік тілінде де бұл фразеологизмдер сөйлем аясын потенциалды кеңейтуші тілдік материал болып табылады.

Қорыта айтқанда, бұл ізденісімізде сөйлем аясының кеңею мәселесінде фразеологизмдердің кеңейтуші қабілеті бірінші рет тілге тиек болып отыр. Мұның өзі қазақ тілінің синтаксисі үшін өзекті мәселе екенін дәлелдейді. Ізденісіміздің нәтижелері синтаксис, семасиология теориясында фразеологизмнің семантикалық тұтастығы сөйлемнің мағыналық аясын кеңейтуге қатысты қарастырылып, семасиологиялық, стилистикалық аспектіде талдануы тұрақты тіркесті жаңа бір қырынан танытты.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Б.А.Ларин. Очерки по фразеологии // Уч.зап. ЛГУ. Сер. филол. наук. 1956 г. Т.198. Вып. 24.-265 с.
- 2 Фомина М.И. Современный русский язык. Лексикология. М.: Высшая школа, 1990. — 415 с.
- 3 К.Г.Павлова. Проблема объема предложения лингвистической литературе // Иностраный язык в школе, 1971 г. №2.-С.54.
- 4 В. Н. Телия - Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва, 1996.- 145 с.
- 5 Адмони В.Г. Особенности синтаксической структуры в художественной прозе XX в. на Западе. - В сб.: Philologica. - Л., 1973.- 189 с.
- 6 Leisi E. Der Wortinhalt: Seine Struktur im Deutschen und Englischen. – Heidelberg, 2 Aufl., 1961. – 218 S.
- 7 А.В.Калинин. Лексика русского языка. Москва, 1982 г.- 266 с.
- 8 Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы. Фразеологизмдердің түрлері // Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы, 1997 ж.- 147 б.

#### Резюме

В статье рассматриваются возможности использования фразеологических оборотов в распространении содержательного объема предложения в семантических, стилистических аспектах.

#### Resume

In the article the possibilities of phraseological constructions in spreading the volume of a sentence in semantical aspects are researched.

## РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙ - ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМ

**С.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ**

филология ғылымдарының докторы,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

**А.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ**

филология ғылымдарының кандидаты,

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті

**А.Е. АЛИМБАЕВ**

педагогика ғылымдарының магистрі,

Еуразия гуманитарлық институтының аға оқытушысы

### **Аннотация**

Мақалада қазақ филологиясының сан алуан өзекті мәселелеріне қатысты зерттеулер жүргізген әдебиетшінің ғылыми-шығармашылық тұлғасы қарастырылып, елдік мәселелерді басты орынға қойған еңбектері талданады. Сөз өнерінің проблемалық мәселелерін әдеби-тарихи бірлікте саралаған еңбектерінде ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық талдаулардың тоғысып жатқаны айқындалады. Қазақ тарихи романдардың жанрлық сипатын, даму үрдісін ерттеу өзегіне алған еңбектерінің ерекшелігі екшеледі. Фольклористика мен түркітанудағы ізденістерінің ғылыми-зерттеушілік маңызы зерделенеді.

*Түйін сөздер:* қазақ филологиясы, проблемалық мақалалар, әдеби мұра, халық университеті, тарихи роман, фольклористика, шығыстану, эпос генезисі, типологиялық әдіс, Алаш арыстары, Шәкәрім.

Академик Рахманқұл Бердібай зерттеу еңбектерінің, проблемалық мақалаларының басты күретамырын ұлт руханиятының аса ділгір мәселелері құрайды. Ғалымдық ізденістерінің биік тұғыры отаншылдық аңсардағы ұлт мұраты болып табылады. «Ең үлкен мәдени байлық» («Қазақ әдебиеті». 1956. 22.04), «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» («Әдебиет және искусство». 1965. №12) мақалаларында әдебиет тарихын объективті зерттеу, әдеби мұраны игеруді таптық өлшеммен емес, халықтың саркылмас байлығы, елдік қазынасы ретінде ұлттық мұратқа сай әділ бағалау қажеттігін батыл көтерді. «Бір де бір азамат өз халқының мәдени мұрасына енжар қарай алмайды» деп білген отаншылдық ұстанымдағы ғалым аталған мақалаларында «...Есте жоқ ескі заманда туған шығармаға да қазіргі күннің талабы тұрғысынан қарадық. Көркем шығармада бай, молданың аты аталса, нағыз бисаясаттық болып көрінеді. Міне, осындай көзқарастың нәтижесінде «Қамбар батыр» мен «Қозы Көрпештен» басқа жырдың бәрі де құбыжық болып көрінді. Жылдар бойы небір халықтық шығармалар жарық көрмей кетті» деп идеологиялық қысымнан өрістеп отырған қиянатты батыл көрсетті. Оның әдіснамалық астары империялық, шовинистік пиғылдың кейінгі кеңестік саясаттың жымьсқы мақсатымен ұштасып жатқандығын: «Жырда немесе жеке шығармада орыс патшаларына қарсы ілуде бір сөз айтылса, ол шығарма халықтар достығына зиян деп табылды. Міне, осындай жалған концепция осы күнге дейін жойылып біткен жоқ. Бұл әдебиет зерттеуінің тым табандап қалуына себеп болған жайлар» деген пікірімен



негіздеп, ұлт әдебиетін зерттеудегі қолдан жасалып отырған кедергілерге тән теориялық қателіктер табиғатын сол кезеңнің өзінде - ақ ашып берді.

Елдікті сақтау мен еселеуге соны серпін беретін ұлттық мұраттағы әлеуметтік мақсаты айқын мұндай арнадағы азат ой кеңестік идеология тарапынан барынша тежеліп отырды. ҚКП ОК-тің ««Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» жасырын қаулысы қабылданып (1956.10.12), қазақ зиялыларының халықтың көкейіндегі елдікпен тамырлас тақырыптарды батыл жазуларына «ұлтшылдық» таңба басылды. «Социалистік Қазақстан» (1957.5.02) газетіндегі «Бір зиянды мақала туралы» жарияланымда Р.Бердібайдың «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» мақаласы «ғылыми негізсіз, саяси қате, біздің идеологиямызға жат» деп сынға алынды. «Қазақ әдебиеті» газетінде әдебиетшінің «ұлтшылдығы» «Әділ сын - алғы міндеттер» (1957.1.02), «Ұшқары пікірлер, елеулі қателер» (1957.8.02) мақалаларында айыпталды.

Рахманқұл Бердібай 1965-1995 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Мұхтар Әуезовтің мұражай үйінде қазақ әдебиеті мен өнері халық университетін басқарып, ұлт мәдениеті мен әдебиеті, тарихы мен өнерінің аса маңызды тақырыптарына қатысты бес жүздей дәріс өткізіп, кеңестік идеологияның ұлтсыздандыру саясатына интеллектуалдық ұлтшылдықпен күресті.

Халық университеті дәрістерінде ұлт руханиятының алтын арқауын құрайтын сан алуан тақырыптарда қазақ әдебиетінің бір мың бес жүз жылдық тарихы жүйелі қамтылды. Соның ішінде кеңестік идеологияның цензурасы тарапынан тиым салынған тақырыптар өзек етіп алынып, дәрістерде Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлының өмірі мен шығырмашылығы, әдеби мұраларына қатысты сөз қозғалды. «Ұлттық ойымызды оятуға, мәдени мұраны таныстыруға зор құрмет атқарған жалғыз университет» деп ғалым Р.Бердібайдың өзі атап көрсеткеніндей, халқымыздың тарихи жадын қалпына келтіру, рухани кемелдену жолында қашан да үлкен маңызға ие ерен істер атқарды.

Р.Бердібай ұлттық әдебиеттану ғылымы салаларының сан алуан күрделі ғылыми арналары бойынша іргелі зерттеулер жүргізді. «Қазіргі қазақ романдарындағы сюжет проблемасы» (1961), «Әдебиет және өмір» (1964), «Роман және заман» (1967), «Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы» (1968), «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы (1930-1940 жылдар аралығы)» (1971), «Дәстүр тағылымы» (1973), «Қазақ романы» (1975), «Достық кемесінде» (1976), «Қазақ тарихи романы» (1979), «Биік парыз» (1980), «Замана сазы» (1985), «Тарихи роман» (1997) еңбектерінде ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық талдаулар тығыз тоғысты. Оларда әдебиеттің проблемалық мәселелері әдеби-тарихи бірлікте сараланды.

«Роман және заман» (1967) еңбегінің «Дәуір биігі мұнарасынан» тарауында ұлт қаламгерлерінің басты міндетіне проблемалық тұрғыдан келіп, отандық тарихтың тың жатқан рухани кеңістігін игеруде өтелуі тиіс суреткер парызы мен көркемдік мұратын ой безбеніне салды. Ертеде жасаған өнер қайраткерлерінің суреткерлер ілтипатына көбірек іліне бастағанын, әсіресе «халықтың ерте замандағы өмір күйлерін, арман – үмітін, күрес – тартысын, бейнелеп көрсетуге дендеп бет бұра бастағанын аңғарамыз. Бұл халықтың өзіндік даму жолын, ерлік, елдік дәстүрін, тарихи даму сапары мен орнын түсіну, өткеннің жақсы үлгісін насихаттап, кемшілігін сынау қажеттілігінен туған табиғи құбылыс. Мұның өзі, екінші жағынан, әдебиетіміздің кемелденіп, қандай қиын, алыс тақырыпты да меңгеріп алып кетуге жарағандығын» [1, 136-137 бб.] баса көрсетіп, ендігі мұрат тарихи тақырыптағы шығармалар жазу болып табылатынын терең зерделеді.

«...Еліміздің басынан кешкен елеулі оқиғаларын қайта жаңғыра сөйлету - жастарды отаншылдыққа тәрбиелеудің аса маңызды құралдарының бірі» деп сан қатпарлы азаматтық және рухани мәдениетінің тарихы мейлінше бай халқымыздың өткен тарихын тануда орын алып отырған нигилистік танымға, идеологиялық кедергілерге батыл үніле білді. Қазақтың отандық тарихын зерттеуде кеңес дәуірінде орын алып отырған басты кемшіліктерін өзекжарды толғаныстарымен сол кезеңнің өзінде сын тезіне салып, ұлттық сана мен намысты қамшылайтын өрелі ойларын ашық жеткізді. «Амал не, халқымыздың шын ғылыми тарихы бүгінге дейін жеткілікті зерттеліп, жан-жақты таныстырылған жоқ. Бізде екінің бірінде халықтың ғасырлар бойғы қаһармандық өмірінен ешбір сәулелі көрініс таппай, ылғи құбыжық етіп көрсету дағдысы арылмай келеді» деп, «Академиктерден бастап, мектеп шәкіртіне дейін, ең мықтағанда, XIX ғасырдан Шоқан, Абай заманынан бергіні ғана ауызға аламыз. Ал одан арғы мыңдаған жылдықтарда Қазақстан жерінде нендей хикмет болғанын шындап, жүйелі сөз еткеніміз жоқ. Қысқасы, қазақ халқының ертедегі тартыс пен күреске толы өткен жолы сан мыңдаған кітап оқушыға қараңғы. Бұдан кейін өзге былай тұрсын, туған балаға да қазақ елінде бұрын пәлендей ұнамды құбылыс болған деп сендіруің қиын. Жастардың ел дәстүріне, мәдениетіне кейде салғырт, самарқау қарайтыны да тарихты біржақты жамандап түсіндіру әдетіне тікелей байланысты» [1, 143 б.] деген сындарлы ойлары да ұлттық мүддені көздеген ғалым парасатын айқын танытады.

Әдебиетші өзінің қай зерттеу еңбегінде болмасын ұлтымыздың ұлы мұраттарын «Қызығым да, рахатым да, қасіретім де – қазақ, қазақтың тарихы, бай мұрасы. Таяқ жеймін, мейлі үлесімнен құр қалайын, қазақ үшін істелген әрекетімнің бәрі қуаныш» деген биіктен әдіптеп, ұлттық идеологиямыздың күретамырына қан жүгіртуді өмірлік мақсат етіп келеді.

«Қазақ тарихи романы» (1979) әдебиетіміздегі тарихи романдардың жанрлық сипатын, даму үрдісін нақты зерттеу өзегі етіп алған алғашқы зерттеулердің бірі. Ғалым біріншіден, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік әлемін кемел туындының шығармашылық тарихы және суреткер зертханасы сынды маңызды мәселелермен тығыз байланыста қарастырса, екіншіден, С.Мұқанов, Д.Әбілев, А.Токмағанбетов, І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, С.Жүнісов, Ә.Кекілбаев, Д.Досжановтардың тарихи тақырыптағы романдарын кеңінен талдайды. Аталған қаламгерлер шығармашылығын әдеби үрдістегі тарихи романның өрістеуі аясында саралау барысында роман-эпопея, роман-хроника, тарихи-ғұмырнамалық, тарихи-публицистикалық романдардың жанрлық сипатын екшеп, әдебиеттегі соны сипаттағы маңызын әдеби-теориялық талдауларымен дәлелдей көрсетеді. Қазақ тарихи романы жүйелі және тұтастықта сараланған зерттеудің тағы бір атап өтер ғылыми сипаты сол кездері өз оқырманына қайта жол тапқан М.Әуезовтің «Қилы заман» повесінің талдануы. Ғалымның «Мұхтар шыңы» (1997) кітабында мұхтартанудың маңызды мәселелері сараланып, Абай шығармашылығын, ақындық мектебін зерттеудегі шырғалаңдар кеңінен қарастырылған.

Халық мәдениет университетінің тыңдаушыларына арналған «Қазақ романы» (1975) кітапшасында Р.Бердібай ерлік пен өрлікке толы тарих қойнауындағы түркі жазуы, әл-Фараби мұрасын игеру - өткенге үңілудегі елдік сананың өсуі екенін байыптап, тарихи тақырыптағы туындылардың ұлт әдебиетінде санаулы екенін айта келіп, осы олқылықтың орынын толтырудағы Д.Досжановтың «Жібек жолы», «Отырар», І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» туындыларының маңызын баса көрсетеді. Зерттеуші І.Есенберлиннің аталған шығармасына кеңінен тоқталып, айрықша маңызын «өзге маман түгіл тарихшыларымыздың өзі де әлі күнге дейін жете зерттеп болмаған кезең - ХҮ ғасыр оқиғаларын роман-хроника түрінде тұңғыш

рет жүйелі өріп, аса көп керекті мағлұмат бере алатындығында. Қалың оқушы бұл кезге дейін ХҮ ғасырда Жәнібек пен Керей бастаған қазақ рулары Сарысу, Шу, Талас өзендерінің алқабында, Мойынқұм бойында алғаш рет қазақ хандығын құрды деген қысқа деректен өзгені біле бермейтін. «Алмас қылыш» тарих кітаптарында жазылған сараң тұжырымның тасасында қаншама хикмет жатқанын нақтылы оқиғалардың хронологиялық ізіне түсе отырып кеңінен баян етеді» [2, 34 б.] деп бағалайды.

Роман жанрын роман-хроника деп анықтай отырып, шығарманың басты идеясы «қазақ руларының бірлесуі, бір хандық шеңберінде ынтымақ құру» [2, 35 б.] екенін дәлелдей көрсетеді. Бұл ретте «Алмас қылыш» туындысын талдауда сыншылдық ой-пікірде үлкен жаңғырық тудырған білікті сыншы Зейнолла Серікқалиевтің «Тарихи шындық бұрмаланбасын» мақаласындағы талдаулардағы кейбір даулы ой-пікірлерімен («Социалистік Қазақстан».1972.16.04) полемикаға барып, романды бағалауға таптық өлшеммен келуге болмайтынына принципті тұрғыдан келіп: «Алмас қылыш» романында халықтың тарихтағы шешуші рөлі көрінген деп санаймыз. Кітапты тап қайшылығы, халықтың тарихи орны айтылмаған деген айып та теріс. Әрбір мәселеге тарихилық принциппен қарайтын болсақ, сонау ХҮ ғасыр оқиғаларынан ХХ ғасырға тән анық таптық күрес суреттерін іздеуге бола бермейтінін түсінер едік» [2, 36 б.] деген байыпты көзқарасын білдіреді.

Рахманқұл Бердібай фольклорист, түркітанушы ғалым. «Ғасырлар толғауы» (1977), «Жыршылық дәстүр» (1980), «Сарқылмас қазына» (1983), «Кәусар бұлақ» (1989) т.б. еңбектері халық қазынасын шығыстану, түркітанумен тығыз бірлікте жан-жақты талдаудағы әдеби-тарихи тұрғыдағы танымдық-тәрбиелік сипатымен құнды. Ал «Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер» (1982), «Эпос мұраты» (1997) зерттеулері эпостың тарихилығын фольклористика мен түркітанудың өзекті мәселелерімен тығыз ғылыми бірлікте ұштастырудағы ғылыми талдаулары, теориялық тұжырымдарының тереңдігімен ерекшеленеді.

Эпостың тарихилығын фольклористика мен түркітанудың өзекті мәселелерімен тығыз ғылыми бірлікте ұштастырудағы Р.Бердібай еңбектері ғылыми талдаулары, теориялық тұжырымдарының тереңдігімен ерекшеленеді. Эпос генезисі мен табиғатын типологиялық әдіспен саралаған «Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер» [3] зерттеуі қазақ эпосының жанрлық проблемалары мен олардың стадиялық даму ерекшеліктерін кешенді талдауымен маңызды. Еңбектің «Қазақ эпосының зерттелу тарихынан», «Көне эпос», «Қаһармандық эпос», «Ғашықтық эпос», «Тарихи жыр» атты бөлімдерінде эпостанудың келелі мәселелері ауқымды қарастырылған. Соның ішінде құнды мұрамыз болып табылатын, алайда зерттеушілер назарынан тыс қалған жиырмадан астам жырды талдауы, сол арқылы ғылыми айналымға енгізуі еңбектің құндылығын еселей түскен. Мысалы, Абылай, Қабанбай, Бөгембай, Жанқожа, Бекет сынды тарихи тұлғаларға арналған жырларды талдаулары соның нақты мысалы деуге болады [3, 185-225 бб.]. Осы жағынан алғанда Ә.Қоңыратбаевтың «Өз басыма көбірек ұнағаны «Көне эпос» деген бөлім. Мұнда бұрын белгісіз 22 жырдың табиғаты әңгімеленген. Соған қосып айтарымыз: еңбекте түрік-монғол эпосын (Тәсәр-хан) салыстыру бар екен. Фольклор текстісін оқу оңай, бірақ соны тарихилық негізінде талдау қиын. Автор еңбегі бұған жол сызған. Эпостық, лиро-эпостық жырларды талдағанда содан тайпа, ел тарихы көрінуі тиіс» деген бағалауы қашан да елдік қасиетпен біте қайнасқан ғалым мақсатының биік мұратын да танытады.

Қазақ фольклористері халық қазынасын нақты зерттеу нысанына алып, жүйелі қарастыру мәселесінде де ілгерлеу жолына түсті. Атап айтқанда, «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» [4, 45 б.] эпикалық мұраның туу дәуірін, оларда көрініс тапқан әлеуметтік-тарихи оқиғалардың маңызын айқындау, жүйелеуде маңызы зор

болды. «Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты» (С.Қасқабасов), «Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы» (Е.Тұрсынов) кешенді сараланған кітаптің «ХҮІІІ ғасырдағы тарихи жырлар» деп аталатын бірінші бөлімінде «Тарихи өлеңдер», «Арқалық батыр» (Б.Уахатов), «Абылай туралы жыр, аңыздар», «Өтеген батыр» (Н.С.Смирнова), «Қаракерей Қабанбай батыр» (Б.Абылқасымов), «Қанжығалы Бөгенбай батыр» (Ә.Рақымжанов), «Шакшак Жәнібек батыр», «Олжабай батыр» (Б.Адамбаев), «Арқалық батыр», ал «ХІХ-ХХ ғасыр жырлары» деген екінші бөлімде «Исатай-Махамбет» (К. Сейдаханов), «Досан батыр», «Бекет батыр», «Жанқожа батыр» (Н.Төреқұлов), «Сұраншы және Жетісудан шыққан өзге батырлар» (М. Ғұмарова), «1916 жылғы көтеріліс туралы жырлар» (М. Жармұхамедов), «Қазақтың халық музыкасындағы тарихи оқиғалардың бейнеленуі» (Б.Г. Ерзакович) талданды.

Ұжымдық еңбектің кіріспесін жазған Р.Бердібай тарихи өлең, жырды зерттеудің өзіндік міндеттері мен ерекшеліктеріне қатысты жазылған Б.Н.Путилов, В.К.Соколов, Н.А.Криничная сынды орыс ғалымдарының ғылыми пікірлерін тарата баяндап, қазақ фольклоршыларының алдында тұрған келелі мәселелерді байыптайды. Атап айтқанда, тарихи оқиға мен қиялдың, дәстүрдің, аңыз бен құжаттың арақатынасын, белгілі оқиғалар мен қаһармандар туралы тарихи сананың шығырмандығын, мұраның ішінен халықтық аңсарлар мен үміттер айқын көрінгендерін екшеу, тарихи өлеңнің ұлғая, дами келе жырға, эпосқа ұласатынын, бұларды талдағанда жанрлық талаптар мен деңгейлерді есепке алу керектігін ескертеді [4, 5 б.]. Қазақ фольклористикасының ең бір түйінді өзегін құрайтын жанрдың өзекті мәселелеріне баса назар аударған ғалым: «Тарихи өлеңдер жанры бізде бұл кезге дейін арнайы, жан-жақты зерттелмегендіктен, оның ХҮІІІ ғасырға дейінгі үлгілері есепке алына бермейді. Орхон-Енисей жазбаларында кездесетін өлеңдерден бастап, әрбір дәуірдің жаңғырығын байқататын азды-көпті өлең кездесуі ықтимал. Ал ХҮ ғасырдан бергі қазақ хандығының өмірінде болып өткен ірі оқиғалар туралы өлең молырақ сақталған» [4, 6], - дей келіп, Қазтуған, Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиенбет, Марғасқа, Ақтамберді сынды жыраулар поэзиясындағы тарихи өлеңнің нышаны мен Үмбетейдің Бөгенбай батыр өлімін естіртуі, Бұқар жыраудың Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек батырлардың ерлігін мадақтаған толғаулары тарихи өлең жанрының сипатын байқататынын зерделейді. Сонымен қатар Исатай-Махамбет, Бекет, Өтеген, Сұраншы батыр туралы жырлар ғана жиірек сөз болып келгенін ал: «Тарихи дәуірде өмір кешкен, қазақ халқының жоңғарлармен күресінің қатысушылары болған Бөгенбай, Қабанбай, Олжабайлар тарихи эпос қаһармандар реніде жүйелі зерттелген емес. Осылардың қай-қайсысының да тарихи істерін, ауыз әдебиетіндегі, аңыздағы, шежіредегі бейнесін салыстырып, шындығы мен қайшылығын аша түсу, анық халықтық бағалар мен түрлі қосынды пікірлердің ара жігін ажырату талабы тұңғыш рет қолға алынып отыр» [4, 7-8 бб.], - деп, тұтас бір жанрды алғаш рет жүйелі қамтығын еңбектің ұлттық фольклористикадағы соны сипатын көрсетеді.

Ғалымның «Эпос - ел қазынасы» (1995) зерттеуі Махмұд Қашғари атындағы халықаралық сыйлықпен, «Байқалдан Балқанға дейін» (1996) еңбегі «Түрік дүниесіне қызмет» (1998) халықаралық сыйлығымен марапатталды.

Рахманқұл Бердібай Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасы шығармашылығын зерттеуге үлес қосқан ғалым. Әдебиетші 1960-1983 жылдардың өзінде-ақ ақан шығармашылығын барынша объективті бағалай білді. Мәселен, Шығыс елдерінің терең тамырлы дәстүрлі әдеби байланыстары өзек етіп алынған «Гүлстанның бұлбұлдары» (1970) кітабына енген «Әбдірахман Жәми» зерттеу мақаласында Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанына тоқтала келіп: «Қазақ топырағында «Ләйлі-

Мәжнүннің» неғұрлым таныс нұсқалары – Низами дастаны негізінде жасалған бертіндегі аударма мен бұрынырақта Шәкәрім Құдайбердиев жазған дастан. Халық арасында кең тарап, ұрпақтан-ұрпаққа мәлімденіп кеткендігі соншалық – «Ләйлі-Мәжнүнді» қазақтың төл туындыларынан бөлектеп әкету қиын» деген байыпты пікір түйді. Ал 1983 жылы Мәскеуде өткен Кеңес түркітанушылар комитетінің ІХ пленарлық отырысында «Қазақ әдебиеттануының мәселелері» атты тақырыпта жасаған баяндамасы айрықша назар аудартады. Ұлттық әдебиеттанудың түйінді де өзекті ғылыми мәселелеріне кеңінен тоқталған білікті әдебиетші қазақ әдебиеті тарихының айтулы тұлғаларын зерттеудегі «ақтаңдақтарға» үніліп, басты кемшілікті батыл көтерді. Әсіресе, 1988 жылы толық ақталған Шәкәрім Құдайбердиев мұрасының маңызы туралы 1983 жылы Мәскеуде пікір білдіруі, оған Одақ ғалымдарының назарын аудартуын Р.Бердібайдың ғылыми ерлігі деп бағалаймыз. Бұған «Несмотря на активное изучение истории казахской литературы ХУ-ХХ веков, творчество многих известных в прошлом акынов и жырау еще ждет своих исследователей. Так, поэт Шакарим Кудайбердиев, брат Абая Кунанбаева, глубоко освоивший литературные традиции Запада и Востока, написал несколько прекрасных поэм, множество лирических стихотворений, создал поэтическое переложение повести А.Пушкина «Дубровский» на казахском языке, был даровитым композитором, историком. Но его творчество еще во многом остается неисследованным» [5, 39-43 бб.] деген пікірі нақты дәлел болып табылады. Алаш арыстары мұрасын «ХХ ғасырдың басындағы халқымыздың ақыл-ой шамшырақтары» деп бағалаған ғалымның Ш.Құдайбердіұлы шығармашылығына арналған «Шежірелі Шыңғыстау (Шәкәрімнің тойынан соң)» («Лениншіл жас».1988.23.08), «Елеулі рухани олжа» («Қазақстан мұғалімі».1988.12.08) өзге де мақалаларын жазды.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының сан ғасырлық рухани мұрасын кешенді қарастыруда іргелі филологиялық зерттеулер жүргізген Рахманқұл Бердібай отандық ғылымға орасан зор үлесін қосты. Елшілдік ұстанымдағы ғылыми табандылығымен танылған әдебиетші тоталитаризм қысымын өткере жүріп, ұлттық әдебиеттану мен фольклористика, шығыстану мен түркітанудағы ғылыми ізденістерімен қазақ халқын кеңестік ұлтсыздандыру саясатынан қорғап қалуда адал қызмет атқарды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Бердібаев Р. Роман және заман. – Алматы: Жазушы, 1967. – 580 б.
- 2 Бердібаев Р. Қазақ романы. – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1975. - 48 б.
- 3 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер. – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.
- 4 Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 312 б.
- 5 Бердибаев Р. Проблемы казахского литературоведения // Советская тюркология. – 1983. – №4. С. – 39-43.

#### Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы вклада, внесенного в казахское литературоведение известного ученого-литератора Рахманкула Бердибай и развития казахской и литературы.

#### Resume

This article discusses the problem of the contribution made in the Kazakh literary famous scientist-writer Rakhmankul Berdibay and the development of Kazakh and literature.

УДК 811.512.101

## ҚАЗАҚ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ АЛАШ КЕЗЕҢІ

**Қ. КЕМЕҢГЕР**

филология ғылымдарының кандидаты,  
қазақ әдебиеті кафедрасының доценті  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

### **Аннотация**

Мақалада Алаш қалам қайраткерлері еңбектеріндегі түркологиялық ізденістер сараланады. Қазақ ұлттық түркітану ғылымының бастауында Алаш оқымыстылары тұрғандығы көрсетіледі. Олардың еңбектеріндегі ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында ағартушылық идеяны оятқан тарихи оқиғаларға талдау жасалады. Осы бағытта түркі халықтарының тағдыры баяндалады.

*Түйін сөздер:* Алаш ағартушылары, қазақ түркітануының тарихы, ұлттық түркітану мектебі, ғылыми еңбектер, түркі халықтары.

Кеңестік заманда саяси қуғын-сүргінге ұшыраған алаш оқығандарының еңбектері Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана жан-жақты зерделене бастады. Ол ізденістер, көбінесе, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар аясында жүргізілді. Белгілі бір есімнің жеке ғылымның негізінде тұрғанын, дамуына қосқан үлесін көрсететін зерттеулер жарияланды. Алайда әлі де тұтас үлкен ғылымдардың бастауында саналуға тиіс есімдер лайықты аталып, еңбектері орынды пайымдалмады. Соның ішінде отандық түркітану ғылымының негізінде тұрған тұлғалар да өз дәрежесінде бағаланбады.

Қазақтың орысша білім алған тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтан кейін шығыстану ғылымының, соның ішінде түркітанудың қазақ жерінде негізін қалаған алаш оқығандары болды. Алаш қалам қайраткерлері мақалаларында, ғылыми-зерттеу еңбектерінде түркі халықтары және олар мекен ететін аймақтар, қалалар, мемлекеттер жайлы құнды мәліметтер ұсынды. Түркі халықтарының тарихынан, этнографиясынан, рухани мәдениетінен, әлеуметтік-экономикалық тұрмысынан қызық деректер келтірді. Ағартушылық идеяны жоғары ұстанған алаш оқығандары осылайша өзге жұрттардың тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мәдени өмірін зерттегенде алдымен туған халқының мүддесін ойлады. Бұл ізденіс нәтижесінен қазақ халқы сабақ алсын, өзінің болашақ даму жолына пайда көрсін деп есептеді.

Отандық түркітану ғылымының тарихында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төрекұлұлы, М. Тынышбайұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Шоқайұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанұлы, С. Садуақасұлы т.б. алаш оқымыстыларының есімдері аталуға тиісті деп санаймыз.

Түркологиялық зерттеулермен алаш оқығандары не үшін шұғылданды? Сол зерттеулерден нендей нәтиже күтті? Зерттеулерге мақсатты барды ма? деген сауалдарға тоқталсақ.

Түркітануды тілтанымдық, немесе, филологиялық ғылым деп түсінудің жаңсақ екендігін қазіргі зерттеулер көрсетеді. Осындай көзқарас Патшалық Ресей заманында, Кеңес дәуірінде ғылыми ортада үстемдік етті. Ал алаш оқымыстыларының зерттеулерінде бұл көзқарас аңғарылмайды. Түркологиялық зерттеулермен ерікті түрде шұғылданған олардың еңбектерінде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы, фольклоры, мекен ететін аймағы, саяси-әлеуметтік жағдайы, экономикалық-шаруашылық тұрмысы, болашақ тағдыры жан-жақты қарастырылды. Сондай-ақ, алаш зиялыларының еңбектерінде түркі қауымынан шыққан батырлар мен билер, қоғам және мемлекет қайраткерлері, ғалымдар мен оқымыстылар, өз ұлттарының тағдыры үшін күрес жолына барған азаматтар туралы да біршама мағлұмат бар. Осылайша, біз қазіргі дәуірде кешенділік сипатқа ие болған әлемдік түркітану ғылымының болашақ даму бағытын ғасыр бұрын алаш қалам қайраткерлері аңғарғандығын байқаймыз.

Ұлт-азаттық Алаш қозғалысының саяси көсемі, көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхан (1866-1937) еңбектерінде қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге, туысқан түркі халықтарының да тарихына қатысты құнды мәліметтер мол кездеседі. Қазақтың тұңғыш кәсіби журналистерінің бірі болып саналатын қайраткер еңбектерінде 80-нен аса газет-журналдардың атауы көрсетіледі. Яғни, Ә.Бөкейхан осынша басылымдарды оқыған, олардың бәрін зерттеу жұмыстары мен мақалалары үшін пайдаланған деп айта аламыз. Ол газет-журналдардың ішінде Қазан, Уфа, Ташкент т.б. туысқан түркі халықтарының ірі орталықтарында жарияланған басылымдар да бар.

Түркі халықтары ішінен Ә. Бөкейхан: Анадолы түріктері, әзірбайжандар, татарлар, башқұрттар, қырғыздар, өзбектер, хакастар туралы мәліметтер жазып қалдырды. Мысалы танымдық «Хакас» атты материалда мынадай дерек келтіреді: «Хакасы являются тюрками. Они проживают вдоль рек Уйыс, Шолым, Абакан, являющихся притоками Оби и Енисея. В Енисейской губернии, в Минусинском уезде, всего в семи волостях сейчас их около 50 тысяч. Отличие в наших языках заключается в том, что в нашем языке есть слова арабского и персидского происхождения, тогда как у них присутствуют слова из монгольского языка» («Темірқазық» журналы, 1923 ж. № 2-3.) [1, 452-453 б.]. Осылайша, Ә.Бөкейхан хакастардың тұрмыс-тіршілігі, өмір салты, шаруашылық кәсібі, мәдени-ағарту өмірі жайында танымдық ақпарат ұсынады. Хакас жерінен Катанов есімді ғалымның шыққанын, тіпті оның Сағай руынан екендігін жазады.

Отандық түркітану ғылымының бастауында ұлт ұстазы, алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының (1872-1937) есімі құрметпен аталады. Ол ұлттық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың, соның ішінде тіл білімі, әдебиеттану, түркітану салаларының негізін қалап, болашақ қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлкен үлес қосты. Ғылыми-әдістемелік еңбектерімен қалың қазақ арасында оқу-ағарту жұмыстарын жүргізіп, шәкірт тәрбиелеген А. Байтұрсынұлы ұзақ уақыт бойы тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбаны болып келді. Түркітанушы ғалым Т. Қордабаев алаш көсемі жөнінде былай деп пікір білдіреді: «А. Байтұрсынұвтың ғасырымыздың бас кезінің өзінде-ақ әйгілі түрколог ретінде таныла бастағаны, академик Самойловтің оны профессор деп атағаны мәлім. Басқа түркі республикаларының көпшілігінде жергілікті халық тілін зерттеушілер орыс түркологтары болғаны, қазір де солар басшылық ететіні белгілі. Ал үстіміздегі ғасырдың басынан бастап, қазақ тілін зерттеуге орыс түркологтарының бірде-бірі

араласқан жоқ. Араласпау себебі, олардан аспаса, кем түспейтін А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов сияқты ұлт кадрлары болды. Бұл – мақтанғандық емес, ақиқат шындық. Өз кезінде түркі республикаларында А. Байтұрсыновпен бой теңестіретін филолог саусақпен санарлықтай ғана болатын» [2, 6 б.].

Қазақ тіл білімі тарихында жазылған тұңғыш іргелі ғылыми еңбек саналатын А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты кітапшасы Орынбор қаласынан 1914 жылы жарық көрді. Еңбектің «Сөз басы» деп аталатын кіріспе бөлімінде қазақ тілінің ерекшелігі және оның түркі тілдерінің құрамдас бір бөлшегі екендігі айтылады: «Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы. Дүниедағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл... Біздің қазақ тілі – түркі тілдің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы» [3, 31 б.].

А. Байтұрсынұлы, сонымен қатар, ұлттық әдебиеттану ғылымының да негізін қалады. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуінде қазақ әдебиетінің тарихы үлкен екі кезеңге бөлініп қарастырылды: 1) Діндар дәуір; 2) Сындрар дәуір [4, 15 б.]. Ұлттық әдебиетіміздің эволюциялық даму жолын, көркемдік-жанрлық ерекшелігін, танымдық-эстетикалық белгісін толық сипаттап аша алмаса да, бұлайша екіге бөліп қарастырудың өзін біз осы салада жасалған алғашқы тәжірибе, болашақ ізденістерге бағыт-бағдар деп бағалаймыз.

Қазақ әдебиетінің тарихы, оны дәуірлерге бөлу туралы жалпылама пікір ХІХ ғасырда жасаған орыс оқымыстыларының еңбектерінде, сондай-ақ Ш.Уәлиханов туындыларында кездесті. Ал қазақ тілінде мұндай алғашқы ізденіс алаш дәуірінде жүргізілді. Қазақ әдебиетін кезеңдерге бөлуге талпыныс жасаған алғашқы ғылыми көзқарас «Қазақ» газетінде жарық көрген Райымжан Мәрсековтың (1879 – өлген жылы белгісіз) «Қазақ әдебиеті жайынан» атты мақаласында ұшырасты [5, 19 б.]. Бұл еңбекті таза ғылыми зерттеу деп танымасақ та, қазақ әдебиеттануында әдебиет тарихын дәуірлерге бөлуге арналған тұңғыш мақала деп білеміз.

Қазақ әдебиеттануы ғылым ретінде қалыптаспаған, ұлттық баспасөз үлгілері енді ғана шыға бастаған кезеңде жазылған алаш оқымыстысы Р.Мәрсековтың көрсетілген мақаласында ұлт әдебиеті мынадай үш кезеңге бөлініп қарастырылады. Оның алғашқысы – ескі замандағы қазақ ішіне жазу тарамаған уақыттағы әдебиет, екіншісі – жазу тараған дәуірдегі мұра, үшіншісі – Абайдан кейінгі кезеңдегі әдебиет. Әдебиет тарихын дәуірлеуге қатысты жасалған алғашқы тәжірибе кейінгі уақытта көркемдік-жанрлық тұрғыдан толысқан әдебиетке де, салалана түскен әдебиеттану ғылымына да өз ықпалын тигізді.

Қазақ халқының тарихын ортақ түркілік дәуірден бастап зерттеу керектігін, оны дәуірлерге бөлгенде түркі халықтарына тән кезеңдерді атап отырып зерттеген үлкен оқымысты, мемлекет және қоғам қайраткері – Мұхаметжан Тынышбаев (1879-1937). Ғалымның төменде аталған еңбектерінде қазақ халқының және бірқатар түркі халықтарының ортақ түркі дәуіріне байланысты кезеңінен деректер ұсынылады: «Отзыв о труде А.П. Чулошникова по истории киргиз-казакского народа», «Материалы к истории киргиз-казакского народа», «Киргиз-казаки в 17 и 18 веках» (дополнение к «Материалам к истории киргиз-казакского народа»), «Историческая справка и племенной состав коренного населения Ташкентского уезда», «Следы древних городов, крепостей, курганов в Сыр-Дарьинской и Джетысуйской губерниях», «Краснореченские развалины и город Баласагын», «О местонахождении древнего города Илан-Балыка (Или-Балыка)», «Коксуйские развалины и город Кайлак (Койлык)», «Газовая война у монголов в 13 веке» [6, 48 б.].

Алаш дәуірі қалам қайраткерлері ішінде өз еңбектерінде түркітану мәселелерімен айналысқан ғалым, ағартушы – Халел Досмұхамбетұлы (1883-1939). Санкт-Петербург Әскери-медициналық академиясын бітірген қайраткердің



түркологиялық бағыттағы зерттеулеріне алдымен «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты кітапшасы мен «Диуани лұғат ит-түрік» деген мақаласын көрсетеміз. Х.Досмұхамбетұлы мұрасын тиянақты жинап, зерттеп жүрген тілші-ғалым Ғ.Әнестің көрсетуі бойынша, аталған еңбектерден басқа бірқатар шығармаларды да анықтауға тиістіміз: «Оның сыртында әлі қолымызға түспеген мұралары мен «Түркі тілдері туралы» сынды авторлығы толық анықталмаған мақала әліпби ауыстыру мен термин (пән) аталарын қалыптастыру хақындағы талас-тартыстарда айтылған пікірлерін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Мамандығы дәрігер-ғалым, ең алдымен қазақ (түркі) тілінің құрылымы мен жүйесін, оның фонетикасы мен грамматикасын терең меңгеруімен таңғалдырады» [7, 716 б.].

Ғалым, сонымен қатар, өз еңбектерінде қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, карақалпақ, татар, түрік және басқа да түркі халықтарының тарихына, ауыз әдебиетіне, тіліне қатысты маңызды ой-пікірлер қалдырды. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрік» атты ұлы еңбегі туралы қазақ тілінде тұңғыш зерттеу жазды. Әйгілі сөздіктің Стамбулдан шыққан нұсқасы туралы маңызды дерек келтірді [8, 155-163 б.].

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, баспагер, әдебиет сыншысы, лингвист, аудармашы Нәзір Төреқұлұлы (1892-1937) қазақ, өзбек, тәжік, орыс тілдерінде жарияланған мақалаларында қазақпен бірге, түркі халықтарының да тарихы туралы құнды мәліметтер қалдырды. Мысалы орыс тілінде жарияланған төменде көрсетілген еңбектерінде Қазақстан және Орта Азия аймағын мекен ететін халықтардың тарихы жайында қызықты деректер ұсынады: «Кокандская автономия», «Туркестанская автономная республика», «Отзыв на книгу В. Бартолда «История Туркестана», «К вопросу об антирелигиозной пропаганде на Востоке», «Словарь хорезмшахи», «К вопросу о латинизации тюркских алфавитов», «К вопросу о латинском алфавите среди тюрков СССР», «Список народностей СССР», «Выступление Н. Тюрякулова на Первом Всесоюзном тюркологическом съезде», «Доклад Н.Тюрякулова на Первом пленуме Всесоюзного центрального комитета нового тюркского алфавита, заседавшего в Баку» (3-7 июня 1927 г.) [9, 69 б.].

Академик, шығыстанушы ғалым В.В.Бартольдтың «Түркістан тарихы» атты кітабы туралы Н. Төреқұлұлы мынадай сын жазады: «Небольшая книга В.В. Бартольда представляет собой конспект лекций по истории Туркестана, читаемых им на историко-филологическом факультете Туркестанского Университета в 1920-1921 гг.... позволяет читателю, умеющему самому делать выводы, разгадывать многое в настоящем... Другой пробел, на наш взгляд, заключается в том, что академик В.В.Бартольд мало остановился на XV–XIX вв. истории Туркестана. Между тем это полоса (развитие Кокандского ханства) особенно была бы интересна для читателей: она дала бы ему некоторый ключ к пониманию межнациональных отношений в Туркестане, их развитию при свете истории» [9, 39 б.]. Әрі ғалым, әрі мемлекет қайраткері болған Н.Төреқұлұлы жеке аймақтың тарихын жіті зерттеу қажеттілігін жақсы түсінді. Себебі тарихты терең танығаннан кейін ғана адамдар арасында бүгінгі күн қарым-қатынасын, әсіресе түрлі ұлттар арасындағы қилы байланыстарды салықалы жүргізуге болады деп білді.

